

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘӨЖ 81.373. 2

Қолжазба құқығында

Ә.К. Сүлейменова

**ЖЕРГІЛІКТІ АҚЫНДАР ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК
(И.БАЙЗАҚОВ, С.ТОРАЙҒЫРОВ, М.ӘЛІМБАЕВ
ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

6М020500 – Филология мамандығы бойынша
филология магистрі академиялық дәрежесіні ізденуге
магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2013

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Инновациялық Еуразия университеті**

Қорғауға жіберілді:

«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты,
доцент _____ Ғ.Қ. Резуанова

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік жұмыс

**ЖЕРГІЛІКТІ АҚЫНДАР ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК
(И.БАЙЗАҚОВ, С.ТОРАЙҒЫРОВ, М.ӘЛІМБАЕВ
ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант _____ Ә.К. Сүлейменова

Ғылыми жетекші,
филология ғылымдарының кандидаты _____ Ә.Қ. Жетпісбай

ПАВЛОДАР – 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1 Әлемнің тілдік бейнесін ұғынудың ғылыми-теориялық негіздері	
1.1 Көркем шығармадағы онимдердің зерттелуі.....	10
1.2 Тіл білімінің антропоэзектік парадигмасының мәні.....	16
1.3 Қазақ антропонимдерінің ұғым-түсінігі.....	32
2 Жергілікті ақындар тіліндегі ономастикалық жүйе	
2.1 Антропонимиялық аталымдардың мағыналық топтары.....	48
2.2 И.Байзақов поэмаларының ономастикалық аясы.....	57
2.3. М.Әлімбаев шығармаларындағы онимдердің қолданысы.....	65
2.4 С.Торайғыров шығармаларының ономастикалық бірліктері.....	75
ҚОРЫТЫНДЫ.....	85
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	88

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ЖЕ – жалқы есімдер

КМ – көркем мәтін

Н – номинация

ОК – ономастикалық компонент

КІРІСПЕ

Тіл мен ойлаудың, сондай-ақ әр түрлі жанрдағы фольклорлық және әдеби шығармалар негізінде туған қазіргі заманның тұтас бейнесін және оның өмір сүру қасиеттерін бейнелейтін сан қырлы әлем бейнелерінің арақатынас мәселелері соңғы уақытта лингвистикалық зерттеулер нысанына айналды, себебі қоғамдық-тарихи жағдайлар мен түрлі ұлттық мәдениеттерде әдеби-көркем мәтіндер әлем бейнесінің түрлі көріністерін береді.

Кез келген көркем мәтін (поэзия, проза да) когнитивтік негізі бар әлемнің ұлттық бейнесінің бір бөлігі болып табылады да, оны өзіндік ерекшелігімен бейнелейді. Әлем бейнесі - адам мен оның болмыс ерекшелігін айғақтайтын әлем туралы білім жиынтығын, адам мен әлемнің өзара әрекетін, оның тіршілік етуінің маңызды жағдайларын білдіретін күрделі ұғым.

Әлемнің бейнесі сан қырлы, себебі әрқашан әлемді ұғынудың басқа да жанрлық (детерменизмдік), әлеуметтік, ұлттық және тарихи негізі бар әлемді елестету мен түсінудің белгілі бір логикаға сәйкес мағыналық құрылымы болады. Әр дәуірде әлемнің бейнесі түрлі өнер туындыларынан көрініс табады. Көркем мәтіндер әр дәуірді толық елестетуге мүмкіндік беріп, маңызды әлеуметтік оқиғалар күйзелістерінің мәнін ашуға, әр дәуірдегі өнердің көркем ойларының белгілі бір бейнесін ашады. (Т.С. Жанұзақов, Ә. Қайдар, З.К. Ахметжанова, Г.А. Брутян, Г.Д. Гачева, А.В. Головачева, Н.В. Дмитрюк, С.Е. Исабекова, Г.В. Колшанский, Е.С. Кубрякова, В.И. Поставалова, З.К. Сабитова, В.А. Серебренникова, Э.Д. Сулейменова, В.И. Телия, В.Н. Топорова, А.А. Уфимцева және т.б.)

Көркем мәтін тілі әлем туралы ақпарат береді және оның көркем модулі болып табылады. Сонда, көркем шығарма тілін игеру эстетикалық қатынаспен қоса әлемнің нағыз жалпы келбетін дәл береді.

Диссертацияның өзектілігі – лингвистикалық зерттеулердің лингвомәдени парадигма, белгілі бір тіл мен жалқы есім және мәдениеттің ара қатынасында ономастикалық жүйені зерттеудің ерекше орын алатын аясында орындалғаны. Онимдер пәнаралық сипаттарына байланысты мәдениет таратушы таңбалар болып табылады. Кез келген тілдің ономастикалық жүйесіне талдау жасау арқылы нақты бір ұлттық не аймақ халықтарының ділін, адамдардың психологиясы мен мінез-құлықтарын тануға болады.

Ономастика табиғаты күрделі, олар әр дәуірдің мәдени және әлеуметтік контекстіне тәуелді, сондықтан зерттеуге негіз болып отырған лингвистикалық бірліктер тек қана таза лингвистикалық емес, когнитивті лингвистиканың да зерттеу нысаны болып табылады. Атаулар, есімдер түрлі факторлардың, соның ішінде экстралингвистикалық ықпалдың әсерінен туындап, халық мәдениеті жайында ақпарат береді. Біздің атап көрсеткеніміздей, әлемді қабылдау - көптеген факторлармен байланысты ерекше қызығушылық танытатын дүние. Ал түркі тілдес халықтар

ономастикасын меңгеру - тарихи–мәдени, әлеуметтік факторлар әсерінен түбегейлі өзгеріске түспей, әсіресе, адамға ат қою рәсімінің көне дәстүрін сақтауымен көрініс тапқан.

Антропонимиялық лексика ерекшеліктерін ескере отырып, олардың толықтай халық пен оның социумының пайда болуы мен мәдени дәстүрлерімен сусындауына байланысты ұсынылған факторларға сай диссертация тақырыбын таңдау лексиканы зерттеуде жаңа бағыттарды іздеу қажеттілігінен туындады.

Диссертациялық жұмыс қазақ мәдениетінің аталым бірліктерінің (ономастикасының) лингвокогнитивтік аспектілерін зерттеуге арналған.

Аталымдарды белгілі бір мәдениет контекстінде зерттеу нысаны ету қазіргі лингвистика ілімінде ғылыми ұғымның қалыптасқан даму тенденцияларына, көбінесе тіл құбылыстарын когнитивті және мәдениеттану бағыттары бойынша меңгеруге сәйкес болып келеді.

Қазіргі уақытта лингвистикада тіл, мәдениет және таным ара қатынасы мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Мәдениеттің өзіндік бейнесі мен мазмұны ұлттық салт-сана мен дәстүрлердің ұзақ уақыт бойы қалыптасқан ерекшеліктерімен анықталады. Соңғы кезде гуманитарлық білімдердің әр түрлі саласы өкілдерінің қызығушылығы тілдік сананың ұлттық–мәдени бағыттарын зерттеуге арналған. Этникалық тіл санасының өзіндік бояулары ат қою үрдісінде ашық және қабаттаса айқындалады. Бұл жұмыс жалпы қазіргі лингвистикалық зерттеулер мен гуманитарлық ғылымдарда өзін нақты түрде айқындайтын антропоэлектік бағыт аясында орындалған және сан қырлы мәдени–детерминацияланған сананың үрдісі ретінде атауларды ұғынуға бағытталған.

Қазақ ономастикасындағы ерекше назар аударалық жай, адам есімдерінде, «ер» және «әйел» ұғымдарының ара қатысын, оларды нақты түрде шектеу қасиеті тәндігі. Қазақтың ер адамға қойылатын есімдері жоғары әлеуметтік мәртебені, күштілік, байлық ұғымдарымен байланысты, қазақ даласында ең жауапты міндет ер адамға түскен кезде аса қажетті әскери символика, ел қорғау, елге тірек мағыналары есімдер бойында сақталған: Ақылбай, Құнанбай, Дәрмен, Ербол, Әділ т.б. Әйел есімдері «ішкі» семантикалық аяға, талғам мен айтарлықтай сезімдерге толы, олар сұлулықпен, әдемілікпен және нәзіктікпен байланысты: Назым, Нұрғаным, Қарашаш, Айгерім, Керімбала және т.б.

Жалқы есім тек біреуді «тану» үшін ғана қолданылмай, өз бойына түрлі қосымша коннотаттармен берілетіндігі белгілі. Есімдерден адамның әлеуметтік мәртебесін, қоғамның белгілі бір қауымына тән екендігі мен шығу тегін, әлеуметтік және әкімшілік құрылымында алатын орнын байқауға болады.

Жалқы есімдерді мәдени концептілер ретінде ұғыну лингвистикалық зерттеудің аса перспективті бағыты, оның нәтижесі лингвистикалық ғылымдардың басқа бағыттарының негізі мен түсіну күштерін арттыруға, сондай-ақ қазақ мәдениетінде әлем лингвистикасы нәтижелерін қолдану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі келесі айғақтардан тұрады:

- 1) мәдениеттер ара қатысының диалогтік принципі;
- 2) лингвистикалық тіл бірліктерінің табиғи мәнін айқындауға ықпалы;
- 3) лингвомәдениеттану тұрғысынан мәдени контекстерді есепке алу мен мәдениет, лингвистикалық және әлеуметтік факторларды жинақтау.

Диссертацияда мазмұндалған материалға сәйкес **мақсат** қойылған. Ол жергілікті ақындар шығармаларының аталымдар стратегиясына әсер ететін мәдени, тілдік факторларын анықтау.

Зерттеудің негізгі мақсаты келесі **міндеттерді** шешуге мүмкіндік береді: аталым таңбаларының басқа тіл бірліктері арасындағы орнын, моно-және мәдениаралық коммуникацияда қызмет ету аясын анықтауға;

- әдеби шығармаларда кездесетін кейіпкерлер аталымдарының ұлттық ерекшеліктерін анықтауға;

- жалпы номинация теориясы шеңберінде айқындалған номинацияның функционалды-синтаксистік түрлеріне талдау жасауға;

- жақ номинациясының мәтін тұтастығы мен байланысын құрастыру құралы екендігін фольклор мәтіні мысалында дәлелдеп көрсету;

- номинация маркерлерінің бағалауыштық мәнін қалыптастыру;

- басқа тіл құралдары (қазақ номинацияларын орыс тіліне аударуда) арқылы ұлттық және трансұлттық номинацияларды жеткізу тәсілдерін сипаттау;

- автордың мәтіндегі «кейіпкер» мағыналық категориясын берудегі тұлғалардың барлық сан қырлы аталымдарына кешенді талдау жүргізу.

Зерттеу нысаны - жергілікті ақындар И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев шығармалары.

Зерттеу пәні жергілікті ақындар шығармаларының оним, антропонимдерінің құрылымы мен семантикасында баяндалған лингвомәдени сипаттамалар.

Зерттеу материалы. Шығарма кейіпкерлерінің номинация үрдісінде лингвомәдени ерекшеліктерді айқындау міндеттерін қою лингвомәдени ұстанымдары мен эксплицитті түрде стратегиялық жолдары бар мәтін материалын қолдануды талап етті. Осыған байланысты И.Байзақов, С.Торайғыров және М.Әлімбаевтың шығармаларына сүйену толық ақиқат. Көрнекі материал ақындар поэзиясынан, өлеңдері және поэмаларынан сараптау әдісімен алынған.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Игеру материалының көлемі мен сипаттамасына сәйкес *лингвистикалық, лингвомәдени және әлеуметтік-лингвистикалық* әдістер мен тәсілдер кешені пайдаланылды. Зерттеудің негізгі әдісіне *негізгі материалды меңгеру, жалпылау, интерпретация мен топтастыру тәсілдері* енетін *сипаттау* әдісі алынды.

Қазақ антропонимиканың түрлі даму кезеңдерінде антропонимдік бірліктердің қызметіне салыстырмалы талдау, сонымен қатар қазақ және басқа да түркі тілдері антропонимиялық лексикасына типологиялық сипаттама жасауда *салғастырмалы әдіс* қолданылды.

Әр түрлі уақыт кезеңдерінде антропонимика құрамы мен

құрылымдарының өзгерісін анықтау, антропонимиялық лексикаға генетикалық меншіктікті айқындау барысында *салыстырмалы-тарихи әдіс* қолданылды.

Қазақ антропонимиясының қолдану аясын толық көрсету үшін, оның статикасы мен өзгеру құбылыстарын бақылау мақсатымен антропонимиялық жүйенің объективті түрде қалыптасқан даму заңдылықтарын айқындау барысында *статистикалық әдіс* қолданылды.

Ұлттық мәдениетті антропонимиялық бірліктер бойынан көрсету кезінде құрылымдық лингвистика әдістерінен басқа *герменевтика және семиотикалық тәсілдер, фреймдік талдау* қолданылды.

Есімдер бойынан көрініс тапқан ат қоюшының дүниетанымдылығын анықтау барысында *психолингвистикалық әдістің* жекелеген тәсілдері қолданылды.

Көркем шығармадағы баланың сөйлеу мәдениетін анықтау мақсатында жұмыста алғаш рет синэргетика термині қолданылып, бала санасына әсер етуші энергетикалық қуаты бар сөздер анықталды.

Материалды меңгеру антропонимияның құрамы мен құрылымының өзгеруін сипаттау кезінде диахронды талдаумен толықтырылып, синхронды талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Лингвомәдени аспектіде ұлттық антропонимиканы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау болып табылады. Жұмыста жергілікті ақындар тілінің ономастикасы ұлттық тұлға позициясында лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени және тарихи фактілерді қатыстыру арқылы қарастырылды. Диссертациялық жұмыста И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев антропонимиясының шығармаларындағы ономастикалық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің айырым жігі айқындалып, ұлттық антропонимдік лексиканың тілдік семантикалық сипаттамасы және оның мәдени мәртебесі және антропонимиялық лексиканың пайда болуы мен оның дамуын ұйымдастыру тәсілдері көрсетілді. Тіліміздегі салғастырмалы аспектіде антропонимиялық және жалпы лексиканың семантикалық әлеуеті, антропонимдердің тура және окказионалды қызметінің ерекшеліктері қарастырылды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы. Лингвистика ғылымында лингвомәдениеттанудың негізгі концепциялары В. Гумбольдт, А.А. Потебня, Э. Сепир, Б.Л. Уорф, Ф.Ф. Фортунатов, А.А. Шахматов, Н.И. Кареев, В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, А.Д. Арутюнова, Толстой, В.А. Маслова және т.б. еңбектерінде қаланған.

Түркі антропонимиясын оқытуға сүбелі үлестерін В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Н.А. Аристов, Н.И. Березин, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, В.А.Никонов, Г.Р. Алиев, Н.А. Баскаков, Г.Ф. Благова, В.У. Махпиров, І.К. Кеңесбаев, А.В. Суперанская, Г.Ф. Саттаров, Т.Ж. Жанұзақов, Ж. Жапаров, Т.К. Кусимова және т.б. еңбектерінен көруге болады.

Қазіргі лингвист-ономастарды көбіне ономастикада, антропонимика, лексика және халық мәдениетінің өзара қатынасының сұрақтары жиі

толғандырады. Осыған байланысты XX ғасырдың соңында антропонимдерді мәдениет контексінде зерттелген жұмыстар көптеп жазылды. Жаңа зерттеулердің теориялық негіздері В.А. Никонов, А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Л.А. Введенская, В.И. Супрун, Э.М. Мурзаев, М.Э. Рут, С.Н. Смольников және Ж.Манкеева, С.Иманбердиева т.б. еңбектерінде қаланды. Әлемнің тілдік бейнесінің ерекшелігіне түсініктеме мен айқындау Т.В. Топорова, Г.Ф. Саттарова, В.У. Махпиров, Н.И. Толстой, Е.И. Убрятова, С.М. Толстой, М.В. Горбаневский, Ю.А. Карпенко, И.Э. Ратникова, Ю.А. Рылов, Д.И. Ермолович, Г.И. Кульдеева, И.М. Ганжина, И.А. Королев және т.б. еңбектерінен көруге болады.

Аталған мәселе соңғы уақытта отандық және шетел лингвистикасында басты назарда болса да, осы уақытқа дейін лингвомәдениеттану аясында орындалған жұмыстар аса қажет. Түркі-қазақ антропонимикасына қатысты бұрын жарияланған жұмыстар дәстүрлі-сипаттамалық лингвистика шеңберінде орындалғаны аян.

Қорғауға мынадай тұжырымдар ұсынылды:

1. Тіл – адамның әлемді тану нәтижесі ретінде, тұтас ұлт пен жеке тұлғаның тарихи–мәдени мұрасына негізделіп, ономастикалық бірліктер табиғатының мәнін ашуға ықпал етеді. Қазақ тілінің ономастикалық жүйесінің қалыптасуы мен әрі қарай дамуы жеке ұлт ретінде қазақтардың тарихи эволюциясына, көне түркілердің мәдени дәстүрлеріне тікелей байланысты. Жалқы есімдер бойынан көне түркілердің ат қою рәсімінде орныққан көне ғарыштық, культтік танымдар жүйесін көрсету;

2. Номинативтік белгілер сөйлеуді бейнелейді және лингвомәдени код бірліктері болып табылады. Олардың көмегімен берілетін мағынаға типтік әлеуметтік қатынас қалыптасады. Номинативтік таңбаның ішкі формасының ара қатысы мағынаның ажырамас белгілерін құрайтын номинация редукциясының шегіне және міндетті элементтеріне тікелей тәуелді болып келеді. Номинациялық таңбалардың - жалқы есімдердің шығуы мен қызметі үшін мағынаның барлық маңызды элементтерінің болуы;

3. Ономастикалық белгінің ішкі және фондық білім семантикасының тұлғасы анықталды. Ономастикалық компоненттің болуы прецеденттілік тудыру үшін жеткілікті екендігі;

4. М.Әлімбаев шығармаларындағы бала кейіпкерлеріне лақап есімдердің берілуінде ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесі, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттық менталдық танымның ерекшелігі анықталды;

5. И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев тілінде көрініс табатын ономастикалық атауларды анықтап жүйелеу, инвентарлау.

6. Көркем шығармалардағы прецеденттік есімдерді негізінде И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев шығармаларының этнотанымдық жүйесін айқындау.

7. Шығармалардың ономастикалық кеңістігіндегі антропонимдік жүйе мен кейіпкерлердің лақап есімдерінің қолдану жиілігін айқындау.

Диссертацияның теориялық маңызы. Жұмыс жергілікті ақындар тілдерінің ономастикалық лексикасын лингвомәдени қырынан зерттеуге, қазақ

антропонимдерін мәдени және әлеуметтік өзгерістер контекстінде қарастыруға, ұлттық менталитетті, рухани мәдениетті қалыптастыруда олардың ролін анықтауды жалғастыруға мүмкіндік береді. Қазақ антропонимикасын диахронды түрде сипаттау қазақ аталымдарының негізгі тенденцияларын түсінуге, антропонимдік жүйенің келешекте даму жолдарын айқындауға жол ашады. Қазіргі кезде ат қоюдың негізгі аспектілері антропонимикон құрылымын зерделеудің өзегі бола алады. Алынған нәтижелер ұлт тілдерінің антропонимдік жүйесінің, антропонимдердің лингвомәдени, әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы кезінде, сондай-ақ ұлттық мәдени мәтіндерде жалқы есімдер қызметін зерттеудің негізі бола алады. Ұсынылған әдістемені ономастикалық категорияларды синхронды, диахронды зерттеу барысында қолдануға болады.

Зерттеудің практикалық құндылығы лексикология, лингвомәдениеттану, көркем мәтінді филологиялық талдау теориялық пәндерін жоғары оқу орындарында оқытуда нәтиже береді. Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытынды мен практикалық материалды лексикографиялық анықтамаларды, жалқы есімдер сөздіктерін құрастыру барысында, түркі және қазақ ономастикасы бойынша арнайы курстар мен семинарлар жүргізу кезінде қолдануға болады.

1 ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Көркем шығармадағы онимдердің зерттелуі

Қазіргі ономастика кешенді білім болып табылады: түрлі филологиялық, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен зерттелуін қамтиды. Ономастика дамуына тілші ғалымдар, тіл тарихын зерттеушілер, әлеуметтанушылар, тарихшылар қатысады. Дегенмен, ол ең алдымен тіл біліміне қатысты, мұны ономастика жеке ғылым ретінде қалыптасқан соң XXғ. ғана мойындалған болатын. Атау кез келген құбылыс пен жаратылыстың ұғымдық мәні - денотаты болып табылады. Осы денотат арқылы атаудың мазмұндық мәнін танып, аңғарамыз. Атау үрдісінің нәтижесінде туындайтын аталымдарға даму заңдылығы бойынша экстралингвистикалық және лингвистикалық себептер әсер етеді. Экстралингвистикалық себептер адамның ойлауына әсер етіп, бейнелер санамызда ұғым болып қалыптасады. Ал ұғымдар онологиялық жолмен лингвистикалық себептердің ықпалына түсіп, аталым пайда болады.

Атау - аталым үрдісінің нәтижесі. Тіліміздегі атаулар сөз арқылы беріледі де, омотивтер нәтижесінде мағына болып бекітіледі. Адамды атау - есім, ат түріндегі жалқы есім болатын лингвистикалық категория.

Ежелгі гректер ат қою өнерін «ономастика» деп атап, бұл термин ғылымда б. д. V – IV ғасырларда қалыптасқан. Антикалық философияның өкілдері, стоиктер (I- II ғ.ғ.) Плутарх, Цицерон, Сенека, М. Аврелий сөзді атау жүйесін “лектон» деп атаған [1,77]. Философиялық лингвистиканың алғашқы өкілдерінің бірі Кратил заттарды атамай-ақ нұсқау керек деген пікір ұстанған. Антикалық философиядағы филологиялық лингвистиканың алғашқы өкілдерінің бірі софист Продик сөздің номинативтік аталым функциясын зерттей келе семантика, синонимияны, яғни сөздердің мағыналары бір- біріне сәйкес келуі - идентификациялар туралы ой қозғаған [1, 486.]. Кейінірек көне Рим империясында бүкіл зат атауларын атау қарастырылған.

Ғалым Б.Қасымның пайымдауынша зат не құбылыс адамның сезім мүшелерін тітіркендіріп, оған әсер етеді, сол себепті атау қажеттілігі туады. Атау негізінде ассоциацияға сүйенеді. Атау заттың түрлі қасиеті, қызметі мен ассоциативтік ұқсастықтарымен тікелей уәжделеді және оның түрлі ерекшелік белгілері ескеріледі. Когнитивтік тұрғыдан жаңа түсініктер мен ұғымдарды атау үшін оларды зат немесе құбылыспен байланыстырады да, сол ұғымдар негізінде аталымдар туындайды [2, 1036.]. Зат атаулары әлем филологиясында жалқы және жалпы есімдер болып ұғынылады [2, 86.]. Палеотрит дәуірінде жалқы есімдерді атау, қола дәуірінде жалпы есімдерді атау пайда болған. Жалқы есімдер - индивидтің жекелеуші денотаттарынан

тұратын, жеке нысанды білдіретін атаулар. Жалқы есімдердің мағыналық түрлерін зерттейтін лексикологияның бір саласы – ономастика жеке ғылымдар қатарына XXғ. бірінші жартысында ғана қосылды. Атап айтсақ, ономастика жеке ғылым ретінде XXғ. 60 – 70 жылдары дами бастады.

Ономастика жалқы есімдердің мағыналық аясына қарай жеті түрге бөлінген. Олар: антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, космонимдер, хрононимдер, хрематонимдер. Соңғы кезде ғалымдар сурет атаулары - аркионимдерді қосады [3, 106.].

Тіліміздегі жалқы есімдер саны жалпы есімдер санынан асып түседі, себебі олар жаңа таталым ретінде қоғам мүддесіне сәйкес туындап отырады. Антропонимика (грек *antro pos* – адам және *онума* – есім, ат) – ономастиканың антропонимдерді, яғни адам есімдерін, фамилияларын, лақап және бүркеншік аттарын зерттейтін саласы. Адам есімдерінің жалпы жиынтығын антропонимия деп атайды. Ал оларды зерттейтін ғылым саласы – антропонимика болып табылады. Осы антропонимика аясында қолданылатын антропоним, антропонимия терминдері тіліміздегі кісі аттары, төл есімдер туралы материалдар деген ұғымды білдіреді [4, 107б.].

Есім адамға телінеді. Бұл дүниеде өмір сүріп жатқан адамдар арасында атаусыздар болмайды. Бұл - өмір шындығы. Халық нақылы «Ит екеш иттің де аты бар» дейді. Американдық психолог Д.Карнеги «Адамның өз есімі- ең жағымды естілетін мелодия» дейді. Адамның есімін атағанда (естігенде) сол адамның бүкіл болмысы көз алдымызға елестейді. И.Байзақов, С.Торайғыров, М.Әлімбаев шығармаларындағы кейіпкерлер мен олардың лақап аттары, жер-су атауларының мәні ұлттық таным мен болмысқа, психологиялық танымға негізделген. Балаларға арналған әңгімелері мен повестерінде дүниені танудағы жас ерекшелік психологиясы мен танымның когнитивтік санадағы көрінісі айрықша рең беріп тұрады. Мысалы: «Менің атым – Қожа» шығармасының тілдік жүйесі Қожаның психологиялық қабылдауы мен оның когнитивтік санасындағы дүниетанымы деңгейінде құрылған. Шығарманың басты кейіпкері Қожаберген өз есіміне деген танымдық көзқарасты психологиялық тұрғыдан былай көрсетеді: Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер [Б.С.] т.б. Бұл жерде Қожаның пікірін пайымдау үшін алдымен оның таным деңгейін түсіне білу қажет. Мұндағы ең басты әсер етуші фактор қоршаған орта, қоғамдық сана. Егер индивид өзінің

жеке ойы мен қабылдауын әлеуметтік сананың пікірімен байланыстыра алмаса, онда мұндай логикалық құрылым болмаған болар еді. Ұлттың болмысына қатысты мұндай құбылыс «Ортаншы ұл» шығармасында былай суреттеледі: Тақыр бас бала тақылдап біраз сөйледі. Алмастың ұққаны: Өлместің шын аты Өлкебай екен. Көршісіндегі бір келіншек қайынағасының атын атамау үшін, оны ойнап жүрген балалардың көзінше ылғи «Өлмес» дей беріпті. Бұл сөз бірте-бірте балалардың құлағына сіңіп, ақыры олар оны «Өлмес» деп атай бастапты [М.Ғ.]. Мұндағы бір көрініс, қазақ халқындағы отбасына келіп түскен келіндердің жаңа түскен үйдегі адамдардың атын атамай, астарлап жеткізудің әсерінен болғанын байқатса, халқымыздығы ырым-тыйым сөздердің әсері де болғанын көрсетеді. Сонымен бірге, «Қала және қыз бала» әңімесінде де адамға ат қоюдағы ырымға сену құбылысы анық байқалады. Мысалы: Елубір деген бала ылғи мені сыртымнан бағып жүреді дедім ғой. Өзі аппақ шөлмектей жүдеу, артқы партада отырады. Әкешесі ұзақ жылдар перзент көрмей, елу бір жасында осы бала дүниеге келіпті. Елубір деп сол себептен атапты. Мұның өзі адамзаттың, оның ішінде қазақ халқы, қай кезеңде өмір сүрсе де ұлттық таным мен ойлаудың ежелгі дәстүрлі тәжірибесіне сүйенетінін байқатады. Жалпы, жалқы есімдер өз бойында белгілі бір кезеңге, тіпті тұтас бір елдің тарихына қатысты ақпараттарды жинақтай отырып, көркем мәтіндегі қолданыста ерекше маңызды рөл атқарады.

Жазушы шығармаларындағы жалқы есімдер қаламгердің өскен ортасы мен дүниетанымы тұрғысынан ұлттық болмысқа негізделген. Психологиялық тұрғыдан, адам өз есімінің атауына әбден дағдыланып, бала күнінен «санасына сақтап», қойылған есім – жеке адамның кодаторы сияқты дәрежеге жетіп, есім адамға теңеледі екен. Тіпті мысалы, екі адамға уақытша Қаршыға – Қарлығаш аттарын алмастырып, аз уақыттан соң шын есімдерін атаған кезде есім иесі бұрылып қарайды. Мүмкін азан шақырып, сәбиге пәлендей болсын деп арман-тілекпен атаған кезде адамның өмір жолын кодификациялап қойған шығар деген ой келеді. Есімнің білдіретін мәні адамның болмысы мен өміріне әсер ететін сияқты. Елбасының аты - араб есімі, арлы, нұрлы сұлтан [10, 1146.], фамилиясы Назарбаев – Назарбай

(-ев жұрнағы) есімі жұрттың ықыласына, ілтипатына бай болсын деген мағына берсе - назарға бай, бүкіл әлем кеңістігінде есім өз мағынасының танымдық аспектісін білдіріп тұр. Дәуіт, Бекмұхаммед, Сүлеймен есімдерінің бойынан пайғамбарлардың демеу, жебеу, қамқоршы болу қасиеттері сезілетін сияқты.

Көп адамдар өз есімдерін жақсы көреді. Мәселен, кішкентай сәби жақсы көретін ойыншықтарын өз есімімен (бір есімнің бірнеше деминутивтерімен) атайды: ойыншық

мысықты – Еркеш, ойыншық түлкіні – Еркетай, ал мен – Еркегүлмін дейді. Ересек адамдар электронды поштаны, файлды өз аттарымен атайды. Американың Орегон штатында орналасқан «Толқындар технологиясы» орталығының мамандарының айтуынша, әр әріпте белгілі дыбыс дірілінің жиілігі бар, сол есімдегі әріптердің жиілігі адамға әсер етіп, белгілі бір қасиет қалыптастырады екен. Мәселен, дауысты дыбыстардан басталатын есімдер бірден қабылданады: Александр есімді адам басшы, ал Валентин есімді адам ғылым немесе өнер адамы бола алады дейді [6, 36.].

Есім әуені адамдардың қарым-қатынастарына да әсер етеді: жағымды, жағымсыз эмоциялар қалдырады. Мысалы Итбай, Ұлтан есімдерін атына заты сай қойылған деп жатамыз. Бір танысым танысу кешінде Арманмен таныстым, Қанжармен танысқым келмеді дейді. Қазір ол Арманмен тұрмыс құрды. Кез келген адамның есімін алғаш естіген кезде аз ойланып, ақпарат алғандай боламыз. Қазіргі кезде есімдерге қатысты экстрасенстер болжам жасауда және адамның есімі арқылы болашақты болжау мәселесі де өріс алуда. Антропонимикон – заманның әлеуметтік және этникалық маркері болып табылады. Қазіргі кезде қазақ халқы ұлы ғұлама, хан, ақын, батыр есімдерін жаңғыртуда, яғни ата-аналар балаларына меморатив есімдер қояды. Қазақ есімдері ойдан шығарыла салмай, өн бойына бүкіл халықтың өмірі мен болмысын жинақтап, белгілі бір мағына береді. Қазақ есімдері – танымдық есімдер болып табылады. Әр есімнің мағынасы мен өзіндік формасы бар. Антропонимдер – адамның өзі туралы ақпаратты, оның ата-анасы, әлеуметтік жағдайы жайлы мағлұматтарды бере алады.

Т.Қоңыратбаев антропонимдерді саралау арқылы олардың генеалогиялық жүйесін, этнологиясы мен семантикалық мағынасын ашуға болады деген. Көркем мәтін мен автордың жалпы шығармасында жалқы есімі саны әр түрлі болып келуі мүмкін. Барлық жалқы есімдер ономастикалық кеңістікті немесе мәтін ономастиконын құрайды. Ономастикалық кеңістікке жалқы есімнен жасалған туындылар мен әртүрлі авторлық окказионализмдер, есімдікті субституттар, перифраздар кіреді.

Мәтін ономастиконы, оның құрамы, жалқы есімді қолдануы мен олардың мәтін ішіндегі байланысы жанр заңдылығы мен автордың көркемдеу тәсіліне, әдеби шығарма түрі мен поэзия құрылысы, мәтіннің сюжеттік-тақырыптық мазмұнына сәйкестігімен, жалқы есімнің көркемдік маңызына байланысты. Сонда автордың өзіндік «ономастикалық әлемі» болады және ол басқа да тілдік құралдар сияқты жазушының көркем идеясын білдіреді. «Ал бұл «ономастикалық әлем» органикалық түрде көркем шығарманың ішкі әлеміне кіреді, оның бірліктері болмысты суреттеу үшін қызмет атқарады және бір-бірімен жүйелі түрде байланысып, көркем шығарма кезеңі мен кеңістігінде өмір сүреді»[Д.С.Лихачев].

Авторлық қолданыстың жалпы жүйесімен байланыстан басқа жалқы

есім кез келген көркем мәтінде өзекті болады, яғни олар әрқашан ақпарат береді, өзінің көркемдеуші қызметін атқара отырып, әртүрлі коннотативті мағынаға ие болады. Әдеби шығарма құрамына таңдалып енгізілген жалқы есім қызметіне сөздің көркем-бейнелік мағына ерекшелігі де енеді.

Мәтіннің ономастикалық кеңістік белгісі ретінде поэтикалық есімнің көркемдік мәні оның формасына (фонетикалық, морфологиялық) да, номинативті, әлеуметтік-коннотативті, сөзжасамдық, мәтінтүзушілік, эстетикалық мағынасында да болады.

Жеке автор стилі немесе бір шығарма ішіндегі ЖЕ зерттеу төмендегі аспектілер бойынша топтастырылған ономастикалық құралдарды толық талдаудан басталады:

1) Мәтіннің ономастикалық кеңістігінде ЖЕ денотативті мағынасы бойынша талдау кезінде стилистикалық мағыналық пен жиі қолданысы бойынша маңызды орынды алатын антропонимдер-топонимдер (гидронимдер); топонимдер-урбанонимдер; антропонимдер-зоонимдер; ақиқат антропонимдер-мифонимдер (теонимдер; хрематонимдер – тауар белгілері сияқты қарама-қарсы онимдердің тақырыптық разрядтарын аламыз.

Аталмыш бірліктер КМ ономастикалық кеңістігінің өзегін құрайды, сонымен қатар олар ономастикалық кеңістіктің шектік кеңістігін қалыптастыратын, мәтін ішінде талдауды қажет ететін басқа да ономастикалық атаудың мәтіннің құралдарымен тығыз байланысты болады. Көркем мәтін номинациясының окказионалды құралдары ғана шағын көлемді шығармаларда кездеседі. Сондықтан да:

2) Екінші қарама-қарсылық – КМ көркем номинация тәсілі – ономастикалық узуалды лексикалық құралдар мен окказионалды, мәтіндегі, жеке автор қолданысындағы атауларға қарсы қойып талдауға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі әр сөз мазмұндық және эстетикалық мағынасына қарай тұтас шығарма ішінде әр сөз таптары, тіл бірліктері, мәтіннің жеке, жанама тақырыбымен, көркем-идеялық мазмұнымен түрлі деңгейде бір-бірімен байланысты. Шығарманың көркемдеу өнерінде тірек сөздерді табуға болады, олар тереңде жатқан көркем-идеялы мазмұнмен тығыз байланысып, көркемсөз және поэтика стилистикасында олар тірек сөздер деп аталады.

Семантикалы-стилистикалық және эстетикалық қызмет тұрғысынан көркем мәтіндегі тірек сөздің басты ерекшеліктері:

- 1) тұтас мәтін ішінде бірнеше рет қайталануы, әсіресе композиция тұрғысынан ең маңызды бөліктерінде, көркем мәтіндегі төл сөз, автор сөзі мен төлеу сөздерде;
- 2) бейнелеуіш сөздің өзгеріске ұшырап, мағынасы мен қолданыстағы ассоциативті байланысының кеңейіп отыруы: синтагматикалық қатынастардың мәтіндегі синтаксистік байланыстың әр түрлі болуы, мәтіннің семантикалық композициясында күрделі көпмағыналықтың болуы т.б.;

- 3) мәтін семантикасы композициясының мағынасына сай мазмұндық көпқырлылықты қалыптастыруға, ерекше эстетикалық мағынаны жасауға, шығарманың көркемдік идеясының маңызды тұстарын көрсетуге қатысуы;
- 4) көркем мәтінде ЖЕ-дің басты позициядағы көрінетін шығарма атауы құрамында жекелеуші ретінде берілуі.

Көркем мәтіндегі кез келген тірек сөздер ономастикалық не апеллативті ерекше экспрессивті-семантикалық мінге ие, себебі олар мәтіннің басты идеялы-эстетикалық мазмұнын құрушы автор бейнесімен байланысқан. Тірек сөздер ретінде көркем мәтін композициясының үш деңгейін – жоғарғы қабатын, шешімі мен семантикалық доминанта мәтіннің ең жоғарғы құрылымын құрайтын автор бейнесінде қызмет атқаратын бірліктерді қабылдауымыз керек.

Әдебиет ономастикасындағы антропонимдер – кейіпкерлерді және шығармада басқа да аталған тұлғаларды атау кезінде әр түрлі тәсілдер мен нұсқалары терең зерттелген. Антропонимдік лексика кез келген КМ ономастикалық кеңістігінің өзегі болып табылады.

3) КМ ономастиконьындағы ЖЕ қарастырудың үшінші жағы – халық ұлттық атауларды қолдануына байланысты, мұнда бірнеше қарама-қарсы түрлер байқалады: ақиқат - ойдан шығарылған атаулар, ал ақиқат атаулар байырғы – кірме, көне – жаңа атаулар, қолданыстағы – өлі аталымдар болып бөлінеді.

КМ біртұтас, эстетикалық ұйымдастырылған жүйесінде ономастикалық лексика қолданысының төмендегідей түрлері бар:

- 1) жалпы қолданыста әлеуметтік-сөйленім коннотациясын сақтаған және нақты атау иесіне тиесілі, өмір сүріп отырған дәуірдің нақты есімдер жинағынан алынған есімдер мен атаулар. Негізінен тарихи және мемуарлық-биографиялық жанр шығармаларында көп кездеседі. Мысалы, Абылай хан, Кенесары, Амангелді Иманов, Отырар, Сайран, Алтын Орда, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Ұлықбек т.б.
- 2) Мәтіндегі жана объектіге берілген жалпы қолданыстағы есімдер мен атаулар (кейіпкер, қала, ауыл т.б.). Мұны мәтіндегі трансонимизация деп айтуымызға болады. Басты кейіпкерлерді атауда автор шығармашылығының рөлі мәтіннің көркем-эстетикалық мәніне, дәуірі, кейіпкерлермен ассоциативті түрде тығыз байланысына қатысты болады.
- 3) Көпшілікке белгілі әдебиет атауларының (кейіпкер, жазушы) жаңа кейіпкер (ұқсас) атаулары ретінде қолданысы. Бұл көркемдеуші тәсіл стилистика мен поэтикада «аллюзия» және әдеби реминисценция (жаңа типтер мен кейіпкерлерді бейнелеуде белгілі ономастикалық атауды қолдану мысалы, «Кавказ», «Алтай аясында» поэмалары) деп аталады.
- 4) Авторлық түрлендірудің төртінші түрі – жартылай ақиқат есімдер мен атаулар, яғни тарихта болған ақиқат есімдер мен тектерді

автордың фонетикалық өзгертіп, тілдік модельдерге салып қолдануы. Бұл жағдайда жазушы протоним (нақты тарихи атау) арқылы криптоним – ойдан шығарылған кейіпкерді атау үшін жасырын ономастикалық атауды жасайды.

- 5) Автордың белгілі бір модельдер бойынша семантикасы айқын, «сөйлейтін» есімдер, тегі мен лақап аттары. Сөз семантикасы, тура уәжділік мұндай атауларда әлеуметтік-анықтаушы қызмет атқарады, кейіпкердің басты образын, мінез-құлқын айқындайды. бұл тәсіл әдеби классицизм дәуірінен бастау алады, орыс әдебиетінде XVIIIғ. аяғы мен XIXғ. басында комедия мен мысал жанрында кездессе, қазақ әдебиетінде ислам діні қабылдаған кезеңнен басталған, мысалы, Қарабай, Атымтай жомарт, Шығайбай, Алдар көсе, Судыр Ахмет т.б.
- 6) Лақап ат – КМ антропонимиясында тура немесе жанама семантикалық мағынадағы уәждеделген түрі. «Сөйлейтін» тегі мен лақап аттарында бағалаушытық стилистикалық экспрессия этимологиялық мағынаның атауда айқын болуынан шығады.

Әдебиет ономастикасы ақиқат және ойдан шығарылған ономастика элементтерін автор шығармасы мен жеке мәтінде қолданылу негізін зерттейді. Көркем шығармадағы онимдер жанр түріне қарай әртүрлі болып келеді. Ойдан шығарылған кейіпкерлер, тарихи тұлғалар, прототипі бар есімдер деп бөлуге болады. Автор ономастикалық лексиканы ерекше көзге түсетін бірлік, стильдік экспрессивті құрал, стильдік көрсеткіш ретінде қолданады. Әр жалқы есім кез келген сөз сияқты мәтін ішінде көптеген байланысқа түсіп, өзіндік қызмет атқарады. Жалпы көркем мәтінде ЖЕ мәтіннің стильдік жүйесінің органикалық элементі ретінде шығарманың басты бейнесін жасауда белсенді рөл атқарады. ЖЕ көптеген мағыналық байланысқа, мәтіннің көркем бейнесін құрайтын күрделі ассоциациялар мен коннотацияларға ие болады.

1.2 Тіл білімінің антропоэзектік парадигмасының мәні

Лингвистика тарихы өз кезегінде әр түрлі парадигмалар ауысымын ұсынуда. «Өз дамуының белгілі бір кезеңінде сол немесе басқа парадигманы тықпалап, бір жағынан, зерттеу нысанын терең ұғынуға әкелсе, енді бір жағынан, уақыт ағымында оны біржақты зерттеуге әкеледі» [1, 94б.]. 1962 жылы Т.Кун «Ғылыми революциялар құрылымы» атты еңбегінде парадигма ұғымына «уақыт ағымында ғылыми қоғамдастықта белгілі бір мәселені қою және оларды шешу моделін жаппай мойындаған ғылыми жетістіктер деп түспалдаймын» деген баға береді [2, 11б.]. Ғалым парадигманы өзінің зерттеу жұмыстарында белгілі білімдер жиынтығы мен зерттеу нысанына келуді басшылыққа алатын ғылыми қоғамдастық ретінде қарастыруды ұсынады. Лингвистикада парадигмалар бірін-бірі алмастырмайды, бірінің үстіне бірі келіп, бір уақытта бірімен-бірі қатар келе береді. Зерттеу нысанына байланысты белгілі уақыт аралығында көп ғалымдардың назарын аударатын

мәселені қарастырудың қандай да бір жүйесі пайда болады. Дәстүрлі түрде үш парадигма айқындалған: негізгі салыстырмалы-тарихи әдіс болып табылатын, XIX ғ. пайда болған салыстырмалы-тарихи; тілде сөйленімдердің мәдениеті мен әуестіктерінен тыс, тіл тек абстрактілі сызба ретінде, басты назарда сөз ғана қарастырылатын құрылымдық-жүйелі; белгілі бір мәдениет өкілі болып табылатын, сол тілде сөйлеуші адамды өзегі еткен когнитивтік революция, не когнитивті бетбұрыс – антропоэзектік парадигма. Антропоэзектік парадигма «адам - бүкіл әлемнің өлшемі екендігін мойындатты және адамды әлемді тану ортасына қайта әкелді». С.Г.Воркачев коммуникация үрдісіне қатысушы тұлға ретінде адамды тілді зерттеудің басты нысаны етті: «Адам – қазіргі лингвистиканың құнды бағдарларын, әдістерін, міндеттерін, пәнін анықтайтын координаттар өтетін орталық» [3, 69б.]. В.Гумбольдтан бастап, көп лингвистер қатарының ізденістерінің арқасында, тіл туралы ғылымды паш етуші және анықтаушы феномен ретінде адамды таныды» [3, 69б.]. Ол тілді «адамның ішкі әлемі мен сыртқы құбылыстары әлемі арасындағы дүние» [4, 304 б.], «қоғамдық қатынастарды қолдаушы адамдар қарым-қатынасының сыртқы құралы ғана емес, адамның табиғатына тән және дүниетануын қалыптастыру мен рухани күшін дамыту үшін аса қажет құралы [5, 51б.] деп таныды.

XXғ. француз ғалымы Э.Бенвенист иммонентті, «адами емес» лингвистикадан антропоэзектік лингвистикаға шешуші қадам жасады. Оның тілдегі субъективтілік концепциясы осы кезге дейін қазіргі лингвистиканың негізгі идеяларының бірі болып қалады.

Э.Бенвенист ұсынған бағдар бойынша Ю.С.Степанов 70-шы жылдарда жазған: «...Тіл адам шамасына сай құрылған, сол тілді ұйымдастыруда кең көлемде айқындалған; осыған сәйкес тілді меңгеру керек. Сондықтан лингвистиканың басты бұтақтарында тіл әрқашан адам бойындағы және адаммен бірге жүретін білім; гуманитарлық ғылым».

Қазіргі лингвистиканың айырым ерекшелігі - адамның конститутивті қасиеті ретінде тілді антропоэзектік тұрғыдан қарастыру. Осы күнгі тілді өз ішінде және тіл арқылы меңгерілетін иммонентті лингвистикадан адам мен оның ойлауын өзара байланыста меңгеруді басты назарда қарастыратын антропоэзектік лингвистикаға айналды. Тіл үрдістерін зерттеу коммуникативтік әрекеттің талаптарымен үздіксіз байланыста жүргізіледі және сөйлеу субъектісін, өз ерекшеліктерімен бірге (психикалық, жас ерекшелік, әлеуметтік, ұлттық және т.б.) тіл механизмдерінің сипаттамасын бергенде адам факторын есепке ала отырып қарастырады. Демек, тіл адамсыз өмір сүре алмайды, ол адамның ішінде, оның санасында, жадында сақталады; тіл «өз әлпетін ойдың әр қимылымен, әр жаңа әлеуметтік-мәдени рөлмен алмастырып отырады» [7, 60б.].

Тілдегі адам факторы әрқашан Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.О. Винокур, Р.О.Якобсон, В.А.Звегинцев және т.б. отандық ғалымдарды толғандыратын. «...В.Гумбольдт, О.Есперсен, Ш.Балли, Э.Бенвенист, Г. Гийома және қазіргі зертеушілер еңбектері әлем бейнесін бейнелейтін тілді қалыптастырушы ретінде – жалпы-тарихи мағынада және нақты түрде –

берілген мәтінді өндіруші сөйлеуші тұлға ретінде адамға деген ғылыми қызығушылықты танытады. Сөйлеу субъектісінің коммуникативті әрекеттерінен туындайтын және өз құрылымы бойынша және тыңдаушыға қатысты белгілі бір кеңістік – уақыт шебін білдірмейтін бірде бір мәтін жоқ [8, 206.].

Ғалымдардың тұжырымдары бойынша, антропоэзектік парадигманың мәні сөйлеуші адам – *homo loguens* зерттеудің басты назарында болған кезде қорытындыланады. Адам тілдік тұлға ретінде психологтардың да, лингвистердің де, әлеуметтанушылардың да, мәдениеттанушылардың да зерттеу нысаны болады.

Антропоэзектік тұрғыдағы зерттеулер мынадай негізгі нұсқаулармен берілді:

1). Адамның барлық ақиқат туралы эмпирикалық, теориялық білімдері тілмен беріледі, іс-әрекет үрдісінде сөйлеуі мен ойлауы таным субъектісімен ұғынылады;

2). Тілдік тұлғаның санасында әлемді бейнелеуі, оның түсінігі мен құрылымы тоғысып, бейнелер, образдар, концептілер, категориялар модельдермен сол тілде сөйлеушінің түсінікті және субъектіленген әдеттер бейнесінде тіл жүйесінде бекітіледі және әлемнің тілдік бейнесі ретінде сөйлеу әрекеті үрдісінде көрінеді;

3). Тілде сөйлеушінің когнитивтік қоры концептуальды және семантикалық талдау нәтижесінде үнемі жаңарып отырады;

4). «... вербальды немесе вербальды емес формадағы концептілерді беру және алмасумен» ұсынылған қарым-қатынас үрдісі қоршаған әлем туралы ақпарат алудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Антропоэзектік парадигма тұрғысынан адамның өзін-өзі тануы, теориялық және пәндік әрекеті арқылы, басқаша айтқанда, әлем адамның бейнесі арқылы бейнеленеді. Барлық заттардың өлшемі ретінде адамның өзін-өзі тануы, адамның құндылық жүйелерімен, рухани мәнімен айқындалып, өз санасында заттарды антропоэзектік тәртіппен қалыптастыру құқығы беріледі.

Қазіргі лингвистикада «Тілдік тұлға» ұғымы парадигма тудырушы (ғылыми тіл туралы бұл ұғымның пайда болуын В.Виноградовтың еңбектерінен тілдік тұлғаны байқауға болады) болып табылады. В.В. Красныхтың айтуы бойынша, сөйлеуші адам сөйлеу әрекетінің әр сәтінде үш тұғырдан көрінеді: 1) тілдік – «тұлғалық феномендердің» бірігуі ретінде; 2) сөйлеуші және 3) коммуникативті тұлға.

Тілдік тұлға - ... белгілі бір білім және түсініктердің бірігуіне ие, өзін-өзі сөйлеу әрекетінде танытатын тұлға.

Коммуникативті тұлға - ... өзін қарым-қатынас кезінде білдіретін, қатынас кезінде белгілі бір стратегия мен тактиканы жүзеге асыратын және белгілі бір лингвистикалық не экстралингвистикалық құралдарды таңдап, қолданатын тұлға.

Коммуникативті тұлға – «... нақты коммуникацияда, нақты түрде әрекет етуші, нақты коммуникативтік актінің нақты қатысушысы» [9, 226.]. Тілдік

тұлға мынадай әр жақты да ұсынылады: мен – физикалық, мен - әлеуметтік, мен – ойланып сөйлеуші. Әлемді тануда адам өзін-өзі айқындап, өзінің «менін», барлық «мен еместерге» қарсы қояды. Бірақ «кез келген ойлап сөйлеу актісі әлемнің тіршілігін мойындауды априорлы түрде ұсынады [7, 36.].

Р.О.Якобсон бойынша кез келген сөйлеу актісі адресант – контекст, хабарлау, контакт, код-адресат компоненттерінен тұрады [10, 198б.].

Коммуникативтік актінің антропоэзектігі коммуникативтік тізбекті тек жеке тұлға – индивидум бастайды және өзі аяқтайды: қарым-қатынас бойынша сөйлесушінің (серіктестің) мәтінін құрастырушы және қабылдаушы адамның өзі. Сондай-ақ адам – хабарлаудың негізгі тақырыбы, себебі адамдар өздері және басқа адамдар туралы айтады.

Қазіргі парадигманың бір қағидаты антропоцентристік бағытпен адам туралы ғылым ретінде қазіргі тіл білімі идеологиясын анықтаушы барлық лингвистикалық принциптермен - экспансионизм, функционализм, экспланаторлық, ұғынумен тығыз байланысты. Қазіргі лингвистикалық парадигманың параметрлері ретінде бұл төрт принципті алғаш рет Е.С. Кубрякова [11] негіздеп, ұсынған болатын. Е.А. Попова тағы екеуін атап көрсетті: текстоцентризм және семантикоцентризм [3]. Лингвистиканың антропоэзектік парадигмасының өзегі - мәтінді меңгеру, себебі адам «мәтіндер әлемінде» өмір сүреді.

Саналы адам және тіл ұғымдары тілді жүзеге асыру кезінде адамның субъект, қарым-қатынасты бастаушы және қатынас құралы ретіндегі қажет құрылымымен тығыз байланысты. Сөз адам санасын ояту, белгілі бір концептілерге түрткі болу, оларға ықпал етуші қызметін атқаратын түрткі болып табылады (А.А.Потебня, Л.В.Щерба, А.Р.Лурия, А.А.Леонтьев). Мәтіндер - мәдениетті шынайы сақтаушылар болып табылады. Мәтін ғана тікелей мәдениетпен байланысты, «түрлі мәдени қырларымен келген мәтін ғана мәдениеттің мазмұнын құрайтын ұлттық мінез, ұлттық психология, этнография, тарих т.б. туралы ақпаратты өн бойына сақтаған» [7, 87б.]. Мәтін - қарым-қатынас жасау нәтижесі, яғни тіл тұлға және сөйлеу қатынасы үшін жасалған. «Мәтіннің пайда болу үрдісі - сөйлеу үрдісі, сөйлеу. Бұл үрдісті жүзеге асыру үшін адам арнайы құрал – тілді қолданады. Тіл адамның мәтінді жасау және қабылдау құралы болып табылады» [12, 74б.]. Адам әлем туралы танымның түрлі бейнесін жеке өз тәжірибесінен емес, көп бөлігін мәтіндерден алады. Оқыған және естіген мәтіндер адамның көзқарасын қалыптастыруға, мәтіндерді құру және түсіну құралы ретінде, сондай-ақ оның тіліне де зор ықпал етеді. Білім мәтіндер арқылы уақыт пен кеңістіктен тыс әрбір қатынас жасау кезінде толығып, ұрпақтан ұрпаққа, бір адамнан басқаларға жетіп отырады. Басқа сөзбен айтқанда, «мәтін – білімді материализациялау құралы» [13, 105б.]. Лингвистиканың мәтіндік ғылым болуын лингвистикалық экспансияның аса айқын белгісі деп санауға болады. А.Е.Супрунның пайымдауынша, «мәтінді белгілі бір лингвистикалық көрініс деп қарастыру керек. Мәтінді ғана саралап, бірнеше рет өзгерту және зерттеу тек лингвистердің еншісіне тимек. Мәтіннен ғана тіл туралы ақпарат алуға

болады» [12, 74б.]. Ал «кез келген тілдік бірлік пен категорияны зерттеу міндетті түрде мәтінге қатысты және белгілі бір мәтін типін қалыптастыратын кез келген категорияны не тілдік бірлікті анықтай алатын болуы тиіс, барлық тіл бірліктері мәтіннің құрылымындағы қандай ұғымды анықтайтынына бағытталуы керек, осыны ұғынбай, тіл туралы толық түсініктің болуы мүмкін емес» [14, 27б.].

Бірақ, көп ғалымдар соңғы уақытқа дейін лингвистика үшін мәтіннің маңыздылығына аса мән бермей келді. Мәселен, А.Т.Кривоносов мәтін лингвистикасы лингвистикалық болжамдардың кезекті бір деңгейі деп санаған [15]. В.В.Виноградов, Н.С.Поспелов, Г.О.Винокур, М.М.Бахтин, Н.И.Жинкин, И.А.Фигуровский және басқа да ғалымдар лингвистиканың болашағын мәтінмен байланыстырды, сондықтан мәтінді лингвистикалық әлеммен және ғарышпен салыстырды. 1980 жылы В.А.Звегинцев: «Мәтінді зерттей бастаған ғалымдар өздерінің аса күрделі, тұтас әлемнен кем түспейтін нысанмен, шындығына келсек, бүкіл лингвистикалық әлемді зерттейтіндерін байқаған жоқ...» [16, 14б.].

Мәтін өте күрделі синтаксистік бірлік болып табылғандықтан қандай да бір уақытта синтаксис аясында, кейін мәтін лингвистикасы тіл білімдерінің басқа бөлімдерінен бөлек, лингвистика салаларынан оқшау зерттелді, ең соңында, мәтін қазіргі лингвистиканың басты зерттеу нысаны болды. Соңғы жылдары мәтінді зерттейтін көптеген жаңа тіл пәндері: мәтін теориясы, этнолингвистика, лингвистикалық прагматика, лингвистикалық нарратива және т.б. белсенді түрде дамып келеді. Мәселен, мәтін теориясы тілді зерттеудің коммуникативті үрдісі мен функционалдық аспектісіне бағытталып, сөйлеу қатынасын жүзеге асыратын құралы екендігі жоғары деңгейдегі коммуникативтік бірлік деп айқындалды. «Мәтін аталған және бірінші динамикалық бірлік ретінде танылып, нақты коммуникация жағдайында қалыптасқан, экстра- және интралингвистикалық параметрлері танылады» [17, 280б.]. Лингвистикалық прагматика тілді әрекет кезінде, мәтіннің тікелей қатысуы арқылы сипатталған сөйлеуде, яғни шынайы қолданыс үрдісінде зерттейді. «Прагматиканы ... басты субъектімен, мәтін «Эгосымен», адамның құрастырған мәтінімен байланысты және оның динамикасының толық мәтіні – дискурс пәні деп анықтауға болады» [18, 332б.]. Лингвистика шеңберінде нарратив сөйлеушінің қалыптасқан, уақтылы өтіп жатқан реалды немесе ойдан шығарылған оқиғалары туралы ақпарат беруші көркем мәтін ретінде көрініс тапқан [19]. Мәтін зерттеу нысаны ретінде басқа да аралас ғылымдарда атап айтқанда, этнопсихолінгвистикада, лингвомәдениеттануда т.б. қарастырылады.

Мәтін дәстүрлі пәндерде, мәселен, грамматикада да зерттелді. Грамматика саласында акцент сөздерге, сөйлемдерден мәтінге ауысады. «Орыс тілінің коммуникативті грамматикасының» авторлары: «...сөздер мәтінге, жалпы кез келген орыс тілді мәтіндерге грамматика заңдылықтары бойынша еніп, олардың типтік айырмашылықтарын бейнелейді. Грамматиканың коммуникативті бағдары түрлі мәтіндердің форма бірлігін ұғыну немесе туындау, мазмұны мен қызметін анықтау, қарым-қатынас

сипаты мен талаптарына сәйкес коммуникативті үрдісті басқару құралы ретінде ережелердің болу керектігін түсіндіреді» [8, 86.].

Мәтін адамдардың өзара қарым-қатынас процесінің байланыстырушы буыны болып табылады, коммуникация деп аталып, бірнеше тілдік тұлғалардың қатынасы кезінде ақпарат алу және алмасу мақсатын, яғни сөйлесушіге әсер ету кезінде сөйлеуді, өндірістік және өзара әрекетті жүзеге асыру үшін қажет. Жүзеге асыру формасының бағыты бойынша коммуникация екі түрлі болады: ауызша және жазбаша. Ауызша коммуникация жылдам орындалатын алдын ала дайындалмаған сөйлеу әрекеті, біркелкі сипатта, сөйлеу құралдарын үнемдеуге тырысады, сондай-ақ шектен тыс қолдануды жүзеге асырады. Сөйлеу барысында, сөйлеу құралдарын өте аз қолдана отырып көп нәрсені айтқымыз келеді. Ауызша мәтін жазбаша мәтіннен гөрі «солғын» құрылымды болып келеді, себебі жазбаша коммуникация алдын ала дайындалып, жазбақышы адамының жағдайын, сезімін, ойын жеткізу үшін керекті сөздер мен сөздер тізбегі нақтыланады. Осы себепті мәтінді коммуникативті бірлік ретінде ұғыну жазбаша монологті мәтіндер материалында қалыптасты, сонан кейін ғана ауызша қарым-қатынас жасауға көшті. Ауызша коммуникация моделі *«сөйлеуші-мәтін-тыңдаушы»* болса, ал жазбаша *«жазушы(автор)-мәтін-оқырман»* боп көрініс табады. «Әрбір коммуникация моделінде екі қатысушы болады – адресант (сөйлеуші, автор) және адресат (тыңдаушы, автор). Адресат үшін маңызды кезең - мағынаның пайымдалуы, ал оның қорытындысы – осы мағынаны білдіруші мәтін болады. Адресат үшін шығатын материал мәтін болады, одан ол қорытынды мағынаны алады. Мұнда мәтін мағынасы адресанттың әрекетін таратушы және соңғы адресат ретінде біріне-бірі тең дәрежеде келмейді» [1, 306.]. Мәтін ақпараттық және құрылымдық бірлік ретінде бөліктерден құралып, бүтінді құрайды бірақ әр бөлік барлық бөліктердің біртұтас бірігуіне қажетті белгілі бір функционалды-мағыналық сипатта болады. Сонымен қатар мәтіннің туындау жағдайын есепке алу керек. Г.А.Золотова, Н.К.Онипенко, М.Ю.Сидоровалар «көркем шығарма, поэзия мен проза, іскери, ресми, эпистолярлық, газет-публицистикалық және т.б.» мәтіндері арасында айырмашылықтар болатынын айтады [8, 126.]. Тіл тұрмыстық деңгейде кәдімгі адамның, кез келген тілдік тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырады, сондай-ақ жазушының таңдамалы ой-толғамдарын білдіріп, әдеби туындыны жасау құралы ретінде қызмет етеді. Тіл білімінде көркем мәтінді меңгеруге ерекше көңіл бөлінеді, себебі көркем әдеби тіл – табиғи тілмен сусындаған сөз өнері. Көркем шығармалардың авторлары – ерекше шығармашылық дарынды, шешен тұлғалар. «Мәтін автор мен оқырман арасындағы әдеби коммуникация актісін жалғастырушы ғана емес, бөлек бір жоғары дәрежелі «әңгімелесуші» болып табылады. Реципиент санасында мәтіннің әсер етуінен әлемнің бейнесі өзгеру мүмкін. Сонда, мәтін - коммуникант – адам мәтін әлемінде тіршілік ететіндіктен, лингвистикалық зерттеулердің маңызды саласы» [14, 326.].

Антропоэзектік лингвистика үшін бұл басты тезис, себебі тіл өзіндік табиғаты бойынша психологиялық, адами, әрқашан адаммен бірге және оны «таңбалайды» [20, 141б.; сондай-ақ: 21]. Адам тілі адамның жеке қасиеттерін білдіретін органикалық және тығыз байланысты болуы соншалық, егер тілді байланыс жасау қызметінен айыратын болса, онда оның тіл аталуы мен қызмет етуі екіталай [22, 14б.].

Осы парадигма аясында зерттеушілер арасында түрлі құралдар арқылы ақпаратты алу және жеткізу, сақтау, кодтауға байланысты, сондай-ақ ғылыми пәндерді ізгілендіруге апаратын білімнің түрлі салалары интеграциясымен қамтамасыз етілген лингвистикалық сұрақтар шешімін тапты. «Әлемдегі барлық оқиғалардың», әлемнің өзекті және жоғары мақсаты ретінде адам туралы ережені ұғындыратын антропоцентризм ізгілендірудің бір аспектісі болып табылады [23, 25б.]. Ғылымда тіл туралы антропоэзектік принциптің, немесе «тілдегі адам» [22] принципінің алатын орны ерекше. Согласно Антропоцентризм принципіне сәйкес, «тілде аса күрделі субъективтілікте қалыптасқан объективтіліктен басқасы жоқ» болғандықтан сөйлеуші адам тілді қолдану үрдісінде меңгеруге қабілетті [24]. Бұл қағиданы ескере отырып, тілді ерекше семантикалық жүйе ретінде қарастыруға болады, оның негізгі «референциялық» нүктелері сөйлеуші тұлғамен байланысты, ал адам қолданатын тілдік құралдар «аутореференциондық» болып саналады.

«Тілдегі адам» принципі, немесе антропоцентризм, тіл білімінде ертеден-ақ орныққан. XIX ғ. аяғында И.А. Бодуэн де Куртенэ «Фонология» (1899) еңбегінде антропофониканы «адам дыбыстарын, яғни сөйлеу дыбыстарын ғана қарастыратын» ғылым ретінде көрсеткен [25, 354б.]. Соңғы уақытта аталған принцип Н.Д.Арутюнова, А.Вежбицкая, Ю.Д.Апресян, В.М.Алпатова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде орын алған. Антропоцентризм канондарына бағыну формальды, немесе логика-математикалықтан басқа, семиотикалық жүйелерді (тіл, мәдени құбылыстар, салт-дәстүрлер мен рәсімдер, өнер және т.б.) зерттейтін, ақпаратты жеткізетін және адам қоғамында өмір сүретін гуманитарлық семантикада ерекше бағаланады. Бірақ антропоцентризм принципі біркелкі түсінікті емес. Лингвистикалық ғылымда антропологиялық принциптің негізінде жатқан гипотезасына байланысты жүзеге асырудың түрлері қалыптасқан. Бірінші қағидасы «тілдік тұлғаны» тіл туралы ғылым ғылымның мазмұнынан тарихына қарай нысанына жатқызуды ұсынса [26, 43б.], екіншісі қазіргі лингвистикалық философияда бейнеленген және тілді адамның бөлігі ретінде мойындауға байланысты [27, 80-81б.]; үшіншісі тіл білімінің пәні - тілді сақтаушы адам деп [28, 11б.], ең соңында төртіншісі тілді адамды адам етуші құрылым деп мойындауға негізделген. Соңғы қағиданы антропологиялық принципті жүзеге асыру барысында В. Гумбольд енгізген болатын, оның пайымдауынша тілді үйрену «адамның өзін-өзі мен айналасындағы көрінетін және жасырын құбылыстармен қарым-қатынасын тану мақсатына» бағытталған [4, 383б.]. Гумбольдтың «антропологиялық принципі» XX ғ. 90 ж. бастап адам мен тіл туралы ғылымдар аясында: лингвогносеология,

лингвоэлеуметтану, лингвопалеонтология және лингвомәдениеттану мен тіл философиясында» айрықша өзекті [28, 10-11б.].

Антропоцентризм принципінің түрлі қағидалары мен дәлелдемелеріне карамастан, тілді жасайтын және тіл арқылы ерекшеленетін тұлғаны басты орынға қойып, отандық және шетел лингвистикасы соңғы онжылдықта өз бағытын, даму парадигмасын өзгертті. Басқа сөзбен айтқанда, тілді үйретуде жаңа – антропоцентристік бағытты жариялады. Бұл ретте Н.Д. Арутюнованың «Язык и мир человека» кітабының атауын санауға болады.

Зерттеушілер бұл бетбұрысты XXғ. аяғындағы филологиялық «антропоцентристік қозғалыс» деп атайды [30, 43б.]. Лингвистердің бірауыздан пайымдауынша, «антропоөзектік феномен ретінде тілдің тұтас синтетикалық жетістіктері жолында позитивті білімнен күрделіге өтуін бағдарлау» XX ғ. аяғындағы тіл туралы ғылымның өзіндік ерекшелігі болып табылады [31, 25б.]. Сондықтан адам - универсалды концепт, бұл «аса маңызды түбегейлі шешуші ұғымды» [32, 18б.] сипаттау антропоөзектік лингвистиканың міндеті болып табылады. Ю.Д. Апресян адамның «тілдік» бейнесін үзілді-кесілді құрастырған болатын [33]. «Антропобағдарлы зерттеулерде адам факторына басым көңіл бөлінеді, бұл тілді ұғынып, тану үшін алдымен қабылдаушы адамға, яғни сөйлеуші және ойлай білетін және тұлғаға жүгіну қажет екендігін білдіреді. Осыған қатысты тіл құбылыстары адаммен, оның ойымен, рухани-тәжірибелік әрекетімен тығыз байланыста түсіндіріледі, себебі адам әлемді өзі арқылы, әлемдегі теориялық және пәндік әрекеттері арқылы танып біледі» [34, 3б.].

Антропоөзектік бағыт ғалымдардың қызығушылықтарын адам әрекетінің жеке және элеуметтік жақтарына қарай бұрды, бұл өз кезегінде адам мен тілдің өзара қатысы, тілдік бірліктердің семантикалық жақтары, олардың объективті және субъективті мазмұнының айқындалу ерекшеліктерін зерттеуге ықпал етті. Ю.Д.Апресян, З.К.Ахметжанова, Л.К. Жаналина, Е.В.Падучева, З.К.Сәбитова, Б.Х.Хасан, А.Р.Бейсембаев, Г.А.Золотова, Н.Ж.Шаймерденова және т.б. ғалымдардың ғылыми ізденістерінің нәтижелерінде толық дәлелденген.

Тіл адамның әлем жайында білімінің қалыптасуы мен дамуының аса маңызды тәсілі болып табылады. Адам іс-әрекет үрдісінде объективті әлемді бейнелеу арқылы таным нәтижелерін сөзбен жеткізеді. Бұл білімдердің тілдік формада берілген жиынтығы әр түрлі концепцияларда «тіл аралық әлем», «дүниенің тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік репрезентациясы», «әлемнің тілдік моделі» деп көрсетіліп жүр. Біз зерттеуде көп қолданыста жүрген «дүниенің тілдік бейнесі» терминін алуды жөн көрдік.

Әлемнің бейнесі (әлемнің образы) адам мен оның болмысының ерекшелігін, адамның әлеммен өзара қарым-қатынасын, әлемде өмір сүруінің маңызды жағдайларын білдіретін күрделі ғылымдар қатарына жатады.

Әлемнің бейнесі (тілдік бейнесі де) ұғымы адамның әлем жайында түсініктерді меңгеруіне байланысты қалыптасады. Егер әлем – адам мен ортаның өзара әрекеті болса, әлемнің бейнесі – адам мен орта туралы ақпараттың түйін нәтижесі.

Адамның санасында сыртқы әлемнің заттары мен құбылыстары ішкі образ формасы түрінде көрініс тапқан. А.Н.Леонтьевтің пайымдауынша, ерекше «бесінші квазиөлшем» бар, мұнда адам үшін өзін қоршаған ақиқат: «мағыналық өріс» деп аталатын мағыналар жүйесі сипатында бейнеленген [35, 566.].

Бұл ереже бойынша, әлемнің бейнесі белгілі бір образдар жүйесін бейнелейді деп қорытындылауға болады.

М.Хайдеггер «бейне» сөзін айтқан кезде алдымен бір заттың бейнесі деген ой келеді: «әлем бейнесі әлемді бейнелейтін суретті емес, санамызда бейне ретінде ұғынылатын әлемді бейнелейді» деп жазған [36, 496.]. Нақты әлемнің кейпі ретінде әлемнің бейнесі және осы бейненің көрінісі секілді әлемнің тілдік бейнесі арасында күрделі қатынастар орныққан. Әлем бейнесі кеңістік, уақыт, сандық, этикалық және басқа да көрсеткіштердің көмегі арқылы беріледі. Оның қалыптасуына тіл, салт-дәстүр, тәрбие, адамның білім алуы, табиғат және басқа да әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Әлемнің тілдік бейнесі арнайы әлем бейнелерімен (химиялық, физикалық және т.б.) қатар келмей, оларға ықпал етеді және қалыптастырады, себебі адам жалпы адамзаттық, сондай-ақ ұлттық, яғни қоғамдық-тарихи тәжірибесі бар тілдің көмегі арқылы өзін және әлемді танып біледі. Соңғысы тілдің төл ерекшеліктерін оның барлық деңгейінде анықтайды. Тіл ерекшеліктері арқылы әлемді қабылдаушылар санасында белгілі бір әлемнің тілдік бейнесі пайда болып, адам ол арқылы дүниені танып біледі.

Ю.Д.Апресян әлемнің тілдік бейнесінің ғылымға дейінгі сипатын солғын бейне деп атап көрсеткен болатын. Оған сәйкес әлемнің тілдік бейнесі нақтылықты үнемі ығыстыра отырып, объективті білімді толықтырады. Адамның дүниені танып білуінде көптеген болжамдар мен қателер болғанмен, оның концептуалды әлем бейнесі осы жаңсақтардың ізін суытпай ұзақ сақтай отырып, үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші өзінің эмоционалды көңіл-күйін білдіру және көрсету үшін «жан ұшыру» тұрақты сөз тіркесін өте жиі қолданады, ол бұл тіл құралының адамның ішкі тіршілік дүниесі – жаны туралы, ал жанның әлем мифологиясында бу түрінде кездесетінін және денеден аспанға ұшатыны жайында архаикалық көріністерін сезінбей пайдаланады [37, 1876.].

В.Б.Касевич бойынша, тілдік семантика құралдарымен кодталған әлемнің бейнесі уақыт өте басқа тіл құралдарының табиғатынан тыс күші арқылы бұрынғы шепті дәстүрлі түрде қайта жаңғырта алатын, реликтілік болуы немесе басқа деңгейде қалып қоюы мүмкін. Соңғысының ықпалымен бұрынғы зерттелген дүниелер құрылыс материалдары сияқты болып табылатын жаңа мағыналар пайда болады. [38, 366.]. Басқаша айтқанда, осы тілдік ұжым үшін қолданылатын және олардан туындаған мәтіндерде, заңдылықтарында айқындалатын тілдің архаикалық және семантикалық жүйелері және өзекті ментальды моделі арасында ауытқулар туындайды.

Әлемнің тілдік бейнесі адамның әлемге (әлемнің элементі ретінде өзіне, табиғатқа, жануарларға) қатынасының типін қалыптастырады. Ол

әлемде адамның өзін-өзі ұстау нормаларын, оның әлемге қатынасын айқындайды. Әрбір табиғи тіл дүниені қабылдау мен ұйымдастырудың («концептуализация») белгілі бір әдісін бейнелейді. Ондағы көрсетілген мағыналар көзқарастардың біркелкі жүйесіне үлестіріледі, өзінше бір ұжымдық философияға, ал ол тілдің барлық иеленушілеріне міндетті түрде зорлап беріледі.

Сонымен, тілдің қызметі тек қана хабар беруде емес, біріншіден, ол хабарға жататынның ішкі ұйымдастырылуында. Соның салдарынан «мағыналар кеңістігі» пайда болады (А.Н.Леонтьев терминологиясы), яғни тілдегі әлем туралы бекітілген білімдер оның міндетті түрдегі құрылымдық элементі ретінде нақты тілдік бірліктің ұлттық-мәдени тәжірибесі болып табылады.

Соған қарамастан «әлемнің тілдік суреті» деген термин – метафора болып табылады, өйткені нақты өмірде белгілі бір ұлттық қауымдастықтағы адамдардың баға жетпес қоғамдық-тарихи тәжірибесі көрініс тапқан ұлттық тілдің төл ерекшеліктері негізінде, осы тіл өкілдеріне объективті дүниеден керемет, басқа әлемнің қайталанбас бейнесін емес, заттардың, құбылыстар мен үрдістердің ұлттық маңыздылығынан, халықтың ұлттық мәдениеті мен тіршілік ету қалпынан, олардың іс-әрекет ерекшеліктерінен туындаған, оларға деген талғаулы қатынасқа негізделген осы әлемнің өзгеше реңкін қалыптастырады.

XX ғасыр қарсаңында әлемнің тілдік суретіне деген қызығушылық тұрақталды, оған осы мәселеге арналған көптеген жұмыстардың саны, атап айтсақ Г.А.Брутянның, С.А.Васильевтің, Г.В.Колшанскийдің, Н.И.Сукаленконың тағы да басқалардың еңбектері куә. Бұл мәселеге деген қызығушылық соңғы жылдардың когнитивті зерттеулерімен ілесіп, оның шеңберінде тілдік гельштаттар теориясының білім құрылымы ретінде фрейм теориясымен қосып айтады.

Тілдік гельштат теориясын Дж.Лакоффен шығарды. Гельштаттар – ерекше күрделі, маңызды тіл бірліктері, олар адамның ақиқатты қабылдау негізін құрайды, танымдық үрдістерді бағыттады, моторлы акттердің сипаты мен ерекшеліктерін айқындайды. Тілге қатысты гельштаттар күрделілігі бірнеше аспектілерден көрінеді. Мысалы, үстіртін тілдік деңгейде бір гельштат әр түрлі мағыналар түрінде жүзеге асырылады және тек арнайы ізденістер ғана оларды бірлік ретінде қалыптастырады.

Сонымен, гельштаттар – адам психикасының түпкірлеріне қатысы бар, табиғи тілдің категориалды шегінен тыс жатқан бірегей көзқарастар, ұғымдар, яғни, олар трансценденттінің мазмұнды көлемдері, ол көлемдер айттылғандардың шегінен тыс жатады және онымен табиғи байланыста болады. Нақтылы тілдік мәліметтер негізінде қайта құрылған гельштаттар өздері бірінші трансценденттінің нақты маңызды көлемдері болады.

Басқаша айтқанда, дүние суреті заттардың, үрдістердің, қасиеттердің т.б. «суреттерінің» жиынтығы ғана емес, өйткені ол белгіленген нысандарды ғана өзіне енгізбейді, сонымен қатар шағылдырғыш субъектінің көзқарасын, сол объектілерге оның қарым-қатынасын енгізеді, әрі субъект көзқарасы –

нысанның өзі сияқты шындық. Нақтырақ айтқанда, адам мен дүниені бейнелеп көрсетуі пассивті емес, ол әрекетті болғандықтан, нысанға деген қарым-қатынас сол нысандармен ғана туындап қоймай, сонымен қатар әрекеттің белгілі бір түрінің ықпалымен оларды өзгерте де алады.

Әлеуметтік–типтік көзқарастардың, қарым-қатынастардың, бағалардың жүйесі ұлттық тілдің жүйесінде таңбалық кескін табады және әлем суретінің тілдік құрастырылуына қатысады. Мысалы, халықтың «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағанда» деген сөзі сәйкес келеді.

Сонымен, әлемнің тілдік суреті адам түсінігіндегі әлемнің логикалық кескінімен тұтастай сәйкес келеді.

Әлемнің тілдік суреті түрлі тілдік құралдардың көмегі арқылы құрылады, біздің ойымызша, солардың ішінен ең көп таралған ол мифологемдер, бейне – метафоралы сөздер, коннотативті сөздер және басқалары. Басқаша айтқанда, біздің әлемге деген көзқарас жиынтығымыз жарым-жартылай әлемнің тілдік суретінің шырмауында қала бермек.

Әрбір нақтылы тіл өз өкілдерінің дүниеге деген көзқарас жиынтығын айқындайтын және оларда әлем суретін қалыптастыратын ұлттық төл жүйені өз ішіне сақтайды. Тілдің мағыналық жағында (шамалы грамматикада да) сол этностың әлем суреті көрсетілген, ол барлық мәдени стереотиптердің негізі болып табылады.

Тілде әлемнің солғын суреті бейнеленген, ал адамның практикалық қажеттіліктеріне жауап ретінде оның дүниеге бейімделуінің қажетті когнитивті негізі ретінде қалыптасуын айтуға болады. Прагматикалық эгоцентризм әрекетті адамның когнитивті өрісінде орныққандай және барынша қолайлы құрастырылады. Адам әрекетті қабылдап және қоршаған ортаға таратып, ұшан–теңіз кеңістіктерді, еңбекті және интеллектуалды іс-әрекетті, өз сезімдерінің өрісін өзі арқылы өлшейді. Сонымен қатар, адам өз мәнділігін жоғалтқанда немесе басқа да құнды приоритеттерді тандаған жағдайда әлемнің тілдік суреті сондай антропоцентризмнің үлгісін сақтап қалатынына назар аудару қажет.

Әлемнің солғын суреті едәуір прагматикалығымен ерекшеленеді. Прагматикалық түрліше бола береді. Абсолюттік ақиқатқа ұмтылып, осы типтің білімдері дәстүрлі ғылымның әділ ақиқат деп санағанынан бас тартуы күрделірек. Олардың белгісі ертінде формалды–логикалық қайшылық емес, ал өзінен-өзі үлгінің тұтастығы мен әр жақтылығы, оның тәжірибе жинақтауы үшін түсіндірмелі (жиі – квазитүсіндіруші) матрица болып қызмет етуге қабілетті.

Символ, теңеу, метафоралардың ығында қалған екінші сезімдер механизмінің призмасы арқылы бейнеленген кез келген нақты ұлттық дүниенің тілдік суретінің өзгешілігі мен ерекшелігін айқындайтын негізгі фактор. Сонымен қатар дүниенің әр түрлі тілдік суреттеріндегі ұлттық өзгешілік пен жан-жақты адам факторының анықтап алуы негізгі жағдай болып табылады. Дене түйсіктерінің генетикалық бағалау механизмі жан-жақты болғандықтан, әрі жан-жақтылы да, әрі ұлттық-өзгешелі адам әрекетімен араласып, ол осындай әрекеттестіктің арқасында сондай-ақ жеке-

дара да, типологиялы жалпы ерекшеліктері бар әлемнің тілдік суретінің құрылуына әкеліп соқтығады.

Әлемнің солғын суретінде эталон мен символдардың тандауы дәлелді түрде болады. Уәжділік бүкіл концептуалды жүйенің сипатына тәуелді болады және кейбір жағдайларда дүниенің тілдік суретінің деңгейінде анықталады. Тіл мен мәдениеттің байланысын түсіндіретін концепциялардың бірі В. Гумбольдке тиесілі. Ол мәдениетті ұлттың сипаттамасы әлемнің ерекше көрінуі арқылы тілде өз кескінін табады деген. Тіл мен мәдениет біршама дербес феномендер бола тұра, тіл мен мәдениеттің онтологиялық бірлігін қамтамасыз ететін тілдік таңбалардың мағыналары арқылы байланысады.

Тіл мен мәдениеттің ара-қатынастарының мәселелері жаңашыл лингвистикада ең өзекті қатарына енгенде, XX ғасыр аяғында лингвомәдени төңкерісті бастан өткіздік: соңғы бес жылда әрбір еуропалық мемлекетте бірнеше лингвомәдениет конференциялары өткізілді, олардың материалдары шықты, мақала жинақтары басылды.

Зерттеліп жатқан мәселеге туындаған қызығушылық – тілдегі когнитивті төңкерістің нәтижесі. Ол қызығушылық Р.М.Фрускиннің айтуы бойынша тұйыққа тірелген кезде пайда болды: адам туралы ғылымда адамды және оның санасын жаратқан негізі – мәдениетке орын жоқ.

Әрбір мәдениеттің өзіне тән кілт сөздері бар. Мәдениетімізде оның толық тізімі анықталмаған, дегенмен сондай сөздердің толық бірқатары жазылған –жан, бақыт, отан, ерік, дала, тағдыр, музыка (ән-күй) т.б. Мәдениеттің кілт сөздерінің болуы үшін, сөз жалпы жиі қолданылатын болу керек, осыған орай әрбір нақты тіл өздігінен төл жүйе болып саналады, ол оны қолданушылардың санасында өзінің белгісін тигізеді және оларда әлем суретін қалыптастырады.

Халықтың мәдениеті көрсетілген паремиялар, метафоралар, мақал-мәтелдер, символдар, соның ішінде жалқы есімдер нағыз тілдік ерекшелік болып табылады. Мақал-мәтелдердің, метафора, символдардың, номинативті бірліктердің ұлттық мәдени өзгешелігі мәдени коннотация арқылы қалыптасады. Тіл бірлігі – сөз – тек қана белгі болып табылады, оның қызметі – адам санасын ояту, онда сол белгіге жауап беруге дайын тұратын белгілі бір концепттерді қозғау.

Тіл мәдениетті ғана таратуға және кодпен хабарлауға мүмкіндік туғызатын механизм болып табылады. Мәтіндер мәдениеттің нақты қорғаушысы болып табылады. Адамның ішкі жан дүниесін көрсететін тіл емес, мәтін. Тек мәтін ғана тікелей мәдениетпен байланысты, өйткені ол көптеген мәдени кодтармен берілген. Мәтін ғана тарих, этнография, ұлттық психология, ұлттық тәртіп туралы мәлімет сақтайды. Мәтіннің құрылу ережесі өзі пайда болатын мәдениеттің контекстіне тәуелді болады.

Мәтін тиісті тандауда мәдени белгіні күшейте алатын төмен деңгейдегі тілдік бірліктерден пайда болады. Тұрақты тіркестер сондай бірліктер болып табылады.

Сонымен, субъективтілік әлем суретінің негізгі белгісі болып

табылады. Әлемнің тілдік суретінің қалыптасуында нақты әлем, ойлау әлемі және жалқы тілдік әлем қатысады, ал тілдік тұлға категориясы олардың арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Тілдік сурет қоғамда адамның тәртібін белгілейтін «тілдік тұлғаның құндылық иерархиясын» білдіреді.

«Тілдік тұлға – негізінен тұлға ұғымын қосымша мазмұнмен тереңдету, дамыту, толықтыру. Нақты тілдік тұлғаның, тілді жасаушы, иеленуші, қолданушы - адамға назар аудармай, өзінен өзі тілді танып білу мүмкін емес. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын, адамның вербальды тәртібі ерекшеліктерінің жиынтығы тілдік тұлға ретінде түсіндіріледі, яғни құзыретті тұлға. Тілді жасаушы және қолданушы тұлғаға жүгінбей тілдің қызметін толық тану мүмкін емес, сонымен қатар тілге (тілдік құралдарға) назар аудармай, оның әр алуан ұлттық, тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерінде тұлғаны танып білу де мүмкін емес.

Қоршаған ортадан мағына шығарудың қажеттілігі «ойланушы тұлға» формуласын берді; ал жаңа әлемнің бағалауында берілген ерекшелік «сөйлесуші тұлға» деп те белгіленеді; сонда негізгі назар құзырлы қажеттікке негізделеді. Сөйлейтін тілді әдетте, тек қана негізгі, коммуникативті әрекетте ғана емес, сонымен қатар эстетикалық деп атайтын әрекетте де қолдануға тырысады.

Француз тілшісі К.Ажеж «диалогты адам» ұғымын ұсынады. Мұнда адамның қоғамдық табиғаты мен барлық психология бөліктері бірге қатысатын диалог жағдайында психо-әлеуметтік субъектінің сөйлеуін түсінеді «Сөйлеу субъектісі» терминін өзара аумасып отыратын екі маңызды «сөйлеуші – тыңдаушы» мағынада емес, «тыңдаушы – сөйлеуші» мағынада түсіну керек, яғни адам жағдайларға байланысты бір нәрсе айтатын сөйлеуші де, әрекет жасайтын тыңдаушы да субъект болады.

Қарым-қатынасты индивидтер жүзеге асырады: олар коммуникативті құзыретті қолданады, коммуникативті тәртіптің тактикасы мен стратегиясын айқындайды. Әлемнің эмоционалды-субъективті құралы ретінде антропонимдер негізгі, маңызды фактор болып табылады.

Қарым-қатынастың қандай да бір жағдайларында сөйлеуші бір жағынан, мақал-мәтелдерді қолдануға ықылас білдіретінін, екіншіден, сондай қарым-қатынастың қатысушысы тілдік тұлғаның қай типіне жататынын назарға алып, прагматика ұстанымынан номинацияны қарастыруға болады. В.И.Карасик фольклор прагматикасының көзқарасынан тілдік тұлғаның екі түрін ажыратады: дарашылдық және әлеуметтік өзекті. Дарашылдық тілдік тұлға өзінің сөзін ашық және көркем сөздермен толықтырады, олардың арасында сөйлеуді безендіру және өзін-өзі көрсету мақсатында қолданылатын мақал-мәтелдер аз емес. Әлеуметтік өзекті тілдік тұлға өзінің мәртебесін дәлелдеу үшін қажетті сөздерді пайдаланады, ал мәртебелі екіұштылық жағдайда - өзінің әлеуметтік тобының мүшесін танып алу үшін қолданады.

Ойлаудың ұлттық жүйесі ең алдымен, лексикаға бекітілген. Жоғарыда аталып өткендей, елдің тарихы мен мәдениеті туралы ақпаратты жеткізетін және сақтап қалатын ұлттық ерекшелік аталым вокативтерде айқын көрінді.

Тілдің номинативтік құрамы құнды лингвистикалық мұра болып табылады, өйткені тек сонда ғана халықтың мәдени–тарихи көзқарасы, оның мәдениеті, салты, дәстүрлері көрінеді, қазақ халқының жалқы есімдері қазіргі уақытқа дейін оның менталитетін, мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа сақтап келе жатыр.

Сонымен, тілдік тұлға мәтіндерге «енеді, жүзеге асады» және олардың ішінде маңызды орын аталым вокативтерге жататын тілдік доминанттар арқылы сипатталады.

Тұлғаның тілдік мәдениеті негізінде жазбаша және ауызша сөйлеу нормаларының білімі, жүйенің мағыналық және айқындық мүмкіндіктері, көркем, публицистикалық және басқа да мәтіндердің зерттелуі жатады. Тілдік тұлғаның ерекшеліктері тек сонымен ғана емес, сонымен қатар оқыған материалдың сапасымен де айқындалады. Тілдік құралдарды талдау барысында тілдік тұлғаның әдеби ойлауы, әдеби талғамы анықталады. Әдеби мәтіннің элементі түрлерінің нақтылығы жазушыны тілдік тұлға ретінде қалыптастырады, автордың идиолектісіне де, белгілі жанрға немесе дәуірге тән мағыналы элементтердің жүйесін айқындауға көмектеседі.

Тілдік тұлғаны ең алдымен мәтін арқылы тануға болады, өйткені әрбір мәтіннің ішінде тіл жүйесімен қаруланған тілдік тұлға тұрады [46, 456.]. Мәтіннің коннотациясы оқырман мен автор арасында әрекеттесуі нәтижесінде құрылады. Оқырманның қабылдау даралығы, онымен ақпаратты селективті түрде қабылдауында көрінеді. Авторлық баяндауға енгізілген номинативті бірліктер халықтың терең даналығының куәсі, ал кейіпкерлердің сөйлеуінде тұлғаның тілдік және стилистикалық мінездемесі мен оның тілдік тәртібінің айқын құралы ретінде көрсетіледі. Әлем суретінің ұлттық-мәдени ерекшелігін қарастыруға зерттеушілер әр түрлі көзқарастар білдіреді:

- кейбіреулері тілді негіз етіп алады, тілдік жүйеліліктің призмасы арқылы тіларалық ұқсастықтар мен қайшылықтардың анықталған фактілерін талдайды және *әлемнің тілдік бейнесі* туралы айтады;
- басқалары үшін мәдениет негіз болады, белгілі лингвомәдени қоғам мүшелерінің тілдік санасы және *әлем кейіні* негізгі болып табылады.

Осы екі шешім арасындағы түбегейлі айырмашылықтар байқалмайды, және әлем кейімінің ресми мәлім зерттеулері тіл жүйесінің көзқарасынан дүниенің тілдік суретінің сипатталуымен алмастырылады.

Лингвистикада жалқы есімдердің семантикасы туралы сұрақ осы күнге дейін даулы болып қалады. Осы мәселе бойынша пайда болған көзқарастар қарама-қарсы көзқарастар болып көрсетіледі: *онимдерде* (сонымен қатар антропонимдерде) лексикалық мағынаның бар болуын мойындамауынан бастап, жалқы есімдердің тілде де, сөйлеуде де мағынаға ие болады деп танылуына дейін. Н.Ф.Алефиренкодан кейін біз «*онимдер* сөз болғандықтан олар біздің атау нысанының санамызда вербалды шағылысу ретінде мағынаға ие болмауы мүмкін емес» деп есептейміз және жалқы есімдерге өзінің ерекшелігі бар ономастикалық мағына тән [47, 168б.]. Антропонимияда қалыптасқан аяда онимнің лексикалық негізі мен апеллятив арасында белгілі бір деңгейде байланыс көрінеді. Бірақ антропонимнің ономастикалық

мағынасы мен апеллятивінің семантикасы арасында толық сәйкестік болмайды.

Ономастикалық мағына негізінде қайталанатын, ол әлем суретінің адаммен метафоралық интерпретациясының нәтижесі болып табылады. Антропонимдер қоғамда пайда болады және қызмет етеді. Олар оны қолдаушылардың тарихи–мәдени өмірлерінің бөлігі және «өзіне тән ұлттық мәдени компонент ретіндегі жалқы есімдердің арнайы ақпаратты құндылығы даусыз» [48, 171б.]. Этностың интеллектуалды–рухани және әлеуметтік өмірі тілде, әсіресе, антропонимияда орын табады. Жеке-дара мәдени тәжірибе, білім мен дағдылар қоры, ассоциация шеңбері т.б. басқа сөзбен айтқанда, адамның барлық когнитивті тәжірибесі, Лихачев бойынша, оның концептосферасына енеді [49, 5б.].

Ұлттық тілдің концептосферасы халықтың барлық тарихи тәжірибесімен сәйкес келеді және концепттер жиынтығын құрайды. Біздің ойымызша, оның мағынасын келесі анықтама толық көрсетеді «Концепт – лингвомәдени ерекшелікпен белгіленген және белгілі бір этномәдениетті қолдаушыларды қалай да болса бейнелейтін семантикалық құрылым» [50, 36б.]. Концепт когнитивті лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Когнитивті лингвистикамен антропонимдерді зерттеудегі жаңа аспектілер байланысты. Антропонимдердің лексикалық негіздері ұлттық көзқарасты, әлемді түсінушілікті, дүниетанымды көрсетеді. Егер тіл арқылы жалпы әлем суретінің көрінісі әлемнің вербальды, тілдік бейнесінің (моделінің) негізі болып табылса, онда ұлттық тіл лексикасының бөлігі ретінде антропонимияда дүниенің жалпы тілді суретінде тек бөліктері ғана орын табады [51, 114б.].

Концепттің талдауы тілдік формалардың семантикалық қорларын тереңірек тануға мүмкіндік туғызады. Ф.М.Фрумкина [52] бойынша, концептті зерттеу барысында ядро мен периферияны ажыратады. Ядро – ол кез келген лексеманың сөздік мағынасы, периферия – коннотациялар, ассоциациялар, прагматикалық лексемалар, субъективті тәжірибе. Концепт ядросы мен есім уәждеме ұғымымен тығыз байланысты ономастикалық семантика, оның перифериясын құрайды. Бір лексемалардың семантикасы әлемнің жалпы тілдік суретінде де антропонимияда да әр түрлі болып көрсетілетіндері қызығушылық тудырады. Әлемнің тілдік суреті бірыңғай мағыналы кеңістікті көрсетеді, оның шеңберінде семантикалық ой елегінен қайта өткізілуі жүзеге асырылады және одан ономастикалық мағына туады. Мысалы, қазақ есімі Қанат (оны «Құстар» концепт құрамында қарастыруға болады) денотативті «қанат» мағынасына ұқсас апеллятивке келеді. Номинативтік белгі, объективті әлемнің заттары мен құбылыстарының қасиеттерін көрсетеді. Қанат – ол құстың тірегі. «Қанаты қайырылды» тұрақты тіркесі «дербес әрекет жасау мүмкіншіліктерінің айыру», қанатты түсіру «қуат пен сергектікті жоғалту», қанаттану «ризашылығы артты» деген мағыналарды бекер білдірмейді. Метафора (кең мағынада) – затты немесе құбылысты айқындай түсу үшін өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау. Егер құстың тірегі – қанат болса, адамның тірегі – ұрпақ. Халықта

рудың адам саны көп болса, онда ол мықты болып есептелген. Әрбір отбасы рудың ұйымы ретінде мұрагер өсіруді армандаған. Антропонимияда «Қанат» сөзінің метафоралық қолданысы «ата-аналардың тірегі, қолғанаты» ұғымын бекітті. Руды жалғастырушы ұлдар болғандықтан, бұл есім ер балаларға қойылып отырған.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылайтын болсақ, жаңашыл лингвистиканың даму ерекшелігі антропоцентристік парадигмаға көшуде лингвистиканы тіл туралы ғылым ретінде түсінуде пайымдалады.

В. фон Гумбольд, психологиялық бағыт пен младограмматизм өкілдері М.М.Бахтин, В.В.Виноградов және т.б. еңбектерінен бастау алатын жаңашыл лингвистиканың антропоэзектік парадигмасы адамды барлық заттардың өлшемі етті, ол тілді адамда, адамды тілде зерттеуге мүмкіндік туғызады, тек XX ғасырдың екінші жартысында ғана тіл туралы ғылымның басты орнына келіп, лингвистиканың негізгі принципі ретінде антропоцентризмнің қалыптасуына әкеледі. Тілдегі адам факторына баса көңіл аудару лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағыттарын ашуға ықпал етті, ғылыми қызығушылықтың тіл бірліктерін меңгеру сұрақтарынан олардың сөйлеудегі қызметіне, адамның коммуникативті әрекеті сауалдарына қарай ауысты. Бірақ бұл қалыптасқан кезең жетістіктерінен бас тартуға емес, керісінше оны түзетіп толықтыруға әкелді. Ю.Н.Караулов бойынша, «әрбір мәтіннің ығында тіл жүйесі тұрғанын ешбір өзгертпей, әрбір мәтіннің іргесінде тіл жүйесін еркін меңгерген тілдік тұлға тұрғанын айта келіп, бұл түсінікті кеңейтуге болады» [26, 276.].

Сөйлеуші адам өзіндік тіл әрекетінің әрбір минутында үш жақтан көрінеді: тілдік, сөйлеуші және коммуникативті тұлға. Адам басқа адамдармен, әлеммен, мәтінмен қарым-қатынасқа түспесе, ол өзінің тілін, қарым-қатынас жасау дағдысын жоғалтып алады. Мәтін коммуникацияның өнімі мен құралы болып табылады, өйткені тіл тұлғаға ғана берілген және тілдік қарым-қатынас жасау үшін құрылған. Адам мәтін әлемінде тұрғандықтан, мәтіндер оның коммуникаттары болып табылады және өз жағынан бір-бірімен әрекеттеседі.

Әлемнің суреті ұғымы адамның әлем туралы көзқарастарының зерттеуіне құрылады. Әлемнің тілдік суретін зерттеу мәселесі адам ерекшелігі мен оның өмірін, оның әлеммен қарым-қатынасын, оның өмір сүру шарттарын көрсететін әлемнің концептуалды мәселесімен тығыз байланысты. Әлемнің тілдік суреті адамның әр түрлі әлем суреттерін айқындайды және дүниенің жалпы суретін көрсетеді.

Адамның құрамды бөлік сипатындағы әрекеті символикалық та, бір мезгілде универсальды және ұлттық ерекше де болып келеді. Оның бұл қасиеттері дүниенің тілдік бейнесінің ерекшелігін де, бірегейлігін де айқындайды.

Қабылдаудың заттық тәсілі басым болып келетін үйреншікті санадағы солғын әлем бейнесінің интерпретациялық сипаты болады. Тіл эталонды және ұжымдық стереотиптік түсініктерді белгілей отырып, адам санасының интерпретациялық әрекетін дұрыстайды және оны зерттеуге қолайлы жағдай

тудырады. Тілдің маңызы тек қана хабар беруде емес, біріншіден, хабарламаға жататын нәрсенің ішкі ұйымдастырылуында. Соның салдарынан тілде әлем туралы білімдер пайда болады, оның жүйелі элементі нақты тілдік тұтастықтың ұлттық–мәдени тәжірибесі болып табылады. Сонымен қатар, мәдениетті хабарлап таратуға, және кодпен беруге мүмкіндік туғызатын механизм болып табылады. Төмен деңгейдегі тілдік бірліктерден құралған мәтіндер мәдениеттің шынайы сақтаушылары болып табылады, олар сәйкестендірілген сұрыптауда мәдени белгіні күшейте алады. Антропонимдер, бірінші кезекте, дәл осындай бірліктер болып табылады.

Түрлі тілдердің фольклорлық жүйесінде көрсетілген дүниенің бейнелі суреті тілдік субъектілерден құралады, олар күрделі ұлттық бола тұра, барлық адамдарға ортақ (жан-жақты, логико-психологиялық және жеке дара лингвистикалық) негіздерге сүйенеді. Тілдік тұлға мәтіннің ішінде тілдік доминанттар арқылы қолданылады және суреттеледі. Фольклор тілдік доминанттардың арасында ерекше орынды алады.

Сонымен, есімжасаушылық өз жағынан субъективті және антропонимиядағы номинация субъективтігі халықтың менталитетін, әр түрлі тарихи кезеңдердегі дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді. Танымдық, түсіндірушілік, номинативтік әрекеттерді атқаратын метафоралар антропонимдердің ономастикалық семантикасын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Олар адамның когнитивті әлемнің тереңдігін және ассоциациялы – абстрактылы ойлаудың шындықпен байланысын көрсетеді. Когнитивті лингвистикалық жағынан антропонимдердің зерттелуі белгілі бір этномәдени ұжымда әлемнің тілдік суретінің семантикалық көлемін кеңейту үшін көптеген білімдерді жүйелеуге көмектеседі.

1.3 Қазақ антропонимдерінің ұғым-түсінігі

Қазақ тілінде есімдерді «сөйлету» Т.Жанұзақовтан басталады. Т.Жанұзақов өз еңбегінде қазақ антропонимдерін 4 кезеңге бөледі. Бірінші кезең. Бұл көне түркі халықтарынан V-X ғ.ғ. бастау алады. Бұған Орхон-Енисей және V-X ғ.ғ. табылған басқа ескерткіштер дәлел. Бұл антропонимдер екі компоненттен тұрады: 1-аты, 2-адамның дәрежесі, әскери атағы. Мысалы: Білге-қаған, Істемі-қаған, Барс-бег. Екінші компонент кей есімдерде адамның шығу тегін, руын да анықтайды. Мысалы: Озмыс-тегін, Күл-тегін, Иоллық-тегін.

А.Н.Кононовтың пікірінше, түркі халықтарының есімдері туралы жазылған ең құндысы – Махмұд Қашқаридің «Дивани-лұғат-ат-түрік» еңбегі. Еңбекте ат қою рәсімі негізгі жеті қажеттіліктен: ай-жұлдыз, жан-жануарлар, ру-тегі, адам қасиеттеріне баулу, арнау, туу жағдайы мен арман-тілектерге байланысты қойылып отырған [3, 386.].

Екінші кезең. Бұл кездегі антропонимдер XV-XVII ғ.ғ. қазақ эпостарында кездесетін есімдерді қамтиды. Шығармаларда кездесетін адам есімдері көбінесе -хан/бай/бек болып келеді. Зерттеуші В.Махпиров: «строгая иерархия всех должностей государственной (военно-административной)

власти, которая существовала в различных государственных образованиях тюркского общества, предполагала достаточно жесткую систему функционирования социальных детерминативов... Социальные детерминативы (титулы, ранги, должности), как наиболее значимые компоненты древнетюркской антропониимии, заключали себе полную информацию о социальном статусе носителя данного имени, о его происхождении и принадлежности к определенному слою общества и административном устройстве» деген [6, 125б.]. Ақ-қаралыққа қатысты есімдер, атаулар көптеп кездеседі, негізінен екі компонентті болып келеді: «әкесінің аты+өз аты» не «ру аты+өз аты», Қарақыпшақ Қобыланды, Қанжығалы Бөгенбай. Қазіргі кезде де мұндай адам есімдері бар: Сағындықұлы Бекен, Мекемтас Мырзахметұлы, Серік Мақыпұлы, Алтынбек Нұхұлы, Айтбай Айғабылұлы.

Үшінші кезең. XVIII-XIX ғ.ғ. қамтиды. Бұл кезеңде -хан/бай/бек/сұлтан аттары қалып, -жан қосымшасымен аттар көбейген. «Жан» ұғымы дәстүрімізде өз мәдениеттелігін ат қою рәсімінде көрсетті [6, 114б.]. А. Байтұрсыновтың зерттеулерінде –жан тұлғасы жасы кіші адамдарды еркелету формантының қызметін атқарады екен. Мәселен, Теміржан, Қазір жан қосымшасы есімнің бастапқы буынында келіп, біріккен түбірлі есімдерді құрайды. Мысалы: баласы болмаған адамдар шаңырағымызға жан қосылды деп, Жанкелді, Жанболат- болаттай, Жанұзақ – ғұмыры ұзақ, Жандос – барлық адамның жолдасы, Жандарбек – жан біткеннің дарындысы болсын деген есімдерді қояды.

Төртінші кезең. Бұл Т. Жанұзақовтың пікірінше, 1917-1918 жылдар мен 1983-1986 жылдар. Яғни кеңес үкіметіне байланысты, кеңестік есімдер. Марлен (Маркс-Ленин), Ренат (революция+наука+труд). Тіпті, есімдерін орысшаға бұрмалап, күнделікті өмірде Зейнеп – Зина, Бақыт – Валя, Гүлнар – Гуля, Тоқтар – Толя, Жеңіс – Женя болып кеткен.

Ғалымдар бесінші кезең деп 1986 жылдан бастап, еліміздегі әлеуметтік-саяси жағдайды ескеріп, тәуелсіздік алуымызға байланысты қазақ есімдерінің тілге, әдебиет пен түрлі өнер салаларына жақындауын атап көрсетеді. Бұлар: Айжан, Әйгерім, Тоғжан, Құралай есімдері [1].

Номинация теориясының бір нысанасы – атау негізінде жатқан белгілерді таңдауда адамның орны, яғни адам есімін атау, қою [85, 517б.]. Атау мәселесінде ономазиологиялық және семасиологиялық қатынас бар [9, 154б.]. Мысалы: Батыр 1) Ел үшін жаумен шайқасып жеңген ержүрек адам. Батыр тұлғалы дейді, яғни зор тұлғалы, алпамсадай адам. Жалпы Батыр есімі – қаһарман, батыл, ер жүрек дегенді білдіреді [48, 48б.].

Есім – затты не адамды, құбылысты атау үшін қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі. Есім объектіге қатысты болады. Яғни адам ойының ассоциация қабілетіне қарай номинация, антропонимдер жасалады. Мысалы: «Батырлар жырында» - Алпамыс батыр есімі – алп+мамыш сөздерінің бірігуінен жасалған, 1). алып- көне түркі тілдерінде дәу, дөкей, зор; 2). Мамыш – батыр мағынасын береді. Алпамса, алпамсадай – зор, денелі, еңгезердей кісі (дене, жігіт), [30, 35б.]. Батыр тұлғалы болғандықтан, есімін Алпамыс деп қойған

[30, 88б.]. Қамбар – арабша хамбар – күшті адам. Эпостағы батыр есімі. Тарғын – көне түркі есімі, ашулы, зілді мағынасында. Бұл да эпостағы батыр есімі [30, 136б.].

Қазіргі кезде ата-аналар балаға ат қоюға ерекше шығармашылықпен қарайды, бірақ мағынасы түсініксіз есімдер кездесіп қалады. Мысалы: Милана, Жанэль, Долорес, Жанетта. Бұл есімдер көбінесе батысқа еліктеуден пайда болған, батыс телехикаяларында кездесетін есімдер. Халқымыз мұндай есімдерді сынап отырған. Мысалы, М. Әуезовте: «Бір жылы Семей қаласында Шорманның Мұсасы кездескенде Құнанбай одан балаларының атын атап сұрағанда, жанында тұрған Абай: Садуақас деген Сағд бен Уақас әкелі-балалы екі кісінің аты ғой, оны бір адамға қойғаны несі екен» депті. Ал мұндай контаминацияланған есімдер қазір жиі кездеседі, тіпті сән болып кеткен сияқты. Ата-анасының есімдерінің бастапқы буындарынан не бас әріптерінен құралған аттар көп. Мысалы: Ернұр (әкесі- Ермек, анасы- Айнұр), Арнұр (әкесі-Арман, анасы- Нұргүл).

Сәбиге ат беруде көбінесе бай мен бекке, сұлтан мен төреге, әулие мен пайғамбар, құдай құрметіне, діни наным мен ырымдарға байланысты ат қояды. Мысалы: Томирис (әйел патша), Бейбарыс (сұлтан), Бекен (Бекмұхаммед- пайғамбар), Рамазан (діни). Кейінгі кезде меморативтер (осы есімді адамдармен байланысты аттар) басты орында. Бұлар: Нұрсұлтан (президент есімі), Олжас (қайраткер ақын есімі), Әлібек (әнші есімі), Әлихан (саясаткер есімі). Жағдайға байланысты да қойылған есімдер кездеседі: көршілес республика президенттері елімізге келгенде, Алматы қаласында бір отбасында үш ер бала дүниеге келген. Есімдерін – Нұрсұлтан, Асқар, Ислам деп қойған.

Дезиративтер – ата-анасының баласына деген арман-тілегіне байланысты қойылған есімдер. Көбінесе қария адамдар қояды. Мысалы: екі-үш ұрпақ қыз бала болмаған отбасында әжесі шаңырағымыз еркесіз, яғни қызымыз жоқ деп, қыз баланы армандап, туған қыз балаға осы үйдің «гүлі», «жаны» болсын деп, Еркегүл, Еркежан деп ат қою да кездеседі.

Зерттеуші В. Никоновтың есімдерді мағыналық топтастыруда меморатив, дезиратив, деминутивтер деп қарастырады [75]. Ғалым Т.Жанұзақов төртінші топты тарихи-мәдени немесе әлеуметтік есімдер, олар негізінен діни сенушілікке, төтем, табу мен халықтың мәдени дәстүріне байланысты қойылған есімдер деген [25].

Ал дескритивтер – сәбидің эмоциональды не бітім ерекшеліктерін бейнелеуіш есімдер, не сәбидің туған жері мен уақытына байланысты есімдер өте аз кездеседі. «...Сыр бойында туған соң Сырбай қойды атымды (С.Мәуленов)». Қорқыт туғанда анасын айнала қоршаған адамдар нәресте орнына қимылсыз жатқан қапшықты көреді. Бәрі құбыжық көргендей Қорқыттың анасын жалғыз тастап, ата жөнеледі. Бірақ анасы сабырлылық сақтап, қолына алып емізе бастағанда, нәресте жылап жібереді. Далаға қорқып қашқан адамдар үйге кіріп, бала есімін Қорқыт деп қоюды сұрайды. Екінші нұсқасында, үш күн, үш түн нөсер құйып, дүниені қараңғылық басып, адамдардың үрейін ұшырады. Сондықтан туған баланың атын Қорқыт деп

қойған [6,15]. Бұл екі аңызда адам есімі «қорку, шошыну» ұғымдарына тікелей байланысты дескриптивті аталған.

Адамзат тарихында адам аты-жөнінің алатын орны ерекше. Бұл орайда, әлеуметтік тұлға ретінде танылған адамзат атаулының тарихы – адамның аты-жөні белгілі бола бастаған кезден келеді деуге де болады. Көне дәуірдің нысаны – мифологиялық жүйеде, алдымен мифтік кейіпкер-бейнелер көңіл аудартады. Бұл ретте, кейіпкерсіз мифті ұштастыру қандай қиын болса, атау-есімі жоқ кейіпкерді ұштастыру да сондай қиын. Ал кейіпкерлердің атау есімі мифологиялық жүйе туралы таным-түсінік қалыптастыру жолындағы бірден-бір деректік негіз болып табылады. Яғни, адамзаттың жалпы тарихына ден қойғанда аты-жөні жоқ адам туралы сөз қозғау өзінен-өзі болжау тарих болып шықпақ. Адам есімі арқылы белгілі бір уақыт аясындағы белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, таным-түсінігін, арман-аңсарын, сондай-ақ басқа жұрттармен болған қарым-қатынастан аңғаруға болады.

Психологиялық тұрғыдан, есім адамға теңеледі екен. Адам өз есімінің атауына әбден дағдыланып, бала күнінен «санасына сақтап», қойылған есім – жеке адамның кодаторы сияқты дәрежеге жетеді. Тіпті, екі адамға уақытша Қаршыға – Қарлығаш аттарын алмастырып, аз уақыттан соң шын есімдерін атаған кезде есім иесі бұрылып қарайды. Мүмкін азан шақырып, сәбиге пәлендей болсын деп арман-тілекпен атаған кезде адамның өмір жолын кодификациялап қойған шығар деген ой келеді. Есімнің білдіретін мәні адамның болмысы мен өміріне әсер ететін сияқты. Елбасының аты - араб есімі, арлы, нұрлы сұлтан [5, 114б.]. Фамилиясы Назарбаев – Назарбай (-ев жұрнағы) есімі жұрттың ықыласына, ілтипатына бай болсын деген мағына - назарға бай, бүкіл әлем кеңістігінде танымдық аспектісін білдіріп тұр. Дәуіт, Бекмұхаммед, Сүлеймен, Мұса, Жүсіп есімдерінің бойынан пайғамбарлардың демеу, жебеу, қамқоршы болу қасиеттері сезілетін сияқты.

Көп адамдар өз есімдерін жақсы көреді. Мәселен, кішкентай сәби жақсы көретін ойыншықтарын өз есімімен (бір есімнің бірнеше деминутивтерімен) атайды: ойыншық мысықты – Еркеш, ойыншық түлкіні – Еркетай, ал мен – Еркегүлмін дейді. Ересек адамдар электронды поштаны, файлды өз аттарымен атайды. Американың Орегон штатында орналасқан «Толқындар технологиясы» орталығының мамандарының айтуынша, әр әріпте белгілі дыбыс дірілінің жиілігі бар, сол есімдегі әріптердің жиілігі адамға әсер етіп, белгілі бір қасиет қалыптастырады екен. Мәселен, дауысты дыбыстардан басталатын есімдер бірден қабылданады: Александр есімді адам басшы, ал Валентин есімді адам ғылым немесе өнер адамы бола алады дейді [6, 3б.].

Психологтардың пайымдауынша антропонимдер, олардың дыбысталуы есім иесіне жағымды/жағымсыз қасиет береді екен. Мұнда басты орында дауысты дыбыстар атқарады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша, еуропалық әйел адамдардың құлағына ер адамдардың есімін естіген кезге неғұрлым қонымды болып «и», «э» дыбыстарымен келгендері ұнамды эмоция қалдырады да, ал құрамында «о», «у» еріндік (лабиаль) дыбыстары

бар есімдер кері әсерлі реңкте ұғынылады екен. Егер антропонимнің құрамында дифтонгоидтар болса, онда алғашқы естілген дыбыс басымырақ ұғынылады. Қазақтарда мәселен, көбінесе Арман - Тілек, Азамат - Қанат, генонимнен болған Арғын есімі - Тарғын, Айдар - Қайдар, Алмас - Бектас, Асқар – Шалқар, Айдын Еркін, Ерсін дауысты дыбыстан басталатын есімдер құлағымызға бірден қонады. Ал дауыссыздан басталған есімдер бірден естілсе де есту сезімін тітіркендіре алмайды. Еуропалық ер адамдар үшін әйел есімдері «о» және «у» дыбыстарынан басталса - жағымды естіледі де, керісінше «и» және «э» дыбыстарынан басталған есім ұнамайды екен. Мәселен, Ольга, Олеся, Ульяна – Ирина, Инга, Элла, Эвелина.

Павел Флоренскийдің зерттеулеріне қарағанда, антропонимдердің бойында адамның өмірі мен оның мінез-құлқын айқындайтын күшті энергетика сақталады. Екі адамның қарым-қатынасы олардың есімдерінің қанша біркелкі дыбыстармен келуінде болса керек. Мәселен, Марина есімді әйелдің Алексей атты ер адамнан гөрі Александрмен табысты болады екен. Егір екі антропонимді дыбыстардың құрамы бойынша салыстырсақ: Марина мен Александр есімдерінде төрт біркелкі фонемалар кездеседі – н, р, а, а, ал Алексей есімімен тек бір ғана а фонемасы сәйкес келіп тұр.

Бұдан да маңыздысы дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі – олардың бойларында дауысты дыбыстарға қарағанда көп ақпарат сақталады екен.

Негізінен жанұяда бірдей есімдердің болмағаны дұрыс. Себебі, мұндай біркелкілік адамның өзін-өзі бағалауын төмендетеді: бұл жалпы жанұялық энергетиканы әлсіретеді, бала танымында екіұштылық болуы мүмкін: ол әрқашан өзіне бағытталмаған есімін естиді. Бұл өзін-өзі бағалауға кері әсерін тигізеді. Бұл мәселе көбінесе еуропалық жанұяларда кездеседі.

Шынында да, есім әуені адамдардың қарым-қатынастарына да әсер етеді: жағымды, жағымсыз эмоциялар қалдырады. Мысалы Итбай, Ұлтан есімдерін атына заты сай қойылған деп жатамыз. Бір танысым танысу кешінде Арманмен таныстым, Қанжармен танысқым келмеді дейді. Қазір ол Арманмен тұрмыс құрды. Кез келген адамның есімін алғаш естіген кезде аз ойланып, ақпарат алғандай боламыз. Қазіргі кезде есімдерге қатысты экстрасенстер болжам жасауда және адамның есімі арқылы болашақты болжау мәселесі де өріс алуда. Антропонимикон – заманның әлеуметтік және этникалық маркері болып табылады. Қазіргі кезде қазақ халқы ұлы ғұлама, хан, ақын, батыр есімдерін жаңғыртуда, яғни ата-аналар балаларына меморатив есімдер қояды. Павлодар облысы бойынша статистикалық көрсеткіште жиі кездесетін қазақ есімдері: Серік – 1492, Әлия – 1166, Айгүл – 1320, Сәуле – 1082, Арман - 877, Нұрлан – 827, Қанат – 804, Жанар – 797, Әсел - 734, Талгат - 712, Жанат – 702, Азамат – 570, Шолпан – 560, Қарлығаш – 529, Салтанат – 528, Ержан – 489, Асқар – 468, Айнұр – 465, Болат – 457, Айман – 415, Данияр – 405, Әсия – 400, Әсемгүл – 381, Бибігүл – 381, Әсем – 367, Баян – 364, Дәулет – 353, Айжан – 332, Ербол – 266, Ардақ - 263, Дәурен – 258, Ерболат – 254, Күләш – 236 [113].

Ал сирек кездесетін есімдер: Серікбол, Айсара, Айкүміс, Аққу, Сәуле, Ардана, Нұрхат, Нұрсәуле, Қайролла, Мейіз, Талап, Әспет, Зibaгүл, Қозы,

Қоныс, Есболат, Жандарбек, Инабат [113].

Қазақ есімдері ойдан шығарыла салмай, өн бойына бүкіл халықтың өмірі мен болмысын жинақтап, белгілі бір мағына береді. Қазақ есімдері – танымдық есімдер болып табылады. Әр есімнің мағынасы мен өзіндік формасы бар. Антропонимдер – адамның өзі туралы ақпаратты, оның ата-анасы, әлеуметтік жағдайы жайлы мағлұматтарды бере алады. Мысалы, Төрткемпірбіршал антропонимі – бала тұрмаған отбасында дүниеге келген сәбиді 4 кемпір 1 шалды қатар қойып, қыз баланы аяқтарының астынан өткізген. Бұл – бала тұрсын деген ырыммен баланы жоғары көтермей (тіл тимесін деп), керісінше аяқтың астынан өткізгені. Кейіннен шынында да сәби ер жетіп, қазір халық назарына бөленген әнші. Антропонимнің бойынан өзі туралы ақпарат – туған кезде белгілі бір ырымның жасалғандығы, ата-анасы туралы – балалары болмағаны, әлеуметтік жағдайы – жалғыз бала екендігі жайында ақпарат алып тұрмыз.

Есімдердің когнитивті болу қызметіне қарай мынадай аспектілерді белгілеуге болады:

1. Қазақ есімдері - мазмұнды, мағыналы аталымдар. Мысалы, кез келген есім өз мағыналық аясымен сипатталады: Жұлдыз – түн мезгілінде көрінетін аспанның жарық денесі, Шынар – таудың шыңында өсетін ағаш түрі, Әсем, Берік – заттың сындық қасиеті.

1. Әлемнің барлық кеңістігіне қатысты номинатив есімдер. Ғарыш, зоонимия, асыл тастардың аталымдарымен аталған есімдер. Мысалы, Шолпан, Жұлдыз, Ай-мен келген есімдер тобы көпшілік.

3. Когнитивті семантикалық есімдер, яғни есімдер тарихи кезеңнің маркері болып табылады. Тарихтағы кез келген үрдістер, әлеуметтік катаклизмдер этникалық қатынастардың даму ерекшелігін білдіріп қана қоймай, сол дәуірдегі антропонимдерді қалыптастырады. Мысалы, екі, үш компонентті есімдер: Бейбарыс, Ақарыс, Жанарыс.

4. Өмір сүріп отырған заманға сәйкес есімдер. Мәселен, Кеңес Үкіметі тұсында пайда болған есімдер: Декрет, Мэлс, Марлен, Даздравперма (да здравствует первое мая), Октябрь, Пионер, Мира. Халқымыздың антропонимдік жүйесі бұл есімдерден әлі де толық арыла алмай келеді. Мысалы, Аймира, Гүлмира, Дамир, Майя есімдері әлі де қойылып келеді. Павлодар облысы бойынша жасалған статистикалық көрсеткіште бұл есімдердің он сегіз жастан асқан адамдарда кездесу жиілігін байқауға болады: Гүлмира – 962, Альмира – 165, Мира - 75, Мэлс – 19, Мират - 12, Миргүл - 8, Миржан - 7, Мирагүл - 7, Маркс – 9, Тальмира – 4, Элмира – 3, Аймира – 9, Кульмира – 4, Владимира – 2, Октябрина – 22, Октябрь – 4, Гульзамира – 2, Ельмира – 7[113].

Ономастика жалқы есімдердің мағыналық аясына қарай жеті түрге бөлінген. Олар: антропонимдер, топонимдер, зоонимдер, космонимдер, хрононимдер, хрематонимдер. Соңғы кезде ғалымдар сурет атаулары - аркионимдерді қосады [3, 106.].

Антропонимика (грек *antro pos* – адам және *онута* – есім, ат) – ономастиканың антропонимдерді, яғни адам есімдерін, фамилияларын, лақап

және бүркеншік аттарын зерттейтін саласы. Адам есімдерінің жалпы жиынтығын антропонимия деп атайды. Ал оларды зерттейтін ғылым саласы – антропонимика болып табылады. Осы антропонимика аясында қолданылатын антропоним, антропонимия терминдері тіліміздегі кісі аттары, төл есімдер туралы материалдар деген ұғымды білдіреді [4, 107б.].

Антропонимдер құрамындағы немесе антропонимнің орнына жүретін сөздер бір ғана мағынаны не денотатты білдіріп, аталымды әр қолданыста жаңа қырынан жіктей түсіп, сол антропонимнің түрлі қасиеттерін айқындап, орнына жұмсала алатын дәрежеге жеткен кезде әр түрлі сигнификатқа ие болады. Денотат дегеніміз тілдік бірлік арқылы белгіленетін шындықтың көптеген объектілері. Денотат арқылы адамның танымдық қызметінің нәтижесі белгіленеді [5, 99б.]. Сонда денотат пен сигнификат тамырлас терминдер. Сигнификаттар – антропонимдердің мағыналық аясы, яғни антропоним туралы ұғым. Сигнификат антропонимдердің номинанты болып келеді. Антропонимдер - онимдер разряды. Адамның (топ адамдардың) жалқы есімі. Жеке есім, әкесінің аты, тегі, лақап аты, бүркеншік аты, криптоним, андроним, гинеконим, патроним [7, 31б.]. Топтық антропоним - антропонимнің түрі. Ортақ белгілеріне байланысты бір ұжымға біріктірілген топтың аты, ру аты, топтың лақап аты, топтың бүркеншік аты. Мысалы, «Отандықтар», «Азаттықтар», «Асарлықтар» (партия аттары), «Сүлейменовтар», «Бергеновтар», «Асайыновтар» отбасылары, «Уақтар», «Қанжығалылар», «Наймандар», «Керейлер» ру аттары, «Батырлықтар», «Асандықтар» «Алғалықтар» белгілі бір спорт клубының тәрбиеленушілері. Диалектикалық антропоним - диалектикалық лексика сөздерінен туындайды, көбінесе лақап аттар. Мысалы, Ертісбай, Аюбай, Журавель, Чимбарь, Козопас, Анока, Натаха [7, 32б.]. Әдеби антропоним - әдеби тіл нормасына сәйкес келетін жеке антропоним. Мысалы, Мұхтар Әуезов - Мұқан, Әбділда Тәжібаев - Әбең, Сәкен – Сәдуақас, Шоқан – Мұхамедқанапия, Абай – Ибраһим, өлең жолдарында Елбасы - Нұраға деп кездеседі. Поэтикалық антропоним - көркем шығарма антропонимі. Номинативтік функциямен қатар стилистикалық, әлеуметтік және идеологиялық функция атқара алады. Кейіпкерлердің сипаттамасы ретінде жиі кездеседі. Мысалы, Көлтауысар, Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, Қаңбақ шал, Тазша бала, Алдар көсе, Мыстан, И. Ильф «портной Соловейчик», «гражданин Лошадь-Пржевальский», «Серна Михайловна»; В. Маяковский «Октябрюхов», «Гигиенишвили» [7, 31б.].

Поэтикалық антропоним - ойдан шығарылған есімдер қатарына жатады, бірақ жазушы реалды өмірде кездесетін аттарды келтіріп, суреттеуде сөз тіркестерін де қолдана береді. Оттопоним антропоним - кез келген топонимдерден туындап, катойконим әсерінен пайда болады. Мысалы, ХҮІІІ ғ. Двиницын - Двинища өзені, когостровцев - когостровец - Когостров өзені. Аралдықтар - Арал өзені, балқаштықтар - Балқаш өзені.

Топоним - онимдер разряды. Белгілі бір аймақтағы жер объектісінің, адам қолымен жасалған объектінің жалқы есімі [7, 127б.]. Мысалы, Арал теңізі, Баянауыл ұлттық қорығы, Жасыбай көлі, Ертіс өзені, Тегістік ауылы,

ғарыштағы «Мир» станциясы. Зооним - жануарларға қойылған аттар. Мысалы, Ақтөс, Ақтабан, Майлыаяқ (иттің аттары), Қасқатай, Ақмандай (сиырдың аттары), Құлагер, Керқұла, Байшұбар, Тайбурыл (жылқының аттары). Космоним - ғарыш кеңістігі, галактика, жұлдыздар жүйесінің, шоқжұлдыздардың аттары: Жетіқарақшы, Шолпан, Үркер, Ай, Күн. Хрононим - тарихи кезеңнің атауы. Мысалы, қола дәуірі, қайта өрлеу дәуірі, Қалмаққырған, Аңырақай, Куликов, Бородино шайқастары. Хремоним - прагматонимнің түрі. Адам қолымен жасалған, теңдесі жоқ материалды мәдениет атауы және қару, музыкалық аспап, әшекей бұйым, асыл тастар мен ыдыс-аяқ атаулары. Мысалы, автоматтар: «Калашников», зеңбірек атаулары: «Троил», «Волк»; алтын қазбалар: «Верблюды», «Мефистофель», алмастар: «Орлов», «Регент».

Әр халықтың өмір сүрген дәуіріне тән антропонимикасы, есімдер тізбегі болады, яғни адамдардың есімі халық тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі адам есімі арқылы белгілі бір кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, танымын, сондай-ақ басқа елдермен болған қарым-қатынастарын аңғаруға болады. Антропонимдердің басқа жалқы есімдермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар, себебі адам есімдері ғасырдан ғасырға сақталып, қайта жаңғырып, қайталанып қойылып отырады. Әсіресе, меморатив есімдер: хан, бай, патша есімдері. Мысалы, Абылай, Шыңғыс, Темірлан, Томирис, т.б. Қазақтың төл есімдері – Қарлығаш, Болат, Арман, Әсем, Айнұр, Бақыт, Шолпан, Серік, Қайрат, Ермек, Жанар т.б. Бұл - тіл бірліктерінің барлығына тән объективті, ортақ заңдылық. Жалпы, мәдени дамыған елдерде адамды ресми тәртіппен атаудың өзіндік үлгі-нұсқасы болады. Мысалы, Үндістанда бұл жүйе үш компоненттен құралады: 1) жұлдызнама бойынша; 2) жынысына немесе дініне байланысты; 3) каста атауы немесе лақап атына қатысты [4, 166.]. Онимия адамның өмірі мен әрекеттеріне тікелей қатысты. Адамға жекешілдік пен идентификация қажет кезінде үнемі антропонимді қолданады. Идентификация – теңестіру, ұқсату деген мағынаны білдіреді. [8, 2856.]. Мысалы, адам компьютерде жұмыс істегенде файлды өз атымен, электронды поштаны өз атымен атайды. Ономастикада адам есімдері – антропонимдерді экстралингвистикалық категорияға жатқызады. Сонда адам атаулыға қойылған есімдер мағынасы неде? Ресейде «Пусть говорят» телехабарында көп, он бес балалы отбасының әкесі балаларына өз түсінік-тілегіне қарай: Король, Царь, Умница красавица любимица (бір есімнің атауы), тағы сондай ат, ерекше «атаулар» қойған. Қазақ халқы ерте кезде көбінесе дезиратив есімдер қойса, қазір меморатив есімдер дамып келеді [1, 2486.]. Осыдан 4-5 жыл бұрын Павлодар аймағына Сиднейде өткен олимпиада жеңімпаздары, боксшылар М.Ділдабеков пен Е.Бекмахановтар келгенде қала перзетханасында жаңа туған сәбилер Мұхтархан мен Ермахан есімдерін иеленіп, ата-аналары жеңімпаздардың сыйлықтарына қанық болған еді. Қазіргі кезде сирек болса да, бұл үрдіс жалғасын табуда. 2006 жылдың маусым айында Астана қаласында дүниеге келген сәбиге ата-анасы Нұротан деген есім беріпті. Республикалық партия атауын қойған, яғни жас отбасы баспана мәселесіне бұл партияның ықпалы

боларына сенім артады екен. Сонда соңғы кезде «стратегиялық» есімдер пайда болуда деуге болады.

Антропонимика тілдегі антропонимдердің номинациясын (атаулық), идентификациясын (ұқсастық), дифференциациясын (ерекшеленуін) және адамның жасына, отбасы, қоғамдық дәрежесінің өзгеруіне, басқа ұлт арасында өмір сүруіне, басқа дінді қабылдауына, «табуға» байланысты қызметтерін зерттейді [4, 176.]. Ал шығыс халықтарына тән өзіндік есімдер жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан еді. Антропонимика әкесі мен баласының атын (Сағындықұлы Бекен, Қамзабекұлы Дикан, Дандай Ысқақ), туған жерін (Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Әлішер Науаи, көбінесе орта ғасырлардағы есім үлгілері, қазіргі кезде де кездеседі: Әкім Тарази есімі, әскери дәрежесі мен әлеуметтік жағдайын (Баян батыр, Абылай хан), рулық қатынасын (Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай, Қара Қыпшақ Қобыланды) қамтып отырған [4,186.]. Теориялық антропонимдердің зерттеу мәселелеріне олардың шығу тегі, даму заңдылықтары, олардың құрылымы, жүйесі, мағыналық топтарына талдау кіреді.

Шынында кез келген атау ұлттық сана мен болмыстың тілдегі көрінісі деуге болады.

Психология психикалық құбылыстарды - түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейді десек, аталым процесінде объектінің субъектіге қатысы, атауды атау мен қабылдау, оның санамызда сақталуы мен ұғынуы психологияға тікелей байланысты. Объектінің есімізде сақталған атаумен байланысы – психикалық байланыс. Батырлар жыры кейіпкерлерінің есімдерінің белгілі бір заңдылықтар, ұқсастықтарға сүйене отырып аталуы және ол белгілердің таңдап алынуы – психологиялық факт. Логика - ойлаудың заңдары мен формалары туралы ғылым, ал ойлау ассоциацияға сүйенеіп, тіл арқылы көрінеді, сонда аталым психологиялық құбылыстарды танып білудің құралы ретінде маңызды. Есімнің мағыналарын тану, когнитивтілігін зерделеу психоллингвистиканың үлесіне тимек.

Тіл – қоғамның дамуы мен күресінің құралы. Тіл қоғамдық болғандықтан да, антропонимика философиямен байланысты. Тілдің мәні, оның таңбалық сипаты, ойлау мен атаудың ара қатысы, аталымның аталуы мен дамуы және т.б. жайттарды зерттеу үшін философия тіл біліміне бағыт-бағдар сілтейді. Сөз – тілдік категория, ал ұғым – ойлаудың формасы. Ал тілсіз ойлау мүмкін емес. Сондықтан тіл мен ойлау, аталым мен ұғым тығыз байланысты. Адамның ойлауы тіл формасы түрінде іске асатындықтан, философия қоршаған дүниенің аталым процесіне қалай әсер ететінін ескере отырып, ой аталымы материалды жамылғышқа оранып, көп жағдайда объективті шындыққа бағытталады.

Антропонимдер әдеби шығармалардың бірден-бір негізін құрай отыра, бүкіл мазмұны сол адамға арналады да, реалды бір өмір көріністері аталған кейіпкер төңірегінде өрбиді. Тіпті, автор шығармадағы кейіпкер аталымдарын да оқиға желісіне әр беретіндей сұрыптап алады. Мәселен, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі, Б.Майлиннің «Мырқымбай» сатиралық мысалы,

халық аңызы «Шық бермес Шығайбай». Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясындағы Еламан – елдің қамын ойлаған адам, Сүйеу шал – шығарма өрісінде қызының өмірін ойлаған қарт, Ақбала – оның болмыс-бітімін айғақтаушы есім, С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрым, Қалтан қажы, Көңілбай бақсы, Бәйтік молда жағымсыз бейнелер - шығарманың ономастикалық кеңістігіндегі басты кейіпкер аталымдары мазмұнға сай қолданыс тапқанын байқауға болады. Антропонимдер көбінесе тура мағынасында қолданылады. Антропонимдер арқылы шығарма қай тарихи кезеңге жататынын анықтауға және керісінше, халықтың өмір сүру уақыты арқылы есімдер қатарын айқындауға болады. Мәселен, XX ғ. басындағы әдебиеттің ағартушылық-демократиялық бағыты С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев есімдерімен байланысты. Жақып езіліп, еріп, балқып кеткен сияқты (Б.Майлин). Кейде автор әдейі белгілі бір кезеңдегі антропонимдер легін алады. Мәселен,

Есімдерге зер салсақ, кейіпкерлердің жасын да шамалауға болады: Гүлшат апай ақтарылмады, шешіліп сыр ашпады (Т.Әлімқұлов). Әдебиетте адам есімін коннотаттармен беру де бар: Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр жалтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті (М.Әуезов). Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінен байдың баласын Асан, ал жарлының баласын Үсен деп атауында не сыр бар? Неге керісінше атамасқа дегенде а дыбысын естіген кезде ашық, құлаққа жағымды эмоция қалдырып, бірден қабылданады. Ал, Үсен есімінің алғашқы ү дыбысының қысаң, көмескілеу естілетінін мойындау керек сияқты. Орыс шығармаларындағы Петька, Петруха, Анька есімдері көмескі, күлкілі естіледі. Су отынды жөнді жандыра алмай, ыза болып аспазшы Петька жүр (Ә.Шәріпов). Антропонимдердің фонетикалық айырым қатарлары оның лексикалық мағыналарын өзгертуге себеп бола алмайды. Антропонимдердің апеллятивіне қосымшалар жалғануы арқылы негізгі түбір мен туынды түбір бір-біріне синонимдес қолданыста болады: Қоблан – Қобылан – Қобыланды. Этнограф Ш. Уәлихановтың пікірінше, қазақтың батырлық жырларында ноғайлы заманының шынайы өмірі суреттеледі. Ғалымның жазып алған «Манас» жырының «Көкетайдың асы» бөлімінде Ер Қосай, Ер Көкше есімдері кездеседі. Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайдың ауыз әдебиеттерінің бір түрі – батырлар туралы жырлар. Бұлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы» деп жазады [12, 30б.].

Ә.Марғұлан Қосай мен Манасқа келіп қосылатын Әлмамбетті қарлұқ, Байсын жерінің ұрпағымын деген. Ал «Алпамыс батыр» жырында:

Жиделі Байсын жерінде,

Қоңырат деген елінде, дегенде Байсын топонимі кездеседі.

М.Әуезов: «Бұл дастандар көбіне сонау бір бағзы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып табылады. Батырлар жырының кейіпкерлері – Қобыланды, Тарғын, Қамбар сияқты аға

батырлар мен Алпамыс, Сайын тәрізді іні батырлардың есімдері тарихи оқиғаларға байланысты» деген [12, 235б.].

Т.Қоңыратбаев антропонимдерді саралау арқылы олардың генеалогиялық жүйесін, этнологиясы мен семантикалық мағынасын ашуға болады деген. Ғалымның антропонимдер жайлы соны зерттеулері қаһармандық жырлардағы кейіпкерлер аталымдарынан көрініс табады. Ол эпостағы адам есімдерінің мағынасын тарихи деректерге, қазақтың шежіресіне сүйене отырып айқындайды [12, 172б.].

Сонда шежірелік антропонимдерді пайдалана отырып, қазақ антропонимикасын терең зерттеуге мүмкіндік туады. Зерттеу тәсілінің эпостық жырлардың кейіпкерлері аталымдарын зерделеуде маңызы зор. Бұл Т.Қоңыратбаевтің «Эпос және этнос» атты монографиясында айқын көрінеді [12, 173б.]. Ғалымның пайымдауынша Қобыланды есімді батырды тарихи дереккөздерден кездестіру қиын, сол негізде оның тарихи антропоним екенін айғақтайтын жанама дерек көзі - шежіре болып табылады. Шежіре деректеріне сүйенер болсақ, Қобыланды - Әбілқайыр (XVғ.) заманында өмір сүрген. Екінші жағынан шежіре Қобыланды ұрпағының Кіші Жүз - Әлім ішіндегі Тайқожа - Ақкете - Аққошқар - Айдар - Әлімбет - Ебескі руымен байланысты екенін білуге болады. Ебескі - Қобыландының жиені, оның анасы - Құланбике қара қыпшақ Қобыландының қарындасы, қыпшақтың Бектемірден тарайтын ұрпағы - Тоқтарбай - Қобыландының әкесі [12, 173б.].

Есім – адам өмірінің ерекше белгісі. Халық “Ер есімі ел есінде» дейді. Есім денотат жайында хабарлайтын атау қызметін атқарады, яғни атау – ақпарат беруші құрал деуге болады. Адамға берілген есімдердің барлық түрлері (адамның төл есімі, лақап аты, бүркеншік аты, әкесінің аты, криптоним, андроним, гинеконим, патроним) ономастика ғылымының бір саласы болып табылады да, антропонимдік жүйені құрайды. Мысалы, төл есімі - Ерасыл, Темірлан, лақап аты - Қабанбай батыр, Ақсақ Темір. Лақап аттар ономастикалық жүйеде есімнің үстеме компоненті, жеке тұлғаның қосымша, екінші есімі болып табылады. Қазан төңкерісіне дейін қазақ ауылында әр адамның жағымды не жағымсыз қасиеттеріне, қабілеті мен денесінің ақауларына байланысты өз есімінен басқа лақап аты болған. Кейін фамилия енгізілгендіктен лақап аттарды қолдану біртіндеп азайған [5, 76.]. Қазір де ауылдық жерлерде лақап аттар баршылық. Мысалы, Құлақ, Бадырақ, Бауырсақ, Ақсақ, Сырық, Соқыр, Данғой. Бүркеншік аты - адамның қоғам өмірінде төл есімімен қатар немесе оның орнына жүретін ойдан шығарылған антропоним. Мысалы, Ленин (Владимир Ульянов), Сталин (), Антоша Чехонте (А.П.Чехов), Максим Горький (Евстигней Смертяшкин) [7, 113б.]. Әкесінің аты - шығыс халықтарында -ұлы, -қызы деп атау. Мысалы, Сағындықұлы, Мырзахметұлы, Нухұлы. Криптоним - жердің, қаланың, заттың құпия атауы. Мысалы, Москва, Батус, Батусья делінген [7, 68б.]. Андроним - әйелдерді күйеулерінің есімдері, фамилияларына ұқсатып атау [7, 29б.]. Славян халықтарында көп кездеседі. Мысалы, Егориха, Семениха. Гинеконим - ер адамдарды анасының немесе әйелінің есіміне ұқсатып атау [7, 50б.]. Мысалы, Ленин есімінің аталу (В.И.Ульянов) себебі: оның Лена есімді

калыңдығы болған екен. Патроним - әкесінің немесе ата-бабасының есімдері бойынша аталған парадигма есім деуге болады. Мысалы, Иманханов Асайын Бергенұлы - Бергенов Жеңіс Асайынұлы - Асайынова Еркегүл Жеңісқызы.

Адамның өзіне тән мінезін, ерекшелік қасиетін, дене бітімінің кемістігін көрсететін сын есім тұлғалы лақап аттар кісінің шын атының алдынан келгенде бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады. Мысалы: Қозы Көрпеш, Алдар Көсе, Қыз Жібек, Балуан Шолақ, Ер Тарғын, Ер Төстік, Қамбар батыр, Қобыланды батыр, Жиренше шешен, Ақан сері, Біржан сал т.б. Айқындауыш, анықтауыш сөздер кісі есімдерімен қатар келгенде кіші әріппен бөлек жазылады. Мысалы: ақын Жамбыл, ғалым Асан.

Қазақ антропонимиясының өзіндік зерттелу тарихы, ғылым ретінде шығу, қалыптасу, даму стратегиялары бар. Қазақ есімдері туралы мақалалар ХІХғ. екінші жартысынан бастап жарық көре бастады. Алғашқы зерттеушілер А.Диваев, А.Алекторовтар еді. Есімдерге этимологиялық талдау жасаған ғалымдар Ш.Уәлиханов, В.Даль, И.Ильминский болды. Антропонимдердің тұлғалық топтары, құрылымы жайында тұңғыш мақалаларды І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаровтар жазған.

Қазақ антропонимиясының негізін салушылар - І.Кеңесбаев пен Қ.Жұбанов. Ал дамуына ерекше үлес қосқан Т.Жанұзақов болды. Жалпы қазақ есімдерін ең алғашқы зерттеушілердің бірі – ономаст ғалым Телғожа Жанұзақов. Оның антропонимдер туралы көптеген еңбектері: «Қазақ ономастикасының мәселелері» [10], «Есімдер сыры» [5], «Ваше имя?» [11] бар.

Антропонимдерді зерттеуге ономаст ғалымдар Т. Жанұзақов, Ә.Қайдаров, Ә.Қоңыратбаев, О.Султаньяев, Т.Қоңыратбаев, Б.Хасанұлы зор үлес қосты. Ғалым Т.Жанұзақов антропонимдерді төрт кезеңге бөліп, әр кезеңдегі есімдердің құрылымдық аспектілерін мұқият зеттеген.

Ә.Қайдар антропонимдер арқылы хронологиялық кезеңдерді тануға болады деген пікір айтқан. Қазақ есімдерінің шығу, қалыптасу жолдары қазақ тіліндегі антропонимдердің зерттелуімен байланысты. Антропонимикалық зерттеу атаулының іргетасы болып табылатын қазақтың төл есімдері қазіргі күнге дейін әлі толық жинақталмай келеді.

1950 жылдан бастап антропонимдер тарихи лексика, этнография, қоғам тарихымен тығыз байланыста зерттелді. Есімдердің құрылысы, грамматикалық формалары, лексикалық мағыналары мен жасалу заңдылықтары терең зерттеліп, көптеген ғылыми мақалалар жазылды. Дәлірек айтсақ, қазақ антропонимдерінің табиғаты, фонетикалық ерекшеліктері ескеріліп, басқа түркі тілдерінен енген есімдердің қалыптасып, дамуы зерттелді. Антропонимиялық аталымдар сөзжасамдық, морфологиялық, этнолингвистикалық, тарихи-семантикалық қырынан зерделеніп, олардың құрылымдық жүйесі мен мағыналық топтары анықталды. Бұл зерттеулер қатарына А.Сейдімбектің «Есім де елдіктің айғағы», Б.Досжановтың «Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер», Н.Асылбекованың «Кісі есімдерінің уәжділігі мен танымдық сипаты», А. Ибатовтың «Кісі аттарының құрылым жүйесі», М.Мырзахметовтың

«Қазақ топонимдері мен антропонимдері» атты еңбектерін жатқызуға болады. Есімдер туралы сөз еткенде Т.Жанұзақовтың «Есімдер сыры», «Ваше имя?» анықтама сөздіктерін, Т.Жанұзақов пен К.Есбаеваның «Қазақ есімдері» атты негізгі түбір есімнен өрбитін туынды есімдерді қосқанда он мыңдай төл есімдер қамтылған анықтама сөздігін айтуға болады. Аталған сөздіктерде әрбір есімнің мағынасы, түсінігі, қойылу сыры мен себептері берілген. Қазақ антропонимдері болып сіңісіп кеткен, күнделікті тұрмыста кең қолданыстағы араб, парсы, монғол, славян және Батыс Еуропа тілдерінен енген есімдердің шығу төркіні берілген. Сөздіктерде есімдердің халықтық салт-сана, әдет-ғұрыпқа, этнографиялық жағдайларға байланысты қойылу сырлары толық сипатталған.

Л.Рүстемов еңбегінде араб-парсыдан ауысып келген сөздер жайында мәліметтер көп. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің актив сөзіміздегі жалпы қолданысы 15% екенін анықтады [38]. Ғалым араб-парсы сөздерінің тілімізге ену кезеңін үлкен екі дәуірге бөліп қарастырады. «Бірінші дәуір – XV ғасырға дейін, яғни қазақ халқының қалыптасуына дейін болса, екінші дәуір – XV ғасырдан октябрь социалистік революциясына дейінгі дәуір» [38, 52-53б.]. Әлбетте, араб-парсы сөздері тілімізге бір мезгіл, бір дәуірде келіп жетпеген. Олай болса, олардың әр түрлі әлеуметтік қоғамның ыңғайына қарай енуі заңды да. Сондықтан араб-парсы сөздерінің тілімізге келу, қалыптасу сырын қоғам тарихының даму, ауысу кезеңдерімен байланыстыра қарау керек.

Кез келген атау белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың ұғымдық мәні (денотат) болып табылады. Осы ұғымдық мән арқылы, яғни атау арқылы мазмұндық мәнге ден қоюға болады. Жаратылыс пен құбылыстық ұғымның мәнін (атауын) білмей тұрып, оның мазмұндық мәнін атауға ұмтылу арқылы белгілі бір жаратылыс пен құбылыстың мазмұндық мәнін танып-түсінуге жол ашылады, бағдар айқындалады. Бұл ретте де, аталымның таным жолындағы маңыздылығын ескерген жөн.

Араб-парсы тілдерінің түркі тілдеріне, әсіресе орта ғасырда мықтап әсер еткені анық байқалады. Бұл XIV ғасырға тән кумандардың жазба ескерткіші «Кодекс-куманикустан» анық көрінеді. Ол жөнінде Клапрот, В.В.Радлов, Гренбек өз зерттеулерінде арнайы тоқталып, белгілі дәрежеде пікірлер айтқан-ды [39].

Антропонимдердің құрамындағы басқа тілдерден енген топтардың сан жағынан көбі – араб есімдері. Парсы тілінен енген есімдер араб тілінен енген антропонимдермен салыстыра қарағанда тым аз. Бірақ парсы тілінен енген есімдер жас шамасына қарағанда араб тілінен енген есімдерден көнерек. Өйткені түркі тілдеріне иранизмнің ертеден енгені тарихтан белгілі. Осы пікірді 30- жылдары профессор С.Асфендияров та қолдаған.

Араб-парсы тілдерінен енген есімдердің аббревиатура, ассимиляция, диссимиляция, аккомодация, апакопа, гаплоглогия жолдарымен субституцияға түсетінін байқау қиын емес. Екі я үш компоненттерден жасалған кісі аттарының бастапқы немесе соңғы компоненттерінің түсіп қалып өзгеруі де жиі кездеседі.

Түркі халықтары жеке кісі есімін қоюда, көбіне табиғат аясында болып жатқан көріністермен өздері ұстанған діни-нанымы мен дүниетанымына, тарихи өзгерістерге тәуелді болып келетіні байқалады. Не себепті түркі халықтары иеленген кісі есімдерінің мағынасы мен аталымы уақыт өткен сайын әрқилы өзгерістерге ұшырап отырған, оны өзгертудегі ықпал ететін шешуші құбылыстарды қалай танып білеміз? Түркі халықтарының өткендегі ең көне дәуірдегі ата-бабалары сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттері деректер көзіне назар аударар болсақ, ол есімдер таза, әрі мөлдір түрінде ешқандай басқа халықтар есімімен араласпай сақталған. Тұран жеріне әуелде сұрапыл шабуылдар жасап және оқтын-оқтын қайырыла басқыншылыққа ұмтылып отырған Қытай мемлекеті болатын. Енді б.з.д. V – VIII ғасырда, Түрік қағанаты дәуіріндегі заманда да түркі антропонимдеріне өзгеріс енген, бастапқы түркілік қалпын сақтап қалған ерекшелікті көреміз.

Көне түркілік Орхон жазба ескерткіштеріндегі түрік қағаны Білгенің түркі халықтарына арнау сөзінде осы мәселеге назар аударып өтетіні бар.

Түркі халықтарының топонимдері мен антропонимдерінде ирандық парсылар отқа табынатын заратризм нанымын ұстанған тұста антропонимдік өзгерістер тым аз, тым сирек ұшырасатын болса, кейіннен түркі халықтары мен парсы жұрты екеуі де исламды қабылдаған соң, екі арада діндік алшақтықтың болмауы себепті, кісі есімдері бір-біріне еніп, ортақ құбылысқа айналған жағдайды көреміз. Тарихта Иран – Тұран арасында болып өткен тарихи тайталастың нәтижесінде бұл халықтар тілі, ділі, діні жағынан бір-біріне ықпал етіп отырған дерек көздерінің өзі сайрап жатыр. Осы тұста алғаш рет түркі халықтары антропонимдеріне парсылық антропонимдер элементі кіре бастаған құбылысты аңғаруға болады. Әрине, мұндай құбылыстар жаппай болмаса да, ішінара көрініс бере бастағаны да рас. Мысалы, Салар, Тахмина, Рүстем, Афрасияп, Аспарух. Бұл құбылыстар парсылардың жаулап алып, ислам дінін таратқан тұста, тіпті күшейе түскенін байқаймыз. Шыңғысхан әлемнің жартысын жаулап алса да, бірде бір халықтың тіліне, діліне, ұлттық салт-санасы мен әдет-ғұрпына қол салған емес. Бұл саясат үш жүз жыл бодандықта болған славяндардың тілі мен дінін сақтап қалуы мен ұлттық санасының оянуына зор тірек болғанын қазір өздері де мойындай бастады. Міне, сол себептен моңғолдар тарапынан түрік халықтарының антропонимдік табиғатына елеулі өзгеріс енді деуге келмейді.

Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да ұзына тарихында адам есімдерінің алуан түрлі үлгісі жасақталып, ұлт болмысын айғақтайтын төл есімдер жүйесі қалыптасқан. Дүниеге келген сәбиге ат қоюдың қазақ ұлтына ғана тән төлтума дәстүрі орныққан.

...Құттықтап әркім келіп, қалау алып,

Ат мінді молда-дағы атын қойған [35, 185б.]

Бұл ретте, қазақ антропонимикасы қазақ ұлтының төлтума қасиеттерін, дәстүрлі дүниетанымын, арман-аңсарын, тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік ахуалын, қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесіне дейін айғақтай алатын аса мәнді тарихи дерек көзі болып табылады. Яғни, қазақ антропонимикасын ұлттық төлтумалықты танытуға қатысты мән-маңызының

айрықша екендігі соншалық, бұл мәселеге тек этножаралымның тарихи айғақтарының бірі деп қана қарау жеткіліксіз, сонымен бірге дербес даму жолын бастаған қазақ ұлтының төлтума болмысын қалпына келтіруге және орнықтыруға мұрындық болатын аса мәнді тарихи-рухани тетік ретінде көңіл бөлу қажет. Іштен шыққан перзентке оның да қазақ дейтін халықтың бір мүшесі екенін сезіне отырып ат-есім таңдаған абзал. Әрі-беріден соң, ұлттық төлтумалыққа, елдің тәуелсіздігі мен дербестігіне қызмет етудің бұл да бір үлгісі.

Өкініштісі, қазақтың өз болмысы мен дәстүріне сай антропонимикалық категориялары тарихи дұбаралануды бастан кешкен. Қазіргі қазақтар негізінен орыстың төл есім жүйесінің, яғни антропонимдік үлгісінің ықпалында қалған жағдайлары да кездеседі. XVIII ғасырдың басындағы документтерде тілімізге опрыс тілінен енген есімдер кездесе бастайды. Алайда ол кездегі есімдер тым санаулы ғана еді. Мәселен Мекэил(Михаил), Мэтби (Матвей), Андре, Жагор (Егор), Анна, Мәриям. Осылармен қатар орыс тіліндегі жалпы есім сөздер мен әскери терминдерден қойылған есімдер де болды. Олар: Бәтес(батист), Болатнай (булатный), Сәтен (сатин), Кампит (конфета), Пүліш (плюш), Жандарал (генерал), Майыр (майор), Полковник, Капитан, Отрат (отряд), Салдатбек (солдат сөзіне –бек тұлғасын қосқан) т.б. Сондай-ақ өз есім тұлғасынан ауытқып, фонетикалық жылысулар арқылы лақап аттардан жеке есім дәрежесінде қолданылатын: Тілеукабылдан – Телекабль, Мотор, Золотой есімдері де кездеседі.

Орыс тілінен енген есімдер саны әсіресе, кеңес дәуірінде көбейе түсті. Әйелдер есімі: Алла, Аниса, Анфиса, Валентина, Галина, Зоя, Зина, Лариса, Нина,Рая, Рева, Рада, Света, Люция, Нира т.б.; Ерлер есімдері: Алексей, Аркадий, Владимир, Владлен, Вилжан, Денис, Ждан, Виктор, Ефим, Клим, Максим, Мирон, Илья т.б.

Орыстың төл есім жүйесіне тән үш буындық тән үлгіні (өз есімі, әке есімі, ата тегі) әлем халықтары қолданбайды десе де болады. Мұндай үлгі қазаққа да жат. Қазақтың моральдық-этникалық қарым-қатынас нормасына үштік атаудан тұратын орыстың төл есім жүйесі мүлде сай келмейді. Қазақ ономастикасының лексикалық-семантикалық жүйесі, тіл мен этнос тарихына қатысы апелятивті лексикамен тарихи диалектологияның ономастикасымен байланысы, сөз туындатушы морфологиялық типтердің заңдылықтарын саралау, қазақ тілінің сөздік қорындағы ономастикондарды анықтау, ономастиканың тарихи-мәдени өмірімен, этнографиясымен және географиясымен байланысы сияқты біраз тақырыптарға қатысты зерттеу жұмыстары атқарылды. Мұндай ізденістер барысында қазақ ономастикасының аясындағы антропонимдерге (кісі есімдері), топонимдерге (географиялық объектілер атауы), теонимдерге (тәңірлік немесе киелі атаулар), зоонимдерге (жан-жануарлар атауы), астронимдерге (космос кеңістігіне қатысты атаулар), фитонимдерге (өсімдік атаулары), хронимдерге (тарихи оқиғаларға қатысты уақыт шежірелері), идеонимдерге (рухани мәдениет объектілерінң атаулары) дербес таным салалары ретінде ден қоюға жол ашылды. Этнос аясындағы төл есімдер мүмкіндігінше толық

жинақталмай тұрып, антропонимикалық зерттеулер жүргізу немесе ғылыми объективті ой-тұжырымдар жасау қиын. Әсіресе, этностың төл антропонимдерін синхронды және диахронды зерделеу, олардың тарихи сыр-себептері мен мән-мағыналарын саралау, антропонимдердің мүмкіндігінше молынан қамтылуын қажет етеді.

А.Смағұловтың «Қазақ есімдері. Анықтама көрсеткіш» сөздігінде қазақтың төл антропонимдерін синхронды және диахронды зерттеу, тарихи мән-мағыналарына сараптау жасалған. Осы ретте қазақтың шежірелік мұрасы қазақ антропонимдерін әрі толық қамтуға, әрі ғасырлар бойы синхронды және диахронды қалпында саралауға мүмкіндік бере отырып, тарихи кезеңдер болмысының антропонимдік деңгейде ерекшеленуіне ықпал ететініне тоқталу керек. Атап көрсетсек, қазақ шежірелерінің басым көпшілігі негізінен 19-22 атаны (ұрпақты,буынды) қамтып отырады, яғни этнологияда ұрпақ аралық меже 20-25 жылдан болғанда, 19-22 аталық түзілімнен тұратын қазақ шежірелері XV-XX ғ. аралығындағы генеологиялық түсінік болып келеді. Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдегі ұрпақтар сабақтастығын бейнелеген түзілім деуге негіз мол. Міне, дәл осы тұрғыда шежірелердегі есімдер түзілімі қазақ антропонимикасы үшін аса мәнді дерек көзі ретінде назар аударады. Қазақ антропонимдері қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңнен ғана айғағы деп тұжырым жасауға болмайды. Қазақ арасында күні бүгінгі ұшырысатын (әсіресе шежірелерде) Әбілқайыр, зере, тұмар, Зұлқарнай, Мәди, Мақан, Мұқан, шаттықберген, Ханкелді, Бек, Байғұт, Жабағы, Шора, Алашбай, Дулат, Алшынбай, Әжібай, Кейқуат, Тәңірберген, Керей, Жәнібек, Қазақбай, Тәуке, Абылай, Орысбай, мәле, Ким, Ренат, Олжас, Нұрсұлтан, Темірлан, абай, ақназар, Шоқан, сырым сияқты есімдер тарихи кезеңдердің айғағы екені күмән келтірмейді. Осы аталған антропонимдердің ішіндегі діни-мифологиялық Адам ата мен Хауа ананың перзенттері Әбіл мен Қабыл былай қойғанда, басқаларын тарихи ақпараттық, идеялық мазмұндық және этимологиялық тұрғыда сараласа, соңғы төрт-бес мың жыл аясындағы тарихтың сілем-таңбасын бажайлауға болады. Бұл ретте антропонимдерді тарихи кезеңдер драмасының семеотикалық айғақ-белгілері деп атауға толшық негіз бар. Осы орайда, қазақ шежірелік мұрасы қазақ антропонимдерін әрі толық қамтуда, әрі ғасырлар бойынша диахронды және синхронды қалпында саралауға мүмкіндік бере алатынын, ондай түзілім арқылы тарихи кезеңдердің барша болмысын антропонимдік деңгейде айқын айғақтауға болатынын айрықша қызығушылықпен атап өтуге болады.

2 ЖЕРГІЛІКТІ АҚЫНДАР ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

2.1 Антропонимиялық аталымдардың мағыналық топтары

Тілтану ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша жинақталған негізгі фактілер: 1) тақырыптық, 2) мағыналық және 3) қолданыс ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлініп қарастырылып, олар өз ретінде бірнеше кішігірім лексика-семантикалық топтарға жіктелді.

Қазақ тілінің антропонимиялық лексика құрамында оқшауланып тұратын «аталымдардың» табиғатына тән ерекшелік – олардың жасалуына негіз болатын аталымдардың тақырып шеңберінің өте кеңдігі. Басқаша айтқанда, жалқы есімдердің баламасы ретінде (көбіне тәуелдік жағының I жағы тұрып) қолданылатын жалпы есімдердің аспан әлемі мен жер бетіндегі құбылыстардың біразын саралап қамтитын ерекшелігі.

Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді. Ғалым Т.Жанұзақов кісі есімдерін лексикалық тұрғыдан қарастырып, яғни олардың көне қабаттары негізгі де ұйтқы тірек болып табылатынын айтып, төмендегідей лексика-семантикалық топтарға жіктейді [7, 26-27б.].

- 1) Мал шаруашылығымен байланысты есімдер: Бота, Бұқа, Аққозы, Құлыншақ, Жылқыбай т.б.;
- 2) Табиғат құбылысымен байланысты есімдер: Таубай, Боран, Күнай, Айдай, Шолпан т.б.;
- 3) Тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер: Арыстан, Түлкібай, Бүркіт, Қарлығаш, Лашын т.б.;
- 4) Асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер: Алтын, Күміс, Болат, Гауһар, маржан, жібек, Торғын т.б.;
- 5) Өсімдік аттарымен байланысты есімдер: Қызғалдақ, Райхан, Гүлжан, Гүлнұр т.б.;

- 6) Жеміс-жидек аттарымен байланысты есімдер: Алма, Анар, Мейіз, Өрік, Жаңғақ, Сарымсақ т.б.;
- 7) Туыстық атауларға байланысты есімдер: Атабек, Баба, Дадабай, Жиенбай, Туғанбай т.б.;
- 8) Жер-су аттарынан қойылған есімдер: Алтай, Алатау, Аралбай, Орал, Еділ, Ертіс т.б.;
- 9) Үй жиһаздары мен мүліктеріне байланысты есімдер: Шара, Табақбай, Айнагүл, Шөмішбай т.б.;
- 10) Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер: Айранбай, Сүттібай, Шырынбай, Шекер т.б.

Осыған орай, біз жұмыста антропонимиялық «аталымдардың» тоғыз түрлі тақырыптық тобын жинақтадық:

1/ Аспан денелері (Ай, Күн, Шолпан сияқты антропонимиялық аталымдар): Айәділ, Айбас, Айбол, Айболат, Айғали, Айдан, Айдос, Айжарқын, Айжарық, Айжас, Айзат, Аймағамбет, Аймұрат, Айсауыт, Айсүгір, Айтас, Айтемір, Айтуар, Айтуған, Айшуақ, айбала, айбарша, Айбике, айыы, Айгүл, Айғанша, Айғыз, Айдана, Айдария, Айжан, айжамал, айзада, айзере, айкүміс, Айнұр, Айсәуле, Айсұлу, Айшолпан, Кұндар, Күнту, Күнай, күнжамал, Күнсұлу, Шолпанбай, Шолпан, Айшолпан, Жұлдыз, Таңшолпан;

2/ Табиғи құбылыстар (сәуле, жарық, арай, айдын): Ағын, Айдын, айсәуле, Айтан, ақтан, Арай, Әнуар (арабтың нұр сөзінің көпше түрі), Боран, Боранбай, Дауылбай, Жарқын, Жарқынбек, Жарық, Зия (зийна – жарық, сәуле), Нұрақын, Нұралы, Нұрбай, Сәуле, Шамел (елдің жарығы), шапақ;

3/ жер беті (асқар тау, шалқар көл т.б. қолданылады): Аймақ, Акеділ, Алтай, Аралбай, Арысбай, Асқар, Дияр (мемелекет, облыс), Едеіл, Есіл, Есілбай, Жайық, Көлбай, Нұрабай, Орал, Оралбек, Оралбай, Оралхан, Оралтай, Теңізбай, Сырбай;

4/ Жан-жануарлар (жабайы аңдар, құстар, төрт түлік мал: елік, құндыз, құлын, ботакан, тарлан, қарға, ақсұңқар т.б.): Адай (балапан), Аққозы, Арыстан, Әлиайдар, Әлішер (ғали – биік+шер - арыстан), Әсет, Бағлан, Байарыстан, Байбөрі, Барыс, Бөлтірік, Бөрібай, Бура, Бұғыбай, Бұқа, Бұланбай, Бүркіт, Дөненбай, Жабағы, Жанарыстан, Жанқозы, Жолбарыс, Киікбай, Қаршыға, Қарлығаш, Қойлыбай, Құұлыншақ, Құндыз, Лашын, Майна (Индия қараторғайы), Саурық, Сұңқар, Тоты, Тұрынтай, Шона (монғолша қасқыр), Шортанбай (балық);

5/ өсімдіктер (шынар, бәйтерек, жалбыз, андыз, сүйрік т.б.): Алмабай, Алмұрт, Анарбай, Бадамбай (оңтүстікте өсетін жеміс ағашы), Шынар;

6/ Адам болмысы (бауыр, ерке, келбетті, ардақ, шырақ, жан, әке, көкке, сүйікті, бөпе, бөбек т.б.): Байғанат, Байдәулет, Байдар, Байнұр, Бауыржан, Дидар, Дидарбек, Зейнұр, Көрік, Қисан, Қосын, Қобан, Әғлия, Ажар, Ажархан, Айзиба, Айкүміс, Аққыз, Ару, Әдемі, Мүнира, Нағима, Найра, Нұрай, Нұрбағила, Нұрбибі, Нұржамал, Нұржамила, Нұрзила, Нұрзия, Нұрикамал, Нұрипа, Нұрия, Нұрлықұл, Нұрсұлу, нұрхан, Нұршайым, Нұршара, раушан, сақыпжамал, Салтанат, сәулет, Сұлу, Сүйімхан, Сымбат;

7/ Атақ-лауазым, кәсіп, мамандақ (хан ием, падишам, ханым, сұлтан т.б.):

Байғожа, Байжігіт, Баймырза, байсұлтан, Баққожа, Батырхан, Беделбай, Беделхан, Беделбек, Бекеш, Бекзат, Бексұлтан, Бибатыр, Биғалым, Ғалиасқар, Диқанбай, Жанмырза, жансұлтан, Қожабай, Қожатай, Қожахмет, Есқожа, Нұрғожа, Мәтіби, Нұрсұлтан;

8/ рухани өмір (тәңір, құдай, жаратқан, ие, пір т.б.): Алдаберген, Жарылқасын, Жанұзақ, Игенбай, Иман, Иманбай, Иманқұл, Имантай, Иса, Көкбай, Құдайберген, Құдайқұл, Тәңірберген;

9/ материалдық (заттық), мәдениет (алтын, күміс, семсер, сауыт, шағырақ, садақ т.б.): Айнабек, Айсауыт, Ақболат, Алмас, алтынсары, Әшекей, Бектемір, Болат, Болатбек, Болатжан, Болатқожа, Жантемір, Күміс, Тастемір, Темір, темірболат, Темірбек, Темірғали, темірхан, Теміртас, Шеге, Шегебай, Шынтемір, Айнагүл, Алтын, Алтынай, Алтынгүл, Алтыншаш, Асылтас, Маржан.

Бұл топтарға енген «аталымдардың» сан жағынан бәрі бірдей емес: біреуі аз, біреуі көп. Себебі, кез келген сөз «аталым», «атауыш» бола алмайды, ол жалқы есімнің баламасы болу үшін сол есім иесінің (субъектінің) бойындағы белгілі бір қасиетін сипаттайтын мағына мен эмоционалды-экспрессивті реңкке ие болуы шарт.

Балаларға ат қоюда ертеде белгілі дәрежеде ырым мен дәстүр ерекше орын алып отырған. Олардың кейбірін сөздің киелі күшімен байланыстырып отырушылық көне дәуірден бар құбылыс. Сол ескі замандарда балаларға көз тиюден немесе шын-шайтаннан сақтау мақсатымен елеусіз оғаш есімдер қойып отырған. Мәселен, Итбай, Күшікбай, Жаманбай т.б. Кейбір есімдер тотеммен байланысты беріліп келеді. Мәселен, Барақ, Қандан, Тұйғын, Сырттан, Төбет, Бөрібай, Қасқырбай, Аюбай т.б.

Ертеде қазақ халқында есім берудегі кеңінен тараған дәстүрдің бірі – сан есіммен байланысты болып келеді. Осындай сан есімдерден қойылған кісі аттары бір сан есімнен мың санына дейін кездеседі. Мысалы: бірбай, Біржан, Бесбай, Жетібай, Сегізбай, Үшбай, Елубай, Алпысбай, Сексенбай, Тоқсанбай, Жүзбай, Мыңбай. Көріп отырғанымыздай, сан есімдерден көбіне ер адамдар есімдері жасалады. Әйел есімдері некен-саяқ қана. Ал балаларға жарасымды да сұлу есім беруде ешбір шек болмаған. Есімдер тарихында ғасырлар бойы жаңару, ескеру, архаизмге айналу үрдісі болып тұрады. Бұл – заңды құбылыс. Адамға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсаттармен байланысты да болып отырған:

1) Бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Байбол, Дәулетбай, Алтынбай, Малбай;

2) Күшті де батыл, қырағы да сақ, ер жүрек болсын деп қойылған есімдер: Арыстан, Батырбек, Батыр, Қаһарман, Алпамыс, Тарғын, Қобыланды, Қамбар, Қожақ, Әлібек;

3) Бала сұлу да көрікті, ажарлы да әдемі болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Айсұлу, Нұрсұлу, Әсем, Аққыз, Әппақ, Арайша, Ботагөз, Жамал;

4) Денсаулығы зор болып, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есімдер: Ақылбай, Ақылбек, Данышпан, Есбол, Есболат, Дана;

6) Бала мырза да жомарт болсын деп қойылған есімдер: Жомарт, Жомартбай,

Мырзабек, Мәртай т.б.

Есімдерді таңдап, талғап қоюда бұлардан басқа да белгілер мен түрлі нышан, әртүрлі жағдаяттар болып отырған. Мәселен, Аманжол, Жаңбырбай, Қаржаубай, Жолшыбай, Жолай т.б. көп ретте ертедегі есімдер халықтың әдет-ғұрып, салт-сана, тарихи дәстүрлерімен байланысты қойылып отырғаны белгілі.

Тіліміздегі кеңінен тараған екі не үш сөздерден құралған күрделі тұлғалы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында *бай, бек, би, хан, сұлтан, төре, қожас, шах, зада, мырза, бибі, ханым* компоненттері бар есімдер. Тарихи сипаты жағынан бұл сөздер архаизм әрі историзм ретінде келмеске кеткен әлеуметтік терминдер. Бұл компоненттер, көбінесе, қазақ халқы тарихындағы феодал аксүйектердің әлеуметтік тегін немесе атақ дәрежесін көрсету мақсатымен қосақталып берілген. Кейінгі кезде бұл анықтауыштар әуелгі мағыналарынан айрылып, жаңа мағынаға ие болған. Мысалы, мырза қазіргі кезде «қайырымды», «жомарт», «мәрт адам», бай «әлді», «қуатты», «ауқатты». Бүгінгі күні ата-аналар балаларына бай, бек, би, сұлтан, төре сөздері арқылы жасалған сирек есімдерді беріп, балаларға мән-мағынасы айқын да ашық, сұлу да көркем есімдер береді. Болат, Айбек, Азат, Асқар, Арғын, Асан, Серік, Марат, Мұрат, Әсет, Дәурен, Алмас, Алма, Әлия, Мадина, Дина, Мира, Сәуле т.б. Не мүлдем мағынасынан айрылған, батыс Еуропа немесе түрік елдерінің есімдеріне еліктеп теледидардан көрген сериалдардан, радиодағы хабардан естіген есімдерін қоюшылық жиі ұшырысады: Зарина, Сабина, Карина, Анель, Зинель, Жанетта, Жанна, Тимуджин, Аминура, Сэльма, Рафхат, Зульфия т.б. Сондай-ақ бұрыннан белгілі қазақ есімдеріне дауысты **а** дыбысын қосып, кісі есімдерін қою жиілеп барады: Жанара, Анара, Гульнара, Гауһара т.б.

Кейбір есімдердің мән-мағынасы (семантикасы) мен дыбыстық сипаттары арқылы белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Сол жергілікті тілдер негізінде қойылған есімдердің алуан түрлі тұлғалары мен тұрмыстық варианттары да ерекшеленіп тұрады. Атап айтқанда, оңтүстік тұрғындары есімдеріне дауыссыз еріндік **б** және сонор **м** **дыбыстары** орнына көбіне қатаң дауыссыз **п** дыбысы қолданылса, сол **п** дыбысы орнына сонор **м** дыбысының қолданылуы есімдер мен фамилиялардың тек басқа буындарында ғана емес, ортасында да кездесіп отырады. Мәселен, *Пақтагүл* (әдеби тілдегі *Мақтагүл* орнына), *Палым* (*Балым* орнына), *Полат* (*Болат* орнына), *Полымбет* (*Болымбет* орнына) [7, 32].

Қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық ерекшеліктер – фонетика-морфологиялық ерекшеліктеріне қарағанда, әлдеқайда басым. Осымен қатар есім-фамилиялар құрамында көне тайпа тілдерінің де элементтері сақталып отырғанын байқау қиын емес. Бұл тәрізді ерекшеліктер құрамы мен құрылысына қарай алуан түрлі әрі әр текті.

Еліміздегі араб, иран тілдерінен енген есімдерді, негізінен екі топқа бөліп қарауға болады: а) ислам дініне байланысты әулие, әмбие, пайғамбар есімдері мен олардың теңеулері; ә) күнделікті тұрмыста қолданылатын жалпы

есім сөздерден қойылған есімдер [6, 23-31б.].

Ислам діні адам аттарының қойылуына күшті әсер етті. Ислам дінін қабылдаумен байланысты сәбилерге ат қоюдағы дәстүр мен әдет-ғұрып өзгеріп, көне түркі тектес есімдер өмірден шығып қалып отырды. Әйтсе де олардың көбісі сол араб есімдерімен жарыса, қатарласа қолданылып келді. Мәселен, араб, иран тілдерінен қойылған *Алдаберген, Құдайберген* есімдерімен қатар *Тәңірберген, Қамария* (айлы), *Шәмсия* (күн) есімдерімен қатар *Айдай, Кұнай* деген есімдердің халық арасында бары белгілі.

Арамей есімдері, яғни мұсылманға дейінгі (еврей) пайғамбарлар есімдері араб тіліндегі діни кітаптары арқылы немесе дінді уағыздаушылар арқылы жетіп отырды. Мәселен, *Ибраһым (Авраам), Сымайыл (Измаил), Дәуіт (Давид), Жақып (Якоб), Жүсіп (Юсуф), Сүлеймен (Соломон), Мұса (Моисей)* т.б.

Иран тілінен енген есімдер санатына жататындар: *Наурыз, Наурызбай, Дастан, Садыр, Мардан, Зибә, Зарина, Гауһарт.* т.б.

Араб, иран тілдерінен алынған есімдер еліміздің ішкі заңына сай түрлі фонетикалық өзгеріске ұшырап, соның салдарынан бірнеше нұсқаларға ие болды. Мәселен, *Авраам* есімінен *Абрамбай, Ибраһим, Ибрагим, Ыбырай, Ыбырайым, Ыбыраш; Ғалидан – Қали, Әли, Әлі; Ғайшадан – Айша, Қайша; Юсуптан – Жүсіп, Нүсіп, Түсіп, Тұсып* т.б.

Тілімізде монғол тілінен енген есімдер саны да біраз. Олар сипатына қарай екі топқа бөлінеді: 1) монғол-түкі тілдеріне ортақ сөздерден жасалған есімдер: *Бура, Бұқа, Тайлақ, Дөненбай* т.б. 2) монғол тілінен тікелей енген есімдер: *Баян, Ноян, Сайын, Аймақ, Сыпатай (Сүбәдәй)* [8, 56б.] т.б.

Монғол және түркі, сондай-ақ қазақ тайпаларының этникалық және мәдени байланыстары, тарихи деректер бойынша, әрісі тым ертеден, берісі орта ғасырдың басынан келе жатқаны мәлім.

Қазақ халқы өмірде болып жатқан әлеуметтік-саяси, ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдениет саласындағы ірі де күрделі өзгерістер, ана тіліміздің еркін дамып, сөздік қорымыздың лексикалық қабаттарының, соның ішінде антропонимдердің де өсіп, жетіліп, баюына игі әсер етті. Антропонимдердің (кісі аттары) құрамы тек қана ана тіліндегі сөздер байлығын емес, басқа тілдерден қабылданған есімдер есебінен де, толығып, молайып отыр. Жаңа есімдер сан жағынан көбеюі кездейсоқ емес, қоғам өміріндегі заңды құбылыс.

Кеңес дәуіріндегі өзгерістерге байланысты кісі есімдері қойылды. Олар кеңес өмір бейнесін, оның шындық болмысын бейнелейтін жаңа сөздер мен терминдерден жасалғанын көреміз. Мәселен, 1) ерлер есімдері: *Армия, Мәдениет, сайлау, закон, Сиязбек, Колхозбек, Совхозбек, Фермахан, Доқтырхан, Маршал, Солдатбек, Мектепбай, Екпінді, Отан, Өндіріс, Социал, Октябрь, Ким, Совет, Космосбек, Ғалым*; 2) әйелдер есімдері: *Октябрина, Мира, Майя, Кима, Бейбітгүл, Гүлмира, Гүлжеңіс* [7, 23б.] т.б.

Бүгінгі күні балаға тарихи атауларға, тарихи тұлғаларға байланысты ат қою жиі ұшырасады. Мысалы: *Томирис, Абай, Сәкен, Нұрсұлтан, Олжас, Дінмұхамед, Қанания, Тамерлан, Абылай, Бөгенбай, Райымбек, Амангелді,*

Сара, Шыңғыс, Иса, Ақан, Мұстафа, Бейбарыс, Мұрагер, Айғаным, Зерет.б.

Антропонимиялық «аталымдарға» негіз болған тақырыптық топтардың өзіндік мағына ерекшеліктері де, міне, осыған байланысты.

Қазақ антропонимиялық «аталымдарында» мағынасына қарай топтастыру үшін олар өздері қатысты жалқы есімдермен салыстырыла қарастырылды. Осыған орай, «жалпы есімдерді емес, жалқы есімдерде нақтылы лексикалық мағына жоқ, олар адамның (есім иесі субъектінің) бойындағы қасиетті, ішкіі-сыртқы сипатын білдіре алмайды», яғни, *Болат* атты кісінің табиғатынан болатқа (металға) тән қасиетті іздеуге болмайды. Антропонимиялық «аталымдардың» семантикалық болмысы олардан басқаша. Олар өздерінің лексикалық мағыналарын сақтай отыра, оларға қосымша әр алуан эмоциолналды-экспрессивті реңктерді білдіреді. Бұл антропонимиялық «аталымдарға» тән ерекшелік деп танылады.

Антропонимиялық «аталымдардың» мағыналары мен мағыналық реңктерін үш тұрғыдан қарастыруға болады.

1/ Жалпы лексикалық мағына. Бұл - әрбір «аталымның» өз табиғатына тән нақтылы мағына. Оның бір ерекшедігі - өзі тәрізді жалқы есімдерде сақталады. (Мысалы: *Ерке* деген қыз есімінен *Еркем, Еркешім, Еркетайым* деген «аталымдарды» салыстырып көруге болады). Екінші ерекшелігі – міндетті түрде ізгі сезімді қозғайтын жағымды мағына болып кедуінде, үшіншіден, бұлардың бәрі жалқы есімдердің өздерінен туындайтын антропонимиялық «аталымдарға» да, жалпы есімдерден жасалатын антропонимиялық «аталымдарға» да ортақ.

2/ Тақырыптық топтарға тән жалпы (ортақ) мағына. Антропонимиялық «аталымдарда» тақырыптық топтарға бөлінуіне байланыстыәрбір топтың өзіндік ортақ мағынасы барлығы байқалады. Ол сол топтың құрамына кіретін лексемалардың жалпы лексика жүйесіндегі өзіндік мағыналарына байланысты.

Осыған орай, біз қарастырған бес топтың өзіне сәйкес төрт түрлі мағынасын көрсетуге болады. Олар:

а/ Аспан әлеміне, табиғат құбылыстары мен жер бетіне қатысты тақырыптық топтардың жалпы (ортақ) мағыналарынан, мәселен, адам табиғатын сипаттайтын биіктікті, тектілікті, қасиеттілікті, пәктікті, тазалықты, мөлдірлікті, жақындықты, сұлулықты табуға болады.

ә/ Жан-жануар мен өсімдік дүниесіне қатысты тақырыптық топтардың жалпы, ортақ мағынасынан, мәселен, адамға тән қайсарлық пен қайраттылықты, қауырт қимыл, кипелі де қасиеттілікті, сұлулық пен сымбаттылықты, әншілікті, тегеуроінділікпен тектілікті, талғампаздықты т.б. осы сияқты қасиеттерді байқауға болады.

Кішірейту, еркелейту, мәпелеу, әлпештеу сияқты мағына тобын төрт түлік мал, құс пен аңдардың төлдері мен балаларына қатысты атаулардан байқауға болады.

б/ Адам болмысына қатысты тақырыптық топтардың жалпы (ортақ) мағыналарына адамның өз басына тән жақсы қасиеттерінің көбісі-ақ

шырайлым, сүйіктім, арысым, ардагерім т.б. дене мүшелеріне, мінез-құлқына, туыстық жақындыққа т.б. байланысты сипаттамалар жатқызылады.

в/ Рухани, материалдық мәдениетке қатысты тақырыптық топтар мен жалпы ұғымдарға байланысты тақырыптық топтардың да, жоғарыдағыдай, өздеріне тән ортақ мағыналық ерекшеліктері байқалады.

3/ Антропонимиялық «аталымдардың» жеке мағыналары мен мағыналық реңктері. Антропонимиялық «аталымдардың» тақырыптық топтарына байланысты жалпы /ортақ/ мағыналарының сыртында әжеке өз бастарына тән лексикалық мағыналары мен мағыналық реңктері тағы бар. Бұл мағыналар мен реңктер бір субъектінің екінші бір субъектіге деген жеке басының сезімін, эмоционалдық көзқарасын «аталым» арқылы қоса білдіруіне байланысты пайда болады. Ол мағыналар сондай-ақ қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынасқа, салт-дәстүрге қалыптасқан моральдық, этикалық, эстетикалық нормаға да байланысты.

Бұл мағыналардың да түрлері мен реңктері көп. Бірақ оларды жақындық қатыстығына қарай өзара топтастыра келгенде, негізінен 4 топқа бөліп қарастырдық. Олар мыналар:

а/ «Құрметтеу» сезіміне байланысты мағыналар мен мағыналық реңктер: олар, мәселен, адамды силау, құрмет көрсету, ізет білдіру, анрдақтау, ибалық таныту, ілтипат білдіру сияқты ұғымдарды қамтиды (Мысалы: әке, көке, аға-ағатай, ағеке, Мұзаға – Мұзафар, Телаға – Телқожа, Сәке – Сәбит, Ғалеке – Ғали т.б.).

ә/ «Еркелету» сезіміне байланысты мағыналар мен реңктерге, мәселен, кішірейту, әлпештеу, мәпелеу, тәлпіштендіру, еркіне жіберу, басына шығару сияқты ұғымдар екені (мысалы, *бөпем, бөпешім, бөпетайым, ботам, боташым, ботақаным, құлыным, еркем, еркешім, еркетайым, еркежаным* т.б.).

б/ «Жақсы көру» сезіміне байланысты мағыналар мен мағыналық реңктер қатарына, мәселен, сүю, сүйсіну, емірену, еметейі езілу, ізгілік таныту, жақындық таныту, жүрегі елжіреу сияқты ұғымдар жатады. Мысалы: жаным, күнім, сәулем, сүйіктім, қарағым, шырағым т.б.

в/ «Шақтау» сезіміне байланысты мағыналар мен мағына реңктеріне мадақтау, марапаттау, көтермелеу, әсірелеу, әспеттеу, дәріптеу, асқақтату, шалқыту т.б. осы сияқты ұғымдар жатады. Мысалы: жолбарысым, арыстаным, тарланым, қыраным, ақсұңқарым, бәйтерегім, асқар тауым т.б.

Бүгін көне дәстүрлерімізді жаңғыртып, елдік пен оны қорғау дәстүрлерін қайта қарап жатқан кезімізде, С.Торайғыровтың «Айтыс» атты туындысының мәні ерекше:

Сүйемін туған тіліді- анам тілін,
Бесікте жатқанымда берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілімен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген.
Сол тіліменен бірінші білгізілген,

«Апа»деген сүйгендік сөз әніменен,-
деген жолдардағы этнонимдің аталымдар бүгінгі күні өзекті тақырыпты меңзеген шығарма.

Бұл келтірілген мағыналар антропонимиялық «аталымдардың» тұлға жағынан күрделенуіне байланысты күшейе түссе, мағыналық реңктері қоюланып, әсері арта түседі.

Қазақ антропонимиялық «аталымдарының» тұлғалық сипаты мен құрамы лексика-грамматикалық топтар мен лексика-грамматикалық модельдері бойынша да белгілі ерекшеліктермен сипатталады. Осыған орай, оларды біз тұлғалық және құрамдық жағынан екі топқа бөліп сипаттауды жөн көрдік.

Антропонимиялық «аталымдардың» құрамына еніп, жалқы есімдердің баламасы ретінде қолданылатын бірде жалқы есімнен туындаған, бірде жалпы есімдерден жасалған лексемалардың бәрі де атау түбір күйінде емес, белгілі жалғау-жұрнақтарды қабылдаған туынды түбір (атау) тұлғасында тұрып, «аталымдық» қызмет атқарады. Сонымен қатар бұлар мағына (қолданыс) талабына сай тұлға жағынан бірде қысқарып, бірде кеңейіп отырады:

а/ Қысқарған тұлғадағы «аталымдарға» еркек пен әйелдер есімдерінің бірінші (мәселен, Зеке< Зейнолла, Бәке< Бәдібек, Зақыш< Зайра, Сәке< Сейфолла, Беке< Берік, Шәке< Шарбану) және екінші (Төлеш< Төлетай, Кәмеш< Камила) буындары бойынша қысқартылып алынған екі түрі жатады [43, 48]. Сондай-ақ екі я үш құрамды есімдер сыңарларының айтылуда тілге бейім әрі ықшам болу жағы ескеріліп көбіне қысқартып айту әдетке айналып кетті. Мәселен, Сейіт- Сейітбаттал, Рашид-Рашиддин, Зейнел – Зейнелатдин, Сәду, Оқас – Садуақас [44], [45] т.б.

ә/ Қысқартылған тұлғадағы «аталымдардың» үшінші түріне дербес қолданылып жүрген жалқы есімдердің баста қысқарту негізінде қалыптасқан (мысалы: Мұқаш< Мұқаметжан, Күләш< Құлжамал) варианттарымен толық есімдердің еркелету, кішірейту мағынасындағы қысқартылған тұлғадағы жаңа қолданысы (Мұқаш, Күләш) синкретикалық түр жасайды. Оларды бір-бірінен контекст арқылы ажыратуға болады.

Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» тұлғалық сипатына және әр түрлі сөзжасам модельдеріне байланысты төмендегідей топтарға жіктеуге болады:

а/ Жалпы есімдерден жалқы есім тудыратын тәуелдік жалғауы (І жақ жекеше түрі); Айым, Қасым, т.б.

ә/ Бір топ арнайы жұрнақтар (**-қа// -ке, -аш// -еш// -ш, -ыш// -іш// -ш, -ша// -шы, -қаш// -кеш, -ан// -ен// -н, -қай// -кей, -қан// -кен** т.б.); Қайкен, Тәукен, Сұлукеш т.б.

б/ Жұрнаққа айналып бара жатқан лексема суффиксоидтар (**-тай, -жан, хан, -қан**) және күрделі тұлғалардың пайда болу жолдары; Тайжан, Айдархан, т.б.

в/ демеуліктер мен одағайлардың қолданысы; Бағыда, т.б.

г/ Сондай-ақ осы грамматикалық тұлғалардың бір-бірімен өзара тіркесе қолданылуы және соған сәйкес эмоционалды-экспрессивті реңктердің

қоюлана түсуі.

Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» жалқы есімдерден тағы бір айырмашылығы – олар (біріккен, кіріккен не қосарланған) бір сөзбен ғана емес, сонымен қатар екі, үш және одан да көп компоненттерден тұратын сөз тіркестерінен де тұратындығы. Осыған орай, антропонимиялық «аталымдарды» құрамы жағынан төрт топқа бөліп қарастырдық:

а/ Бір компонентті антропонимиялық «аталымдар»: *Қарағым, Шырағым, Баяным, Баянжаным, Қарғам, Қарғашым* т.б.

ә/ Екі компонентті антропонимиялық «аталымдар»: *жорға, төре қайным, қимас қалқам, қара сезім, қоңыр қозым, ақ маңдайлым* т.б.

б/ Үш компонентті антропонимиялық «аталымдар»: *балапаным, аққу секілдім-ай, асқар биік Алатауым-ай* т.б.

в/ Үштен көп компонентті антропонимиялық «аталымдар»: *желісіне жел жетпес киігім-ай, түлеп ұшқан ұядан ақ сұңқарым-ай* т.б. Бұл топ, әрине, алдыңғы үш топтан сиректеу қолданылады.

Тіркесті антропонимиялық «аталымдар» ішінен тұрақты тіркес ретінде қалыптасқан және жиі қолданылатын –**дай// -дей** салыстырма-теңеу тұлғасы арқылы жасалған топ. Мысалы: *арыстандай айбаттым, жолбарыстай қайраттым, қысыр мінген тайдай мүсіндім, жалынға түскен сұңқардайым, арышқан жұмыртқадай аппағым, Ай мен Күндей сұлуым* т.б.

Тіркес күйіндегі күрделі «аталымдардың» мағыналарына да жұмыста айрықша көңіл бөлінді.

Біздің пайымдауымыз бойынша антропонимиялық «аталымдардың» құрамы жоғарыдағы тіркестүріндегідей күрделене түскен сайын олардың мағыналары мен бейне (образ) дәрежесіне көтеріліп, адам сезіміне әсер ететін эмоциональды-экспрессивті әсері эстетикалық нақыш-бояулары «қоюлана» түсетіні байқалады. Мұндай жағдайда антропонимиялық «аталымдар» тек «аталымдық», «атауыштық» қызметімен ғана шектелмей, адам портретін бейнелеу дәрежесіне көтерілетін көркем сөз тәсіліне айналады.

Антропонимиялық «атаулар» түр-түс атауларынан да жасалады:

1. Ақ түсі. Ер адамдар есімдері: *Ақбай, Ақбау, Ақберген, Ақберді, Ақболат, Ақеділ, Ақжан, Ақжарқын, Ақжол, Ақжігіт, Аққозы, Ақназар, Ақсұлтан, Ақтаң, Ақтілек, Аққожа, Аққошқар, Ақмағамбет, Ақмамбет, Ақмұқамбет, Ақселеу, Ақсиық, Ақтай, Ақтайлақ, Ақтал, Ақиолас, Ақшора*; Әйел адам есімдері: *Ақбала, Ақбәтес, Ақбота, Ақділда, Ақжібек, Ақзия, Аққал, Аққыз, Ақмарал, Ақтамақ, Ақтоты*;

2. Боз түсі. Ер адамдар есімдері: *Бозай, Бозбай, Боздақ, Бозжан, Бозжігіт, Бозтай, Бозымбай, Бозымбек*;

3.Қара түсі. Ер адамдар есімдері: *Қарабала, Қарабек, Қарағұл, Қаражан, Қараман, Қарасай, Қаратай, Тәттіқара*; Әйел адамдар есімдері: *Қарагөз, Қарашаш*;

4.Сары түсі. Ер адамдар есімдері: *Сарбала, Сарғасқа, Сарқожа, Саржан, Сартай, Сары, Сарыбай, Сарыбас*;

5.Көк түсі. Ер адамдар есімдері: *Көкбай*.

Сонда, түс атаулары антропоним жасауда әлсіз келеді. Оның өзінде түс атауларымен көп жағдайда ер адам есімдері жасалады. Боз, сары, көк түстерімен әйел адам есімдері мүлде жасалмайды. Қара түсімен бірді-екілі әйел есімі жасалған. Ең көп кісі есімін жасауда қолданылатын түс атауы – ақ түсі. Демек, бұл түс қазақ халқының этносына, ұлтына тән ерекшелікті көрсетсе керек.

Қазақ антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты тілдік заңдылықтарға ғана сүйеніп емес, сонымен қатар тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады екен. Осыған кез келген тілдік құбылысты тереңірек, әрі жан-жақты түсіну үшін кейінгі кездерде қазақ тіл білімінде кеңінен қолданыла бастаған зерттеудің тиімді бір саласы – этнолингвистика.

Біз алдымызға қойған мақсатымызға байланысты арнайы тарау бағыштап, қазақ антропонимиялық «аталымдарын» этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік. Өйткені, жоғарыда айқындалғанындай антропонимиялық «аталымдардың» табиғаты тікелей адам факторына, демек, сол адамның өмір сүрген қоғамдық ортасына сол ортада қалыптасқан салт-дәстүрге, қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа, этикалық, эстетикалық, психикалық т.б. нормаларға байланысты екен.

Антропонимиялық «аталымдардың» тілдегі қызметіне байланысты адамдардың бір-бірін құрметтеу, мақтауы, мадақтауы, еркелетуі, әлпештеуі, мәпелеуі, сүюі, жалынуы, жалбарынуы т.б. осы сияқты толып жатқан мағыналары мен мағыналық реңктерінің шынайы сыры, сайып келгенде, көшпелі елдің болмысына, өмір тіршілігінен туындағанын көреміз.

2.2 И.БАЙЗАҚОВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Ақын шығармаларының негізгі арқауы – поэзия, оның өлеңдері мен поэмалары. Иса поэзиясында азаматтық лирика, табиғат лирикасы мен махаббат лирикасы да баршылық. Ақынның тарихи оқиғаларды таңдап, оларды қайта жаңғыртып, көркем бейнелеу әрекеті үлкен азаматтық тебіреністен, философиялық ойдан туған. Ол ерте заманда өксіп өткен өжет, дарынды, сұлу жандардың хикаясын айту суреткер парызы деп ұғады. Өз туындыларымен қазақ лирикасын байытып, поэзия мәдениетін дамытқан ақындардың бірі.

Иса Байзақовтың нағыз шарилық шеберлігі, дарын қуаты оның тарихи тақырыпқа жазған дастандарынан танылады. Ол «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Ақбөпе» сынды көрнекті де көркем шығармаларымен қазақ поэзиясының алтын қорына өшпес сыбаға қосты. Ақын шығармашылығынан импровизатордың классикалық үлгісі танылғандай. Исаның замандастары оның суырып салып, табанда тауып айтқыштығын ерекше бөліп ескертеді, басқа ақындардан оның бұл тарапта орасан озық болғанын дәлелдейді.

Ерекше назар аударарлық нәрсе – Исаның дастандарында қазақ тарихындағы аса күрделі оқиғалардың сырын, шынын ашуға

ұмтылатындығы. «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Ақбөпе», «Қырмызы-Жанай» поэмаларының қай-қайсысы болмасын, қазақ тарихында болған оқиғалардың аңызға айналған негізінде жазылған. Олай болса, Иса ел әдебиетінің үлгілерін көп білген, естіген, жадында сақтаған. Ол қасиетін білдірмей, сездірмей кеткен ақын-жазушылар аз емес. Иса білгенін, естігенін елге жеткізуге мырзалық жасаған, халық аузында жүргендерінің қағазға түспей жоғалып кетпеуі үшін ерекше қам жеген жомарт өнерпаз, патриот.

«Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында Ақын қазақ елінің басқыншы жауларға қарсы ерлік күресі идеясын желі етіп тартқан. Бұл дастандардағы Монтай, Келден, Балағазы, Жоламан, Еркежан тұлғалары ақиқаты мен әсері жағынан қазақ поэзиясының жетістігі болып саналады. Ал «Ақбөпе» дастаны - Иса жазбаша мұрасының шырқау биігі. Мұнда ертедегі қазақ аулындағы әлеуметтік, таптық теңсіздік терең типтендіріліп, Ақбөпедей халық қызының ғажайып нұрлы бейнесі жасалған. И.Байзақов поэмаларының қаһармандары халықтық үлкен мүддені, азаттықты, намысты жоғары бағалайтын, өз басының бақытын теңдіктен, күрестен, әділдіктен іздейтін қайратты, саналы, мөлдір сезімді адамдар.

Ақын поэмаларының көркем мәтіннің нақты мағынасын беруші аталымдармен аталуы «Ақбөпе», «Құралай сұлу», «Қырмызы-Жанай», аяқталмаған «Клеопатра» - аталым поэманың сол кейіпкерге, оның өмірі мен болмысына негізделгенін айқындап тұрған сияқты. Ол «Құралай сұлу» поэмасында уақиға қазақтың Есім ханның тұсы, елдің жорықпен күні өткен заманы, қалмақтар Тарбағатай, Тянь-Шань, Маңрақ тауларын мекендейтін еді дейді. Ал «Алтай аясында» поэмасында уақиға Абылайдан бұрын болды дейді. Поэмадағы хронотоптардың өзі ақын жырлайтын уақиғалардың тарихи заманын анықтап береді.

Жалқы есімді шығарманың аталымы ету оның көркем мәтіннің құрылымындағы ерекше мағынасын білдіреді. Бұл құбылыс әлем мәдениетінің контекстінде өзінше дамып, образ-символға айналған туындылардан байқалады: «Гобсек», «Гамлет», «Евгений Онегин», «Манас», «Еңлік-Кебек», «Моцарт пен Сальери», «Ләйлі-Мәжнүн». Антропонимдер көркем мәтіннің мағынасын беруші белсенді бірлік ретінде қолданылған. Әдетте, шығарманың антропонимдерін сұрыптауда автор бірнеше рет өзгертулер енгізіп, реттейді. Бұл, әсіресе, Булгаковтың қолжазбаларында көп кездеседі. Поэтикалық антропоним - ойдан шығарылған есімдер қатарына жатады, бірақ жазушы реалды өмірде кездесетін аттарды келтіріп, суреттеуде сөз тіркестерін де қолдана береді.

Исаның ақындық таланты әсіресе оның поэмаларында кең ашыла түсті. Бұл поэмалар негізінде үш үлкен саладан танылады. «Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Алтай аясында» поэмаларының сюжеттік желісі ертедегі ел аңызынан алынады да, XVII —XVIII ғасырларда көшпелі халықтар арасында болған жаугершілікті сипаттайды. «Ақбөпе» мен «Қырмызы - Жанай» поэмалары бұлардан мүлде басқа. Бұл поэмаларда Октябрь революциясының қарсаңында қазақ ауылында болған әлеуметтік ішкі қайшылықтар суреттеледі. Қазіргі социалистік дәуірді танытатын жаңа

тақырыпқа жазылған «Ұлы құрылыс», «Он бір күн, он бір түн» - өз заманымыздың қаһармандарын бейнелеуге арналған.

«Алтай аясында» поэмасының ономастикалық кеңістік аясын мына жүйеден тұрады:

Балағазы – біріккен тұлғалы есім, бала+ғазы, араб тілінде газы – жауынгер, қосын. Ер жүрек батыр, әділдік жолында күресуші [10, 69], яғни бала батыр деген мағынаны береді. Еркежан – ерке боп өссін деп қойылған есім [10, 168] (Еркеш, Еркеш сұлу деминутивтермен да қолданылады):

Өзегім оттай өртеніп,
Жаным күйіп барады.
Құтқармасам *Еркешті*,
Намысы тиіп барады.
Жөкетай, біз кім едік,
Наймандағы құл едік [33, 726.].

Жоламан – біріккен тұлғалы есім, жол+аман жолы құтты аман болсын деген мәнге ие. Жөке, Жөкетай поэтонимдері;

Жан досы *Балағаздың Жөкең* ертіп,
Осы-ақ ед көшті күтіп аттанғаны...
«жасың үлкен, жаның дос,
Құлағың сал, *Жөкетай*.
Бар үміттен қалып бос,
Не күн көрдік, көкетай [33, 726.].

Балағаздың шын жолдасы, батыр, дастанда деминутивті Еркем деп атау да кездеседі. Құбылай - Еркежанның әкесі. Қаутұн – қалмақ батыры, күзетші.

Есімдердің білдіретін мағынасын айқындайтын болсақ: Құсан – бай, қырық жас шамасында, жауыз, залым, қол астындағыларға «тәңірі» болып көрінеді. Шақат – Құсанның «айдап салы». Қарашы – кірмелер, Қаракерей – Құсанның руы, Найман - ру аты, генонимдер. Кәбік – қалмақ байы, Кәбін – ол да қалмақтың байы. Қырмызы – 1) шымқай қызыл, 2) алқызыл, қызыл жібек, 3) нұрлы, әсерлі деген мағынаны білдіреді [10, 176б.] Еркежанның бас жеңгесі, жеңгетайы, поэмада құздан құлап қайтыс болады. Раушан – иран есімі, 1) жарық, нұрлы, сәулетті, 2) айқын, таза деген мағына береді [10, 183.]. Кәпін күндікке алады. Күміс – күмістей жарқыраған аппақ сұлу болсын деген мағынада қойылған есім [10, 175б.], Еркежанның анасы. Қаратай – біріккен тұлғалы есім, қара – ірі, үлкен, зор, +тай<көне түркі тіліндегі тағ – тау сөзінің өзгеріске түскен күйі. Яғни ата-ананың таудай үлкен тірегі, сүйеніші дегенді білдіреді [10, 94б.]. Балағаздың әкесі. Қарынбай – Құсанның арғы атасы.

Поэмада кездесетін **топонимдер** қатары: Алтай, Ақтау, Қаратау, Сары тау, Бұқат, Қапсағай, Көкшоқы, Бүйрек, Қарағайлы, Қалба, Маңырақ, Қалмақ қырған, Қамалай, Матай – тау атаулары. Риддер – қала ататуы. «Ақтау» топонимі дастанда 20 рет кездеседі. «Қамбардың еліміз» деген тіркесте Қамбар батыр есімі қолданыс тапқан. Қарақой – Қарашы қонысы, Ұлан жайлау – Құсанның қонысы. Құлжатас – сай атауы, ороним. Ұранқай – қалмақ елі, ру атауы, геноним. Қара Ертіс, Кендірлік, Қалжыр – өзен атаулары, Марқакөл – көл атауы, Марқа деп те кездеседі, гидронимдер.

Сауыр, Көкшоқы – тау, жота атауы. Рим – елдің аты, Құдас, Түбек – Төрт құдық, Талдыөзек, Киік атқан – жазық атаулары, Қоңыроба, Аюлы, Бұрматас – тау қойнауы, Түйетас – өткелдің аты. «Ақжайлау» – Кәпіннің жайлауы. Балажал, Қазан-шұңқыр – алтын кені атаулары.

Поэмада Алтай топонимінің бір шумақта бірнеше рет қайталануы жиі кездеседі:

Ал десен, аясына алады *Алтай*,

Көргенде көңілге күй салады *Алтай*,

Сұлудай торғын киген бұл жамылып,

Арқаға әлденеше қарады *Алтай*.

«**Алтай аясында**» поэмасында негізінен топонимдер қатары өрілген. Дастан бойында 38 топоним, 14 антропоним аталады. Біріккен тұлғалы топонимдер, ақ, сары, қара, көк, қоңыр түслексемамен келген этнотопонимдер көп. Автор Ертіс этнонимін Қара Ертіс деп қолданады, бұл Ал антропонимдердің көбі бір компонентті болып келеді, тек Балағаз, Еркежан, Қаратай, Қарынбай есімдері, мұнда –жан, –тай, –бай, –ғазы компоненттері қос компонентті есімдер қатарын құрайды.

«**Кавказ**» поэмасында кездесетін топонимдер – Кавказ (сері) – тау таудың атауы, бұрынғы атауы – «Қап» тауы деп кездеседі. Қарт Қазбек, асау Терек, Зұлыс – биік тау. Асқап – әкесі, Асқапұлы Бағыда – иран тілінде бағ (баг) – сый дегенді білдіреді [10, 40б.], аңшы, оны әкесі Бағышым деминутивті түрде еркелетіп айтады. Әбуоһап – араб тілінде абу – әке мағынасында, Бағыданың нағашысы, Оһап дейді. Қамза, Қапар – Бағыданың екі ұлы, одан басқа Ахмет, Қасым, Хайдар, Хасензада – Жүсіптің ұлдарының антропонимдері кездеседі. Негізінде поэмаға арқау болып тұрған – Бағыда, Жүсіп, Зайда есімдері. Поэмадағы антропонимдер тізбегін семантикалық және асемантикалық, яғни бір аталған сәтте есімнің бойында мағынасы жоқ деп қарастыруға болады. Жүсіп – қаны қара жаман адам, 77 жаста. Зайда – Жүсіптің кенже қызы, «ай астындағы Айбаршадай» сипатты, поэмада 3 рет Бағыданың Зайдажан, Зайдашым дегені кездеседі. Күнікей – Күнікейдің күлкісіндей күн де сұлу ұлттық өрнек қолданылады. Елдің аты – Дағыстан, губернатордың Жүсіпке Олег, Ескендір сияқты батырсын дегені, Рүстем – Фирдоусидің «Шаһнамасындағы» батыр есімі бар. Дастанда түс лексемамен келген аталымдар кездеспейді. Бұл да Исаның өзіндік стилінің ерекшелігі болып табылады. Поэмадағы антропонимдер қатары реалды өмірден алынған, мұны автордың поэманы таныстыру кіріспе сөзінен байқауға болады:

Бөленген көк торғынға *Кавказ* сері,
Меруерттей су лақтырып өзендері,
Шомылтып күн нұрына көк тастарын,
Күмістей көбіктеніп аққан селі.

Тілдескен зәулім шыңы аспанменен,
Тәкаппар, иілмейді, қарап төмен.
Мақтаның ұлы *Кавказ*, қарт *Қазбек*,
Жалғыз-ақ сүйіседі күн төбеден.
Төменде екпіні аяз қайнар жылып,
Долының ашуына самал күліп.
Көпіріп тас тербеткен асау *Терек*,
Жүрегін *Қазбектің* қардай тіліп.
Кавказды «Қап» дейтұғын бұрын *Шығыс*,
«Перінің елі» дейтін талай ұлыс.
Бір соқпай «*Қап*» тауына кетпейтұғын,
Ертектің кәрі атасы қылған қоныс [33, 119-120б.].

«**Он бір күн, он бір түн**» поэмасында негізінен топонимдер көп: Әмгүн, Еділ, Енисей, Амур – өзен аттары, Қамар, Дабан, Орал – тау атаулары. Байкал – көлдің аты, Бөрен – жотаның атауы, антропонимдер Раскова Марина, Валентина, Поля – Полина, Саян батыр, Пугачев – патшашыл, Разин, Жармақты – ханның есімі, Ворошилов – командирдің есімі бар, бұдан басқа Москва, Комсомол ұйымының атауы, «Родина» – экипаж атауы да кездеседі.

Бір шумақта бірнеше топонимдер мен гидронимдер, оронимдердің қолданысы ономастикалық кеңістікті тудырып, оқиғаның болған жері туралы ақпарат беріп тұр:

Алдымда тұр атақты батыр *Саян*,

Қол бастаған *Шығыста* осы ноян.

Қалың орман, биік тау, кәрі *Байкал*,

Сұрасаң көп тарихты қылар баян.

....*Саянға* жалғасады *Қамар*, *Дабан*,

Нершенге құлаш ұрып одан арман.

Монғолдан Құражаның басын бастап,

Амурға қосылады шекарадан.

... *Сихоталин* батысын баурай басып...

...*Бөреннің* қырқасынан құлайды *Әмгүн*... [33, 103б.].

Батыр қыздар Марина, Валентиналардың есімдері жырланады:

Отырған штурман боп *Роскова*,

Бұл бұйрық құп ұнады *Маринаға*.

Қолға алып парашютпен бұл секілді,

Өмгүннің сүңгіп кетті орманына...

Алдынан ақ жүзімен күліп-ойнап,

Полина келіп басты жүрегіне.

Еліңнің еркін сүйген ер *Марина*,

Мәңгілік жетті сүйтіп тілегіне [33, 108б.].

«**Ақбөпе**» поэмасында негізінен біріккен тұлғалы **антропонимдер** көп: Ақбөпе (70рет), Әмірхан (94рет), Тәукен (8рет) – Әмірханның әкесі, Ұлтуған (2рет)– Әмірханның анасы, Айтқожа (5рет) – Әмірханның досы, Қуандық (3рет), Тұрсын болыс, Жолдыбай, Ұрқия, Қасым (11рет), Қасымжан деп те кездеседі, Көпбай (8рет), Дәләпыраз (4рет) – Ақбөпенің жеңгесі, Дәләпи, Мұсабек, Әбіш (3рет) мырзалар, Ақажан (26рет), Кәрібай (13рет), Құдияр (14рет), Бектас (9рет), Аужан (4рет), Тайшық (3рет), Иван, Балжан, Мергенбай, Қожақ (2рет), Айтқұл (2рет), Айтбай (4рет), Қонай, Жақаш;

Ақын поэмасында топонимдер мен антропонимдер тындырым, яғни эпифора да белгілі көркемдегіш қызмет атқарады. Қайталанатын бұл сөз ойды тындырушы, аяқтаушы роль атқарып, өне бойы тармақ соңында қайталанумен болады. Өлеңдегі ой осыншама мықтала, нығырлана түседі. Тыңдаушы немесе оқырман қайткенде де осы сөз жетегінде болып, өлең мазмұнына көбірек үңіледі, көңіл бөледі. қара өлең ұйқасында қолданып, мағынасын айшықтап тұр. Мұндай есімді ұйқас ақын тілінде жиі қолданылады:

Осы екен Қонай шауып алған *Теке*,
Таласып талай соғыс болған *Теке*.
Қазақтың ұл мен қызын сынға салып,
Арқалап көп тарихты тұрған *Теке* [33, 186б.].
Топ жиып Көпбайларға келді *Ақажан*,
Етпек боп астан-кестен елді *Ақажан*.
- Кісімді адал болсаң бірге іздес, - деп
Жарлықты салауат сап берді *Ақажан*.
...Ойланып айла-әдіске салды *Ақажан*,
Бұл жолдан аямады малды *Ақажан*.
Қыпшақтың мынау деген басшыларын,
Қаратып пара беріп алды *Ақажан*.

Ақбөпені бөпе деп те еркелетіп деминутивті атау да кездеседі:

Ұшыраған мұндай күйге сорлы *Ақбөпе*,
Жазықсыз жаза тартқан мұңды *Ақбөпе*.
Бақыты бір-ақ түнде күл боп ұшып,

Күрмеліп көр аузында жатқан *Бөне* [33, 195б.].

Славян халықтары есімі Иван типтік антропоним ретінде қолданылған, поэтикалық антропоним:

Кәрібайдың поштабайы Тайшық мерген,

Ат ұстап бала жастан қасына ерген.

Қолынан тастамайды қосауызды,

Шүріппелі қара мылтық *Иван* берген.

Теонимдер: Алла (2рет), Мұхамбет пайғамбар есімдері.

Топонимдер қос компонентті: Қаратау, Қоянды, Қойтас, Ақмола, Арқа, Ақкөл (3рет), Жалаулы (2рет), Ұмсынай, Қазбек, Борлы;

Қоянды, Қойтас тауы қайдасың деп,

Тас қашап, тау ішіне жетпек ойы [33, 197б.].

Топонимдер (оронимдер): Қызыл қақ, Жарма өзек, Жамансор (2рет), Шолақсай (2рет), Тұйықжар, Аңдамас, Құладыр.

Гидронимдер: Ертіс, Ніл, Теке (6рет);

Генонимдер: керей (6рет), қуандық (3рет), қыпшақ (3рет), соқыр (2рет), әлім, айдар, жәдік, тентек, ескене (3рет), қанжығалы;

Кірме еді *Қуандыққа* заты *Керей*,

Кім өлсін өзі кірме Тәукен өлмей.

Әкеткен Әмірханның Ақтарланын

Қулары Қуандықтың теңдік бермей.

Барлығы бір «*Соқырдан*» он-он бес үй,

Олардың Айтқұл еді бәріне би [33, 188б.].

Қыпшақ та түгел жиды болыс, биін,

Ескене кетірді деп елдің күйін.

Сөйлесті екі жақтың ұлылары,

Бұл жерде ұйлықпасын елдің бәрі... [33, 188б.].

Жеті ру, жетпіс ата *Қанжығалы*,

Бақталас бақа-шаян аңдымалы.

Ескене, тентек өзі екі жар боп,

Жоситын барымтаға кейде малы [33, 203б.].

Фитоним: жусан;

Көкайыл долылардың беті құсап,

Жусандар шайқалады өзі бөлек... [33, 209б.].

Зоонимдер (гиппонимдер): Мамакер (8рет), Ақтарлан (22рет) - Әмірханның мінген аттары, Тышқансұр (3рет) – Аужан балуанның аты, Кербесті – Құдиярдың аты;

Сақ бол деп Әмірханға бірнеше айтып,

Ақбөпе қамшы салды *Мамакерге*...

Астында киік танау *Тышқансұр* ат,

Долданып шапқан сайын құтырынад...

Ағызып *Ақтарланға* қамшы сала,

Қырандай тура шүйді алдын-ала [33, 210б.].

Жүрерде кісі салып, бектас берді,

Мінгізген Ақбөпеге *Мамакерді*.

Келеді Әмірханмен Жанай шауып,
Жібер деп *Ақтарлан* ат сүзед жерді.
...- Жоқ десті Құдиярдың *кербестісі*,
- Айтқожа қайда, - деді көлденеңнен [33, 185б.].

Зоонимдер (киноним): Құтжол;
Кескестеп құйрық бұлғап *Құтжол* келді,
Оятамын дегендей барлық елді.
Бір сипап маңдайынан тағы тыңдап,
Сайменен бетіне алды арғы белді [33, 209б.].

Хрематонимдер: анкуба, қосауыз (мылтық атауы), Құлагер (әннің аты),
Қанат талды (әннің аты).

«**Қырмызы-Жанай**» поэмасы аяқталмаған туынды. 1939-1940-жылдар аралығында жазылған. Тарихтың қиын да қатал сыны қаламгердің әдемі басталған жырының соңына жетуге мүмкіндік бермеген. Поэмада кездесетін топонимдер мен антропонимдер:

Құяды *Қара Ертіске* қарт *Жеменей*,

Тұмандата, түтете, су себелей!

Қара Ертіс пен *Қалжыр* кеп *Зайсан* түсіп,

Молайтады зайсанды үн білдірмей [33, 220б.]

Иса ақынның *Жанайды* сипаттауы есімнің мағынасын аша түскендей:

Бұлардың ортасында бала *Жанай*,

Үлкеннен де өнері асқан талай...

Бидай өнді, аққұба көрсең түсі,

Тиянақты, тұрлаулы әрбір ісі.

Тасығанда жанары жай отындай,

Қылығына досының жылиды іші.

Оған таяу үлкені *Сатыбалды*,

Ерте ұнатып *Жанайды* дос қып алды.

Бір қалжыңда *Жанайдың* ағасына,

«*Жанашты* іні қылам» деп айтып салды [33, 221б.].

Поэмада Зайсан, Ертіс, Жеменей, Қалжыр гидронимдері, Алтай топонимі, Жанай (27рет), Жанаш (3рет), Жанайым (2рет), Қырмызы (14рет), Сатыбалды, Ұсан болыс антропонимдері, Сәкең поэтонимі бар. Иса шығармаларында Ертіс гидронимі, Алтай және Қаратау топонимдері, Қырмызы антропонимдері екі поэмасында кездеседі. Бұл өрнек ақынның реалды ономастикалық шекті қолданатындығын көрсетеді.

И.Байзақовтың бір антропонимді поэмасы - «**Клеопатра**». Дастанда:

Ортада күндей жарық патша қатын,
Жұрт сүйіп *Клеопатра* қойған атын.

Көк теңіз, қызыл теңіз жағасында,
Асырған бір патшадан салтанатын [33, 233б.]

бір ғана Клеопатра есімі кездеседі.

«**Құралай сұлу**» поэмасындағы онимдердің барлығы нақты өмір шындығы. Поэмадағы **антропонимдер**: Есім хан, Монтай би (Монтеке, биекең, Монтайым), Құралай, Қайыргелді (Қақажан), Келден бай, Байжан, Сейқын, Дауыл батыр;

Қазақтың *Есім ханы* болған кезде,
Жау жорық жапан түзге қонған кезде.

Генонимдер: Қыпшақ, Ойбас, Орта жүз атауы;

Болыпты *Монтай* атты бір әділ би,
Руы *Ойбас Қыпшақ*, *Орта жүзде*.

Иса Байзақов шығармаларындағы жиі кездесетін атаулар – ру атаулары. Бұл атаулардың барлығы да қаламгердің дүниетанымы мен өскен ортасымен тығыз байланысты. Автор бұл атауларға қатысты көркем мәтінді образды түрде бере отырып, кейбір ру аттарына қатысты этимологиялық этюдтерді сәтті ашып көрсетеді.

...Оңтүстік *Қамсақтының* жағасында,
Қалыпты *Монтекеңнің* аулы болған [33, 5б.].

...Тоқалдан жалғыз туған *Қайыргелді*,
Би түгіл қуантып ед барлық елді.
Бір тойда диуананың тілі тиіп,
Күнінде құлыншақтай о дағы өлді [33, 5б.].

Қажытпау жұртыңызды тілегіңіз,
Шын сүйген ұлтыңызды жүрегіңіз.
Көлдегі көгілдірдей *Қақажанға*,
Қамығып жас кеткен соң жүдедік біз.

...Бір бай бар *Шудың* бойын мекен қылған,
Дермиянды тілекте көңілі толған.
Армансыз *Келден* бай деп аталады.
Он сегіз ұлы он сегіз ауыл болған [33, 8б.].

Ол кезде *Тарбағатай* қалмақ жері,
Асқан жоқ көпке шейін онан бері.
Арқалық, *Тянь-Шань* тауын тағы жайлап,
Кей жылдар *Маңыраққа* да көшеді елі [33, 20б.].

Теоним: Алла екі рет кездеседі;

Топонимдер: Қамсақты, Қаратау, Тарбағатай, Арқалық, Тянь-Шань, Бетпақшөл;

Гидронимдер: Шу, «Көк мұрын той» өзен атауы:

Келден бай сол өлкеден таңдап алған,
«Көк мұрын той» өзенін мекен қылған.
Ол өзен *Шудан* аққан бойыменен,
Батысқа өлкені өрлеп кетеді әрмен [33, 86].

Зооним (гиппонимдер): Сұр бикеш ат, Торғайкөк, Жайшағыр:

Жау да айдады, жылқыға мен де жеттім,
Шетінен ұстап қалдым сұр *бикешти*-ақ.
Сұр бикеш бедеу еді, арқар соққан,
Құстай ұшып шығатын талай топтан [33, 156].
Жөнелттім *Торғай көкпен* Құралайды,
Бұл жаудан енді аяну жарамайды.
...*Жайшағыр* астымдағы құстай ұшты,
Ұмтылдым төтесінен біліп жайды [33, 286].
...Жау жеңіліп майданда Келден қалған,
Жайшағыр ор қояндай ойнақ салған[33, 316].

Ақынның тілінде Ақажан, Қақажандар болыс, би есімдері болып келеді. Поэмадан жалқы есімдердің маңызды ерекшелігі – жүйелікті байқауға болады. Сонда ономастикалық бірліктер онимдерге бөлінетін нақты денотаттарға қатысты ономастикалық жиынтық құрап тұр.

И.Байзақов поэмаларының ономастикалық кеңістігі

№	Онимдер	Поэмалары							
		ындаАлтай	Кавказ	Он бір күн	Клеопатра	Ақбөпе	Қырмызы-Жанай	Құралай сұлу	Қойшының ертегісі
1	Антропоним	14	14	8	1	28	5	8	2
2	Топоним	19	4	10	-	10	1	5	-
3	Теоним	1	-	-	-	2	-	1	-
4	Этноним	3	1	3	-		1	1	-
5	Ороним	12	-	1	-	7	-	1	-
6	Космоним	-	-	1	-	-	-	-	-
7	Гидроним	3	1	5	-	3	4	1	-
8	Библионим	-	-	-	-	-	-	-	-
9	Фитоним	-	1	1	-		-	1	-
10	Зооним	7	2	4	-	5	8	8	-
11	Катойконим	1	-	-	-	-	-	-	-
12	ХреMATоним	2	2	2	-	3	-	1	-

Бұл кестеде берілген онимдердің уәжі поэмалардың ономастикалық кеңістік аясында ономастикалық шек өзегін құрайтын антропоним, топонимдерден басқа, сол өзекке жақын орналасқан онимдерді де қолданғанын аңғарамыз. Осы негізде ақын туындыларындағы антропоним

мен топонимдердің басымдығы шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік қызметте қолданыс тапқандығын байқаймыз.

Қорыта айтқанда, И.Байзақов поэмаларының атауы – антропоним, топонимдермен келгендігі, поэманың аталым сырына терең үнілуге, яғни мазмұн-мағынасын түсінуге болады. Ақын қыры да сыры мол топонимдерді де поэмаларының аталымы еткен, дастандағы кейіпкерлерінің есімдері араб-иран, славян, қазақтың көне есімдеріне жақынырақ өрілген.

Ақын поэмаларында Алтай мен Баян, Зайсан мен Маңырақ, Шу бойы, Кавказ бен Саян топонимдерін кеңінен қолданады.

Туыстық аталымдардан: *әкеме* айт, Текедегі елге көшсін, сөйлесті *құдасына* кісі салып, тез берсін *келінімді* малымды алып, келет деп Ақбөпенің *күйеуі* ұрын, Сәлем айт *жиенжанға*, бөгелмесін, қиналар *нағашым* да жол таба алмай, *інісі* Кәрібай болыс деп кездеседі. Иса шығармаларындағы қаһармандар мінетін аттарға берілген сипаттамалар да ерекше. Жайшағыр, Сұрбикеш, Аршакөк, Тышқансұр, Кербесті, Күрең, Мамакер, Ақтарлан — бұлардың барлығы да шығармада өз бояу, өрнектерімен мүсінделген. Бұлар батырлар жырларындағы Тайбурыл, Тарлан не Байшұбарларға ұқсас келетін аттар емес.

Ақын туындыларының ерекшелігі – ойын атауларының кездеспейтіндігі.

Автор өлеңдерінің ономастикалық аясы Иса антропонимі:

- Сұрасаң атым - Иса, әкем - Байзақ,
- деп атын паш еткенін көреміз. Сондай-ақ:

Қарашы домбыраның еркесіне,
Исаның шығып алды желкесіне.

Негізінде ақынның «Желдірмелерінде» топонимдер қатары біршама көлемді болып келеді:

Домбыра – қос ішекті, тоғыз перне,
Арқаның кез болдың қой серкесіне.
...Самғайын қанатымды жел үйіріп,
Қонғандай *Оқжетпестің* өркешіне [33, 237б.].
Шегі жоқ *Қазақстан* табысының,
Екпіні жер жарғандай дабысының.
Салдырған құла шөлге *Түрксибті*,
Жетуге жолы жақын алысының.
Дариядай шалқып жатыр бізде мұнай,
Мол байлық мұнай алқа жанарындай.
Қарсақпай, Қарағанды, Айдын, Балқаш
Қайнардай кен береді тыным алмай.
Риддер, алтын *Алтай* тасын өрген,
Сүзбелеп суынан да алтын терген,
Қалбаның қойны-қоншын кені басып,
Бәрі де қазан шұңқыр оған төнген.
...Нормасын екі-үш есе орындатып,
Рапорт *Сталинге* берді талай.

...*Ембіде* мұнай қазған еңбек ері... [33, 239б.].

Доссорым ана жақта жатыр шалқып,
Астында ақ Еділдің майы қалқып.

...Байшонас, Мақат, Бекпай тағы да бар... [33, 240б.].

Оқжетпес, Қазақстан, Түркісіб, Қарағанды, Алтай, Риддер, Қалба, Байшанас, Мақат, Бекбай, Доссор топонимдер өлеңнің мәнін айшықтап тұр.

«Кербез сұлу» өлеңінде Алтай топонимі әр шумақ басында келіп осы елді мекенге қатысты екендігін суреттейді:

Алтайдың кербез сұлу азат қызы...

Алтайдың жерінде нұр, көгінде күн...

Алтайдың құлпырып тұр сай-саласы [33, 241б.].

«Қанапия» әнінде аталым имплицитті қызметте жұмсалған. Мәтінде топонимдер ғана кездеседі:

Айқайлап жылқы бақтым мен жасымнан,

Бейнетке қарсы тұрмай кім жасыған.

Аспандап, жоғары өрлеп дәуірлеймін,

Суымын Ақ *Жайықтың* мен тасыған.

Айқайлап жылқы айдадым Сыр жағынан,

Қамаған бай мен манап жан-жағымнан...[33, 242б].

«Бұл әннің кім біледі аты Қалқа». Бұл өлеңді ел арасында Қалқа Жапсарбаевтікі деген сөз бар. Алайда, Исаның өзі бір сөзінде осы текстің қалай жазылған айтады. Бұл да ескі әнге жазылған жаңа мәтін. Ақынның бұрынғы жинақтарында да жарық көрген.

Бұл әннің кім біледі аты *Қалқа*,

Қалқаны сағындым ғой айта-айта...

Қалқаның сағынғанда салған әні...

Әндердің ұлы атасы «*Қанат талды*»,
Арқада аңыратып *Сейтжан* салды,
Қоңырлап құйқылжыған ырғағына,
Сүйсініп, естігенде жұрт таң қалды.

«Ақерке, ақ күмістей сенің жүзің». Өлеңнің мазмұнына қарағанда, өлеңі мен әні бірге шыққанға ұқсайды. Алайда, әннің сазы белгісіз. Алғашқы жариялануы 1948 жылғы «Таңдамалы шығармалары» жинағында. Жинаққа

1983 жылғы екі томдық бойынша берілген.

Ақерке, ақ күмістей сенің жүзің,
Кетер ме көкейімнен айтқан сөзің.
...Күлкің гүл жас баланың жанарындай
Ақерке айтып бітпен құмарымды-ай.
...Шырқайын Ақеркенің айғайымен,
Өзімдей берік болсын, жігіт серті.

Ақынның «Жонып алды» өлеңінде хрематоним ретінде:

Өлеңді айт дегенде тасып берем,
Мергендей көзден түзу атып берем,
Ағалар басын қосқан мәжілісте,
Әніне «*Жонып алды*» басып берем.
Айтылса көп өнердің қоры бар-ды,
Мақамын келтіретін жері бар-ды.
Айтылған сол көп өлең мақамынан,
Аты бар бұл әнімнің «*Жонып алды*».

Ақынның «Алатау» өлеңінде поэмаларындағыдай қара өлең ұйқасында топонимдер қолданыс тапқан:

Бұлт бұған басыңды, қарлы *Алатау*,
Бір заманда қайғылы, зарлы *Алатау*.
Қойныңа жезтырнақтың қолын салып,
Сұмырай сорған сүтіңді, шерлі *Алатау*.

Иса шығармалары - тарих шежіресі. Сондықтан да суреткердің тарихи оқиғаларға ерекше мән беруі – ұлттың өткенін жаңғыртып отыру деп ұғынған жөн. Қазақ тарихын анықтайтын, нақтылайтын дереккөздердің бірі – ел есіндегі жырлар. Осы бағыттағы қазақ әдебиетіндегі өзгеше сипат алған тақырыптардың бірі – тарихи тақырыптағы жазылған Иса Байзақов туындылары болып табылады.

2.3 М.Әлімбаев шығармаларындағы онимдердің қолданысы

М.Әлімбаевтың 1943-1979 жылдар аралығында жазылған таңдаулы дастандары, балаларға арналған ғиратты өлеңдері және ән текстеріндегі ономастикалық кеңістік аясы. Ақын шығармашылығынан еліміздің тарихындағы ұрпақтан ұрпаққа мәдениет құндылығымен мазмұндалған мәдениет тынысы, ел тарихы мен этнографиясы, жекелеген тұлғалардың дүниетанымдық ерекшелігі жайында кеңінен ақпарат беретін ономастикасын сұрыптап алдық. Ақынның «Күлкісіз көңіл құлазыр» тақырыбындағы

өлеңдер топтамасына тоқталатын болсақ, «Келін» мысалында эпифора да белгілі көркемдегіш қызмет атқарып, тармақ сайын қайталанатын Зайда антропонимі ойды тындырушы, аяқтаушы роль атқарып, өне бойы тармақ соңында қайталанумен болады. Ақынның айтар ойы осыншама мықтала, нығырлана түседі, қайталама антропонимдерді шұбыртпалы ұйқаста қолданған:

Гүлзайда! Зайда!

Гүлзайда қайда?

Гүлзайда! Зайда!...

Үйде қал, Зайда...[34, 209б.]

«Мылжыңға мылжыңша жауап» мысалында: - Теміртауда тойға бардым, мұнда Теміртау топонимі арқылы нақты оқиға орнын суреттеуде жұмсалғандығын байқаймыз. Номинатив тұлғада тұрып автор эмоциясын айқындап, ирониялық мысалдарында тіл иелеріне белгілі және оқиғаға (мәтінге) байланысты ирониялық-прецедентті антропонимдер қолданылған. «Қоянбайдың көжегі» мысалында - Қоянбай, Қоянбике:

Қоянбайдың көжегі

Күнде үйінен безеді.

Күнде ішіп келгенде...

Қоянбике шошиды [34, 210б.].

Осындай мәнде «Мияубай Мышымов», «Бұзау бұқа», «Сауысқандар қосылса», «Шіркей мен піл», «Ұлу мен тасбақа» мысалдарында: зоонимдер атаудың экспрессивті бояуын қалыңдатып, ЖЕ түрінде қолданыс тапқан: Арыстан, Жолбарыс, Қабылан, Барыс, Мысық, Мияубай, Мияу, Мышымов және Қодас, Торғай, Торащ деп те қолданылған, Қаршыға, Қарлығаш, Сұңқар, Сауысқан, Піл, Тасбақа деп прецедентті түрде экспрессивті, яғни оқырман санасында дискретті емес, тұтас бір образдарды қалыптастырып, автор субъект атауларының уәжін де түсіндіреді:

- Өсіп-өнген, үлкен ата қауымдас

Аң патшасы Арыстанмен бауырлас,

...Деп Мияубай кергиді,

Жайлап алып төргі үйді.

...Нақ осы арамның тілегі,

Нақ осы Мысыққа керегі.

Не Қабылан, не Барыс

Дүниеде осындай

Мияу барын білмепті,

Кетсін әрі –

Мышымовың кім? – депті [34, 206б.].

Менің де ойым осы еді, -

Деп Қодас оны қостапты [34, 207б.].

... Жоғарылайтын болыпты біздің Торғай!

- Сол Торащтан кім мықты,

... Қалт етпейтін Қаршыға
...Бас изесті Сұңқар да,
...Табақтас боп бірге отырды Сауысқан [34, 205б.].
Ұлу айтты Тасбақаға...[34, 201б.].

Ақиқатты мұндай суреттеу негізінде, суггестивті әсерге ие, себебі ол саналы бастамаға емес, эмоцияға әкеледі, бұл қоғам санасына әсер етудің тиімді жолы.

Прецедентті онимдердің эксплицитті болуы белгілі бір социумның консолидациясы, яғни сыртқы көзқарас пен соған қатысты бағалау әлеуметтік топқа ықпал ету үшін белсенді түрде қолданылады. Аталмыш тұлғаға сюжетте көрсетілген жағдайлардағы іс-әрекет және прецедентті есім сыртындағы кейіпкер мінез-құлқы телінеді. Қажетінше, бұл сюжеттер эксплицитті түрде беріледі, белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың өкілі ретінде жеңіл ұғына аламыз. Прецедентті есімдердің жоғарыда аталған қызметі арқылы ақынның кейіпкерлер туралы ой-пікірін (субъективті бағалау), сондай-ақ шығарманың қай оқырман тобына (жас мөлшері, әлеуметтік жағдайы) арналғандығын, қай бағытты ықпал ететеіндігі туралы анықтауға мүмкіндік аламыз.

«Әнсіз өмір мәнсіз» топтамасында прецедентті есімдер батырлық символына айналған «Мәншүк апай», «Космонавт боламын» тақпақтарында арнау-шығармалар сияқты:

...Мәншүк апай – батыр қыз,
Ардақтаймыз атын біз.
Ұқсап Мәншүк апайға,
Өсіп келе жатырмыз
Жұлдыздарға мен құмармын жастан-ақ,
Гагариндей мен де болам космонавт [34, 197б.].

«Қос қарлығаш», «Аяжан», «Грузин қызы - Сулико» тақпақтарында қыз Қарлығаш, Қарлығаш [34, 195б.], Аяжан – қарындасым..., қыз Сулико грузиннің сәні ғой, Тамараның сіңлісіндей аумаған [34, 180б.]...– дегендей көпшілікке кеңінен танымал, қолданылу ерекшелігі бар антропонимдер сондай-ақ ...шақырады Шолпан да [34, 187б.] деп космоним де түпнұсқа мәтінмен байланысы және де трансформация жасалу ерекшелігі бар онимдер қолданылған. «Қара қызда»:

...Менің жалғыз Ләйлімсің,
Бақытым мен қайғымсың.
Қалай ғана бейбағың

Бақытынан айрылсын?! [34, 185б.] дегені прецедентті есім – белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және нақты оқиғамен салыстыру үшін қолданылатын антропоним. Мұнда «Ләйлі-Мәжнүн» жырымен түпнұсқа мәтінмен байланысын көреміз, символдық тұлға – Ләйліге теңеліп тұр. Бұл өлең жолдарынан Ләйлі – символдық есім арқылы ессіз ғашық болу қасиеті бүкіл мәтінге тірек болып тұр.

«Дала баласы», «Бір жас қазақ», «Ақмаңдайлым» өлеңдерінде: Ертіс, Жайық гидронимдері (потамонимдер), Алатау топонимі, Алтай ойконимі,

«Еркем менің» өлеңінде Ертіс, Нұра гидронимдері мен «Қазақстан магниткасында» Магнитка хрематонимі көп қолданылады. Жалпы, ақынның «Алтай», «Алтай вальсы», «Маралдым» атты жекелеген әндерінде Алтай топонимі, Ертіс гидронимі, Маралдым топонимі атау ретінде бір өлеңде бірнеше рет қолданылып, эксплицитті мәнге ие болып тұр. Бұл тәсілде табиғат көріністерін суреттеуде топонимдер түрін арқау етуі ақынның өзіндік ерекшелігін де көрсетеді.

«Біз кешегі солдатпыз» өлеңінде тарихи онимдер шығарманың мезгілі мен кеңістігін білдіретін өзіндік үйлестіруші хронотоп қызметін атқарған. Бастапқы хронотоп – Берлин, шартты хронотоп – Москва.

Біз – кешегі солдаттар...

Москвадан Берлинге

Дүбірлетіп жеткен де...

Бұл жолдардан бағыт-бағдардың Москвадан Берлинге бағытталғаны белгілі. Хронотоптың мәтін ішіндегі қызметіне қатысты Қ.Рысберген пікірі бойынша: «Сонымен қатар нақты мекен-жайлық, локальды бағыт-бағдарлық қызметті де атқарып тұр. Көптеген ақиқат топонимдік атаулармен қатар бізге жетпеген, ақын-жыраулар поэтикалық жолдарында ғана сақталған, кезінде аса актуалды болған көптеген микротопонимдік атауларды кездестіруге болады. Яғни аталмыш көркем мәтіндерде кеңістік пен нақты тарихи кезең бірегей хронотопқа ұйымдасып тұр. Сондықтан хронотоп көркем шығарма кеңістігінде нақты тарихи кезеңдегі уақиғаны суреттей отырып, оқырманды сол кеңістік координатасынан дұрыс бағдар беріп, хабардар етеді».

М.Әлімбаев шығармашылығының шырқау биігіндегі туындысы – Маралды, Павлодар, Баянауыл, Алматыда өмір сүрген жыл кездерінде 1962ж. қазаны – 1968 наурызы аралығында жазылған Естай-Қорлан ғашықтық дастаны. «Естай-Қорлан» лиро-эпикалық дастанын Естайдың өмірі мен аңызға айналған махаббатына, яки сол кездегі қоғамда бой алған оқиғаларға арнап, ономастикалық бірліктерді мейлінше пайдаланған. Мысалы, Естай, Есағам, Естен деп Сәттің қойған лақап аты, Беркімбайдың Естайы, Хорлан, Біржан сал, Қауан төре (Қауекең), Өмірзақтың Қауаны (инверсия ... обалың Қауанына Өмірзақтың, Колумб, Марко Поло, Магелландар, Асанқайғы, Қожа (досы), Сәтен ұқсатып атау - Сәт (мұғалім), Сұңқар, Сұлтан (байлар), Хұсни, Зылиха, Құртқа, Жібек, Мағаш, Қожахмет (қушыкеш) антропонимдері, «Жантық» зұлымдық символы ретінде, Көнтай, Мұхамеджан, Ләйлі (...алмаспын ақылшыға Ләйліні де), Мәжнүн (...қайғыға Мәжнүн құсап меңіреумін) ғашықтық символы ретіндегі антропонимдері, Баймұраттың Нұрлыбегі, Жәке есімдері, топонимдер: Ертіс, Аккөл, Ақсу, Маралды, Жасыбай гидронимдері, Баян, Ереймен, Қараөткел, Құлынды, Стамбол, Кереку, Көктөбе, Толыбай, Тайша, Бөрлі, Шот, Омбы, Зайсан, Арғанат, Жетісу, Түркістан, Қарқаралы, Қызылжар ойконимдері, «Хорлан» әнінде Бағдат, Мысыр, Шынмашын топонимдері, Сүйіндік, Апай-бөрі, Қозған-қақсал, Қыпшақ, Бұқа-күбір, Сәмек, Бәстеми генонимдері (ру аттары), Аясопы дәрреэлфунун депроприативі (трансонимдену), Әлі, Мәді теонимдері, «Бір мысқал» хрематонимі (ән атауы), Қобыланды (...әркімнің

Қобыланды болып бір күн, Алатын Қазаны бар – қамалы бар), Тайбурыл аттың атауы да серігі ретінде қолданылған.

Дастандағы ономастикалық кеңістік антропонимдерінің көбі халыққа танымал есімдер болса, екіншісі – шығарма кейіпкерлерінің есімдері: «Жантық» зұлымдық символы ретінде, Көнтай, Ләйлі (...алмаспын ақылшыға Ләйліні де), Мәжнүн (...қайғыға Мәжнүн құсап меңіреумін) ғашықтық символы ретіндегі антропонимдері, Қобыланды (...әркімнің Қобыланды болып бір күн, Алатын Қазаны бар – қамалы бар), Тайбурыл аттың атауы. Шығармада қолданылған антропонимдерден Естай, Есағам, Беркімбайдың Естайы, Хорлан, Біржан сал, Асанқайғы антропонимдері реалды өмірдегі болған адамдар.

Біз қарастырған «Естай-Қорлан» дастанының ономастикалық кеңістігін мына онимдер құрайды:

а) шығарманың басты кейіпкерлері: Естай, Хорлан, Қауан төре (Қауекен), Өмірзақтың Қауаны, Қожа (досы), Сәт (мұғалім), Сұңқар, Сұлтан (байлар) антропонимдері мәдени тұрғыда өміршенді есімдер, антропонимдер прагматикалық деңгейге түскен.

ә) әдеби кейіпкерлер: «Жантық» зұлымдық символы ретінде, Көнтай, Ләйлі, Мәжнүн, Қобыланды, Тайбурыл аттың атауын символдық таңба ретінде қолдана білген.

б) топонимдер: Ертіс, Ақкөл, Ақсу, Баян, Ереймен, Қараөткел, Маралды, Құлынды, Стамбол, Кереку, Көктөбе, Толыбай, Тайша, Бөрлі, Жасыбай, Шот, Омбы, Зайсан, Арғанат, Жетісу, Түркістан, Қарқаралы, Қызылжар кеңістікті бейнелеуде шығарма ішінде тірек ретінде поэтологиялық ақпарат береді. «Хорлан» әнінде Бағдат, Мысыр, Шынмашын топонимдері ақпараттық мәнде қолданылған.

Ақынның дастанындағы ұлттық-тарихи әлемнің тілдік бейнесін көрсететін ономастикалық фрагментті құрайтын жалқы есімдер лексика-семантикалық бірліктердің парадигматикалық және синтагматикалық ерекшеліктерінің дамуында маңызды рөл атқарады.

1941 жылы Мұзафар Әлімбаев соғысқа шақырылып, 1943-тің шілдесіне дейін соғысты. Комсомол қатарында соғысқа ауылдан аттанған Мұзафар Әлімбаев арада жеті жарым жыл өткенде коммунист, жауынгер командир, офицер-танкист атанды. Майдан шебінде жүріп жарық көрген бірінші өлеңі «Батырға» деген атпен 1944 жылы 17 сәуірде Балтық майданының «Жауға қарсы аттан» газетінде жарияланды. Ақын бұл өлеңін Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинге арнады. Сөйтіп, артиллерист, лейтенант Мұзафар өзінің «өскелеңдігін» тек соғыс майданында ғана емес, әдебиет майданында да көрсете білді.

«Хас батыр Қасым Қайсенов» атты туындысы қазақ елінен шыққан ұлдардың батырлығы мен ерлігін дәріптеуге арналған. Ақынның «Ту тіккен» дастанында Рейхстагқа алғаш ту қадағандардың бірі, Советтік Қазақстанның саңлақ перзенті Рахымжан Қошқарбаевтың жан-дүниесі, қаһарман ерлігі шабытпен тамаша, нанымды жырланады. Майдан тақырыбындағы шығармаларының бәрі кейіннен ақынның «Жүрек лүпілі» атты кітабына енді.

Бұл жырлар жинағында қазақ жерінің, кешегі Отан соғысының отты күндері жырланады. Демек, бұл туған жеріміз жайлы өлеңдер жинағы десек те болады. М.Әлімбаев туған ел тақырыбына біршама еңбегін арнаған. Мәселен, «Отанның орны – жүректе» еңбегінде қаламгердің туған елі – Қазақстан туралы толғамды ойлары мен эсселері жарияланды.

М.Әлімбаевтың «Солдаттар ұмытпайды сұрапылды» өлеңдер топтамасында «Ерлер ескерткішке татиды» өлеңінде: Төлеген (Тоқтаров), Абдолла (Тоқай), Қасым (Аманжолов), Саин (Мұратбеков) Ұлы Отан соғысы батырлары есімдері өрілген. ...Елдесім тұр Берлинде, ...Жаяу-ақ сонау Берлинге...» топонимі, «Менің атам» өлеңінде атасының «жатқа айтады Европаның картасын», «Жаяу жеттім Москвадан Берлинге...Европаның азаткері, біздерміз!» топонимдері, «Жоқтау» өлеңінде Рахима, Ғалиасқар есімдері, «Пискарев бейіті мен Мамай қорғаны», «Хамза Өмірбаев ескерткішіне», «Момынқұлов Әбділдамен сырласу» номинативті аталып, Пер-Лашез топонимі, Марс космонимі, «Қазақ сарбазының қабірі басында» өлеңінде Ойыл ойконимі, «Төбе басында» Баяндин есімі, «махаббат жырында» ...ару сүйді Баубегін деп, нақты өмір шындығын бейнелейді. Сондай-ақ «Оралу» өлеңінде Каунас, Наполеон, Понемун топонимі, Неман гидронимі, «Ниет» өлеңінде «Катюша» хрематонимі бейнеленген.

«Теңізші сағынышы» өлеңінде Мұзмұхит гидронимі қолданылған. «Қызғаныш» атты өлеңінде тарихи антропонимдер Қозы Көрпеш, Ақ Баян, Қодар есімдері кездеседі. Ақынның «Менің екі қатем» өлеңінде Құрбанов, Асыллов деген фамилиялар жасанды поэтонимдер коннотатты қолданылған. Ақын «Шеру» (құрдасым Тахауиға), «Досымның ұлын көргенде» (Кәкенұлы Ерікке), «Ескі ДОТ пен эксковатор» (досым Ерғали Қалымжановқа), «Ақынның әйелі аузынан» (Әрі жеңге, әрі құрдас Күлжамалға), «Білсеңші» (Шапауға), «Ш-ға» деп өлеңдерінде антропонимдерді адресатты түрде жазған. «Өтелмеген парызда» Төлешім деминутиві, Сталинград топонимі, «Әке суретінде» Самат есімі кездеседі.

Ақын «Ол сөздің жоқ қой қатысы» өлеңінде Көзі кем..., Шолаққол, Шойнаңбай номинативті есімдер коннотатын қолданады. «Сержант сезімінде» Курск топонимі, Тигр – Жолбарыс хрематонимі, Әбенев есімі аталады. Жалпы, ақын осындай адамды фамилиясымен қолдану ерекшелігі соғыс туралы өлеңдерінде көп кездеседі. Автор «Ұмыта алмас» өлеңінде Германия, Берлин топонимдері, ал Зоя, Мәншүк есімдерін батырлық символы ретінде, «Менің жастық жылдарымда» қарт Берлин прецедентті топонимді қолданады.

М.Әлімбаевтың «Сүйген жүрек сөз табады сүйсінер» топтамасындағы «Ана мен бала» (Арнұр мен анасына) өлеңінде Әділғазы есімі, «Ана» (Анам Зейнепке) өлеңінде Балнұр, Алтай, Арнұр есімдері өрілген. «Әттең ғана»: мұнда Іле гидронимі, Қордай топонимі өлеңнің мазмұнын ашуға мәнді қолданылған. «Асқарлық пен ашық күн» өлеңінде:

Атын қойғам Алтайдай ер болсын деп,

...Алтайым, Сәулешіңнің асқары бол,

...Сәулетай, Алтын күн бол Асқарыңа, - деп антропонимдерді арнау-тілек

ретінде де қолданады.

«Сүйген жүрек сөз табады сүйсінер» атты өлеңінде тарихи тұлғалы есімдерді өреді:

...Еліктеппін талайға

Хафиз бенен Абайға.

...Көшіріппін кейде мен

Омар Һайям, Гейнеден [34, 216.].

«Шофер неге кешікті»: «Москвич» хрематонимі, «Ерлі зайыптылар диалогы»: Мүгілсім есімі айқындауыш мәнде жұмсалған.

«Менің ойыншығым», «Отпен ойнама», «Орақ - олақ», «Шынықсаң - шымыр боларсың», «Базарлық» (Алтай есімі) өлеңдері, «Аспандағы әпке» жинағы қазақ балалар әдебиетіне қосылған елеулі үлес болды. Ақынның ерінбей еңбектенудің нәтижесінде әлем әдебиетінің кейбір үздік шығармаларын және басқа халықтардың (70 елдің) мақал-мәтелдерін қазақ тіліне аударды. Сөйтіп қаламгердің «666 мақал мен мәтел» (1960), «Мақал – сөздің мәйегі» (1963), «Өрнекті сөз – ортақ қазына» (1967), кейіннен «Халық – ғажап тәлімгер» (1994) т.б. жинақтар мен зерттеу еңбектері жарық көрді. Халықтың ауыз әдебиеті – қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді зерттеп, жинастыру негізінде «Маржан сөз» (1982), «Мақал-мәтелдер», «Мақалнама» (1970), «Нақалдың төркіннамасы» (1996), «Нақылдар» (1998) және «Батаменен ел көгерер» (1996) кітаптары халықтың күнделікті қажетсінер дүниесіне айналды.

«Қалам қайраты» (1976), «Өмір. Өнер. Өнерпаз» (1990), «Толқыннан толқын туады» және «Көргендерім көңілде» (1992), «Көңіл күнделігі» (1996) сынды құнды дүниелер көпшілікке ұсынылды. Қаламгердің өз өлеңдері де бірнеше (38) тілге аударылды. Ақынның балаларға арналған «Мұғалім ол біздің», «Көшпелі фонтан», «Бесік жыры», «Қартаймайсың, жан ана» қатарлы көптеген ән-өлеңдері халықтың сүйікті туындысы болып кетті.

Жұмбақтар мен өлеңдерді «Менің ойыншықтарым» атты еңбегі арқылы да жарыққа шығарған. Ақынның қай-қай туындысымен болмасын, әсіресе, «Жұмбақтар» (1954), «Биікке, биікке» (1955), «Менің ойыншықтарым» (1952-1961), «Алатаудың баурайында» (1960), «Орақ – олақ» (1962) деген кітаптарымен, «Балдәурен, шіркін, балалық» (1973) деген бір томдық таңдамалысымен жас оқырмандары ертеден-ақ танысып жатады. Мұзафар Әлімбаевтың балаларға арналған өлеңдері орыс тіліндегі Бүкіл одақтық «Пионер» журналы мен «Пионерская правда» газетінің беттерінде және коллективтік жинақтарда да басылып шықты.

М.Әлімбаев поэзиясында алмастыру тәсілін де сәтті пайдаланады. Мәселен:

Жүреді-ау кейде Аяздар жетпей бізге,

Сонан соң туралыққа беттейміз бе?!»

Автордың Аяздар деп отырған Аяз билері - әділ билер, әділ шешетін қазылардың шешімі.

М.Әлімбаев шығармаларының ономастикалық кеңістігі

№	Онимдер	Шығармалары					
		Мысал	Әндері	Солдаттар ұмытпайды сұрапылды жылдары	Өлеңдері		Етай-Қорлан
1	Антропоним	-	15	10	36		8
2	Топоним	-	4	9	9		22
3	Теоним	-	-	-	-		-
4	Этноним	-	1	-	-		1
5	Ороним	-	-	-	1		-
6	Космоним	-	-	1	1		-
7	Гидроним	-	1	9	5		4
8	Библионим	-	-	-	-		-
9	Фитоним	-	1	1	-		-
10	Зооним	15	2	-	-		1
11	Катойконим	-	-	-	-		-
12	ХреMATоним	-	2	4	-		-

Бұл кестеде ақын шығармаларының ономастикалық кеңістік аясында антропоним мен топонимдердің басымдығы шығарма ішінде тірек сөздер ретінде мәтін түзушілік функцияны атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, М.Әлімбаев өлеңдерінде ономастикалық бірліктерден антропоним мен топонимдер басым. Ақын нақты өмір шындығынан оқиғалардың мазмұнын толық ашу үшін хронотоп пен кеңістікті бейнелеуде шебер қолдана білген. Ал мысал өлеңдерінде зоонимдерді прецедентті есімдер ретінде тізген..

Ақын қазақ топырағынан бойына жинаған мейірімділік, адамгершілік, отансүйгіштік, адам баласын жақсы көре білу сияқты ізгі қасиеттерінің бәрін жас жеткіншектерге дарытуды ойлады. Сондықтан да оның «Балдәурен, шіркін, балалық», «Ақсерек пен Көксерек», «Қоянның құлағы неге ұзын?» және тағы басқа балаларға арналған кітаптарындағы туындылары осы орайда жазылды. «Екі тақтай – бір көпірде» өлеңдер, такпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар мен ертектер жинақталып берілген. «Қоянның құлағы неге ұзын?» деген еңбегінде балалар үшін өлеңдер, аңыздар, мысалдар, жұмбақтар және жаңылтпаштар енгізілген.

Жалпы, балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілінде жалқы есімдердің қолданылуында айтарлықтай ерекшеліктер жоқ. Себебі, балалар әдебиетінің негізгі кейіпкері де, оқырманы да – бала. Сол үшін автор әрбір жалқы есімдерді қолдануда оған байланысты мәдени ақпараттарды – аңыз-әңгімелер, тарихи оқиғалар, қоршаған ортаға тән белгілерді балаға ұғынықты, қабылдауға ыңғайлы етіп қолданады.

2.4 С.Торайғыров шығармаларының ономастикалық бірліктері

«Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінде жаңа арна, тың, серпін

туғызған ерекше тұлға, қазақ әдебиетінің шынар шыңдардың бірі» деген еді профессор Арап Еспенбетов. Шынында да Сұлтанмахмұт Торайғыров өз дәуірінің күрделі, қилы заманның дана перзенті, қайталанбас тұлғасы.

Торайғыров қазақтың поэзиясы мен позасын жаңа сатыға көтерген суреткер реалист болып табылады. Ол аз ғұмыр жасаса да, соңына мол әдеби мұра қалдырды. Өз тұсындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды. Роман жанрының реалистік поэманың туып қалыптасуына қызмет етті. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы публицист жазушылардың бірі болды. Жазушының тіл шеберлігі, ақындық ерекшеліктері үйрену үстінде қалыптасты. Жалпы алғанда «Адасқан өмір» ескі құрылыс жағдайында іздеген бақытын таппаған адамның трагедиялық күйін шебер суреттеген одан құтылудың жолын аңсап болашақ әділетті қоғамның сипаттарын бейнелеген терең мағыналы туынды. Ақын осы негізде адам өмірінің қоғамымен бітіспес қайшылыққа келуін ашады. Адам өмірінің мән-мағынасы жайлы философиялық ойлар түйеді.

«Қамар сұлу» романындағы ономастикалық кеңістік:

Антропонимдер: Қамар сұлу, Омар, Ахмет, жорға Нұрым, Қасен, Қалтаң қажы, Оспан би, Жұмабай, Бәйтек молда, Әбділда ишан, Иманбек, Жамантай;

*Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,
Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар.
Қорлықпен зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар.
Айдай әлем аузының суын құртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар [79].*

Жорға Нұрым: «...Жасында аттан жығылып, бір жақ аяғының ақауы болғанға құрдастары «Жорға Нұрым» деп, сонан елге «Жорға Нұрым» атанып кетіп еді [39]» прецедентті есім.

Қалтаң қажы, Оспан би туралы:
*Кәрі ағаң – Оспан, Қалтаң құдай атқан!
Қамарды зар жылатып ұстап сатқан.
Болмасқа кетті Қамар ғазиз бауырың,
Үміт жоқ қайта шығар күні батқан.
Қамаржан, мен күйемін сенің үшін,
Әрине, сен күйесің менің үшін.
Халқыңды қан жылаттың Жорға Нұрым,
Болдың ғой заманымда сорға Нұрым!*

Теоним: құдай, алла, хазірет Әли, Жағпар Садық әулие, :
*Уа, құдай, жасты жасқа пар қылғаның,
Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның...
Тіпті жоқ сенен өзге сүйген кісім,
Мағлұм бір Аллаға үшпу ісім...
Біреуге Аплатондай білім беріп...*

Поэтикалық антропонимдер: Омекең, Жәуке ,
Топонимдер: Сарбас, Мекке.

«Қамар сұлу» романындағы антропонимдерге түсініктеме берер болсақ:

Қамар – араб есімі. Қамар – ай. Яғни ай, айдай сұлу [12, 17б.]. Омар – арабша Гумәр – өмірлі ғұмырлы. Біріккен тұлғалы есімдер – Омарбай, Омарбек, Омарғали. Фонетикалық түрлері – Ғұмар, Құмар [12, 115б.]. Ахмет – ар. – мақтаулы, мақтауға лайық [12, 32б.]. Оспан - арабтарда кеңінен тараған есім. Мағынасы ерлік, батырлық, батылдық. Фонетикалық түрлері – Гусман, Құспан, Осман. Біріккен тұлғалы есімдер – Оспанәлі//Оспанғали (аса жоғары, аса үлкен батырлық), Оспанбай, Оспанбек, Оспанхан. [12, 118б.]. Нұрым – ар. Нұр – менің жарығым, сәулем, нұрлым [12, 111]. Жағыпар, ар.- бұлақ, жылға [12, 75б.]. Мұхамед //Мұқамбет, араб тілінде Мохаммад – даңқы шыққан, атақты, мақтанған. Біріккен тұлғалы есімдер – Мұқамбетбай, Мұқамбетбек, Мұқамбетқали, Мұқамбеткәрім, Мұқамбетназар, Мұқамбетқожа, қысқарта еркелетіп айту түрлері – Мұқатай, Мұқан, Мұқай, Мұқыш, Мәмет, Мамай және т.б. [12, 10б.]. Садық // Сыдық, арабша – 1) шын, адал, таза, ашық; 2) сенімді адал дос [12, 124б.]. Сартымбет, Байымбет, Көңілбай - біріккен тұлғалы есімдер. Бәйтек, Әбділдә. Иман, арабша – иман - сенім, наным. Біріккен тұлғалы есімдер – Иманәлі, Иманбай, Иманбек, Иманғазы, Иманғали, Иманжан, Имангелді, Иманақыш, Иманқұл т.б. Еркелете айтылатын түрлері – Имаш, Имантай [12, 86б.]. Қожа, арабша – ходже – ұстаз, мырза, бай, көпес, қожайын. Біріккен тұлғалы есімдер – Қожабай, Қожебек, Қожахмет, Қожагелді, Қожатай, Қожанияз, Бекқожа, Ерқожа, Есқожа, Нұрқожа және т.б. қысқартылып айтылатын тұлғалары – Қожаш, Қожкен. [12, 94б.]. Мақсұт// Мақсат, араб тілінде – 1) арман, тілек; 2) тілеп, күтіп алған. Фонетикалық түрлері – Мақсұтбай. [12, 99б.]. Әмина, арабша – 1) адал, сенімді. 2) зиянсыз, сәтті, игілікті. [12, 159б.]. Сәлима, араб тілінде Салим – 1) сау, бүтін, толық, аман-есен; 2) нағыз тыныш 3) қарапайым, шынайы, әділ [12, 185б.].

Халима, арабша – сүйікті дос, адал жолдас қыз. Түрі – Қалима [12, 189б.].

Жазушы шығармаласында бүгінде ұмыт болған және сирек кездесетін 19 есім кездеседі. Роман тілінің антропонимдері - араб есімдері.

Торайғыров шығармаларында адамның бостандығы, еркіндігі мен азаттығы көп айтылады. **«Кедей» поэмасында** бостандықтың елесін де көрмеген адамның бейнесін суреттейді. Патшағар деп кекетіп аталым қолданылған:

*Патшағар, неге тілді алмайсың деп,
Еркелейтін сен неме, қандайсың деп.
Бай қамшысы арқамды оспады ма?
Жылдамырақ қозыға бармайсың деп [35, 181б.].
Сайдауыттай алты ұл бар Мақан шалда,
Оларда да жасынан дамыл бар ма?
Өмір бойы өгіздей жегіліп жүр,
Не себепті бермейді оларға алла?
Анау жүрген Қозыбағар, Сейсенбайлар,*

Қойайдарлар, Ысқақтар, Бейсенбайлар,
Сондай-ақ болар ауыр адал қызмет,
Әлі күнге жоқтықпен соры қайнар [35, 184б.].

Мұнда ақын *Қозыбағар, Қойайдарлар* деп прецедентті поэтонимдерді қолданған. Бейсен//Бейсенбі арабша – бес + шамбэ – күн, календарь бойынша аптаның 4-ші күні, сол күні туылған балаға осындай ат беріліп отырған. Күрделі тұлғалы есімдер – Бейсенәлі, Бейсенбай, Бейсенбек, Бейсенғали. Еркелете қысқартылып айтылатын түрі – Бейсен. [12, 50б.]. Сейсенбай, иран есімі – үш, сенбі (шамбе) – күн+бай, яғни айдын үшінші күні туылған балаға қойылатын есім. Біріккен тұлғалы есімдер – Сейсенбек, Сейсенғали, Сейсенхан [12, 130б.].

Анау *Жақып* сән түзеп, сауық құрған
Құрдасым емес пе еді, бір күн туған?

Жақып, араб тілінде яғкуб – табанды, қарсылық білдіретін, үндемейтін. 2) айлакер, қу; 3) егіздің сыңары. Біріккен тұлғалы есімдер – Жақыпбай, Жақыпбек, Жақыпқан. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Жақай. [12, 76б.].

Сонда ғана оларға жалбақтамай,

Бабасын, не пәленің бір мақтамай,

Сонда ғана «*Байеке*, соның теріс,

Деуге тіл келе ала ма жалтақтамай?» [35, 189б.].

Байеке – поэтикалық антропоним.

Баласы емес пе едім *Құтпанбайдың*?

Мыңды айдаған нағашым және қайным [35, 202б.].

Мұндағы *Құтпанбай* көне түркі есімі *құт* – бақыт, -пан, -бай қосымшаларымен келіп, біріккен тұлғалы антропоним жасап тұр.

Адамды қоршаған орта өсіреді. Алайда адамды әсіресе дәулетті адамды бұзатын да сол орта. Ол адамның мінез-құлқына керісінше әсер етіп, оны әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа итермелейді, тек баюдың жолына түсіреді. Ұлы ақын өмір адастырғандардың бақытқа азаттыққа жетіп әділеттіктің салтанат құруын тынбастан жырлады. Сондықтан Сұлтанмахмұттың алғашқылардың бірі болып адамды жырлауы, адам рухын жоғары ұстауы, адамның бас бостандығын шамшырақ етіп көтеруі тегін емес. С.Торайғыровтың пікірінше, философия жер бетіндегі тіршілік иесі адамды зерттеуге тиіс. Бірақ бұл әрекет ерікті түрде дамып, құмарлыққа, мүдделілікке, таным мен қарым-қатынас қажеттілігіне негізделеді.

«Кедей», «Сарыарқаның жаңбыры», «Осы да әділдік пе», «Түсімде көрген бір аянышты хал», «Байлық», «Кедейлік» шығармаларында қанаушыларды түпкілікті жойып, бостандық орнатуға ашықтан-ашық

шақырады.

Сұлтанмахмұт өмір шындығын көркем бейнелеудің әр түрлі жолдарын іздестіріп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде жаңа жанрлардың тууына атсалысқан белсенді қаламгер болды. Ол қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, өмірдегі қайшылықтар мен тартысты суреттейтін саяси - әлеуметтік лирика, пейзаждық, жастық сезім күйлеріне құрылған сыршыл туындылар берді. Оның қаламынан көптеген әңгіме, очерктер, публицистикалық және сын мақалалар туды, екі роман «Қамар сұлу», «Кім жазықты», төрт поэма «Адасқан өмір», «Кедей», «Таныстыру», «Айтыс» жариялады.

Поэманың сюжеттік желісімен танысу барысында өлеңмен өрнектелген мінездемемен қатар таныс боласыз. Дастанға ер есімдері мен өр батылдықтары арқау болған қазақ қоғамының аяулы зиялыларының жарқын бейнесі әрі олардың азаттық жолындағы кескін – келбетімен, бар болмыс бітімін айқындар мінез – құлқымен таныс боласыз?

Ешкімнің *Әлиханға* бар ма сөзі,

Демейді қандай қазақ оны оң көзі.

Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,

Талассыз жеке дара торғай өзі...

Ақын өмір сүрген кезең XX ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкіністің, азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Профессор А.Еспембетов: «Таныстыру» - С.Торайғыровтың поэма жанрында тұңғыш талпынысы. Ақын уақыт талабына жедел жауап беріп, төңкеріс тұсында толқыған ел көңіліне ұялаған жұмбақ сауалдардың бірін өнер туындысы арқылы пайымдауды міндет еткен. Төңкеріс пен оның мәнін, бағыт-бағдарын ажырата алмай дел-сал күй кешкен жұртына елдікке бастар азаматтарды жарасымды тұр, жайнаған тілмен әдемі таныстырған. Сондықтан да «**Таныстыру**» поэмасы реалистік арнада жазылған, әлеуметтік іргелі мәселелерді жатықта, ұтымды формасын тауып бере білген шоқтықты дүниелер қатарынан орын алатындығына сенім мол» [1, 154б.], - дейді.

Оларды ұлт көсемдері – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар басқарды. Олар, елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына, мәдениетпен прогресске ұмтылуына жол салды. Сұлтанмахмұт осы идеяны жақтаушы болды. «Таныстыру» (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов ... бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым» антропонимдерін атайды:

...Тап осы біздің Семей облысының,

Көшбасшы адамдарын айтшы маған.

Поэмадағы антропонимдер: Әлихан, Әлихан Ермекұлы, Бөкейханов жеке қолданыста кездеседі, Потанин, Поштай, Шорман, Мұқыш, Жақып Ақбайұлы, Науан хазірет, Жанғали, Крылов, Нәзипа, Райымжан, Қасен Ақайұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Нұрғали Құлжанұлы, Абай, Шәкәрім, Толстой, Байтұрсынұлы, Обломов, Марсеков, Сабатаев Сатылған, Әнияр, Иманбек, Дүрманов;

Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен,

Келеді екінші боп бұл ретпен.

Қазақта мұндай жігіт көрмедім деп,
Ардақты қарт *Потанин* лепес еткен [35, 139б.].

Ешкімнің *Әлиханға* бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі
...Басында ол қарағым тұр ғой дәйім,
Тек ұзақ өмір берсең бір құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым [35, 139б.].

Ермеков бұл мінезге дұшпан кісі,
Тоқтайын енді бармай онан арман.
...*Халел* мен *Әлімханның* алда екені,
Биыл Семей съезінде-ақ болды мәлім [35, 140б.].

Онан соң *Ғаббасұлы Халел* мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза [35, 141б.].

Онан соң *Поштайұлы Мұқыш* келер,
Білмеймін халық аузы бұған не дер екен [35, 143б.].

Ұмыстпас бұл заманда *Поштай, Шорман,*
Әуелде қылығы жоқ халыққа оңған [35, 144б.].

Белгілі жақып мырза *Ақбайұлы,*
Қызмет қылар кісінің бұ да бірі...
Ақмола облысында *Науан* хазірет

Қосшұғылов үшеуінің пішіні жақын [35, 145б.].

Топонимдер: Семей, Том (Томск), Шілікті, Сарыадыр, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан, Ақмола.

Семей тұрсын, жеті облыс бір қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр қой өзі [35, 138б.].

Томдағы инженерлік сабағында,
Жетеді бір жылдан соң тамамына [35, 139б.].

Иесін көшіріп, қорасын салар ма еді?
Шілікті мен *Сарыадыр* деген жерінен [35, 144б.].

...Сонымен *Қарқаралы* түгенделіп,
Екі уез ел *Найманмен* қылар шартты.

Өскемен, Зайсан жағы айтты сонда,
Үш уездің кісісі тұр қой қолда [35, 147б.].

Ағашты, шымды жер аз *Сарыарқаңда,*
Оның өзін жат елдер алса керек.

Дәлел жоқ жерінді онша мақтайтұғын,
Әлде оның кеңдігі ме мақтайтының?

Ендеше, ұқтырайын *Сарыарқаның*
Кең болып ел көшіріп жатпайтынын:

Генонимдер: Найман;

Космонимдер: Ай, Шолпан;

Халел мен *Әлімханды ай* деп айтсақ,

Шолпандыққа жарйды ай қасында[35, 1496.].

Сөйтіп ұлт азаттықты ту етіп көтерген алашорда қозғалысы туралы ақының көзқарасы айқын. Оның басшылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды қайраткерлерді қазақтың айы, күні, шолпанына теңейді. Осы сияқты Ә. Ермаков, Х. Ғаббасов, Ш. Құдайбердиев, ерлі – зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сынды ұлтына адал қызмет етіп жүрген азаматтарға жақсы сипаттамалар беріген. Поэма жалғасы ұлт – азаттық күрес жолында қайраткерлік еткен Томск технологиялық институтының түлегі, математик, қазақтың тұңғыш профессоры, этнограф Г.Н. Потаниннен жылы лебіз алған Әлімхан Ермақұлы, Халел Ғаббасұлымен жүздесеміз.

Сұлтанмахмұт өзінің бұл туындысына қазақтың ұлы ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы да зор ілтипатпен сөз қозғай отырып, ақын кемеңгер сөзін, алып даналығын дәріптейтінін аңғартады:

Құдайберді баласы Шәкерім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында,
Ертеден бұл алашқа аты мәлім.
Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұттың түзеймін деп ант ұрғанын.
Бір жолмен *Байтұрсынов, Бөкейханға,*
Ақсақал бола алғандай осы кәрің...

Бұл алашордашылардың өмірі мен қайраткерлігі турасында құнды да бағалы мәлімет берер шығармада ағартушылық жолында еңбегі бар Нәзипа Құлжан келіні мен Нұрғали Құлжанұлына да лайықты орын беріледі:

Ардақты бар *Нәзипа* деген ханым,
Газет, журнал үзінде жұртқа мәлім.

Ақын «Таныстыру», «Айтыс» поэмаларында «Қобыланды», «Тарғын» библионимдерін қолданған:

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,

Абайды оқы, таңырқан, басысың шайқа [35, 2156.].

Қобыланды, қаз. Қаблан – ауыспалы мағ. Ер, ержүрек, батыр. Қазақ эпосындағы белгілі батыр есімі. Қысқартылып Қобылан, Қоблан деп айтылады. [12, 956.].

Абай, қаз. Ел ағасы. Абай есімінің мағынасы әр түрлі. М.Әуезов «Абай» сөзін абайлағыш, байқағыш, ойшылдеп түсіндірсе, қазақ совет энциклопедиясында : Абайдың шын аты Ибраһим, кейіннен анасы еркелетіп Абай деп кеткен – дейді. Бұл есім қазір халық арасында жиі қойылады. [12, 206.]

Негізгі арқау болған Әлихан Бөкейханұлы, Халел Досмұхамедұлы есімдерін жүйелі қолдана отырып, алашордашыл ардың өмірінен көріністі шынайы суреттеген.

«**Кім жазықты**» романындағы ономастикалық кеңістік:

Тасболат, араб тілінде – тас пен болаттай мықты, өмірлі болсын деген тілекпен қойылған есім [12, 136б.]. Байбол – бала ауқатты бай болсын деген тілекпен қабылданған есім [12, 42б.]. Жақан, иран есімі - Джэхан- дүние, әлем, шартарап дегенді білдіреді [12, 76б.]. Әжібай , көне түркі әжі- аға+бай. Бұл әжі өзі біріккен тұлғалы кісі есімдерінің құрамында қолданылып, кейде қажы, әжі түрінде жиі кездеседі. Ондай біріккен тұлғалы есімдер – Әжібек, Әжіғали, Әжігерей, Әжімұқамбет. Еркелете қысқартып айту тұлғалары – Әжікен, Әжтай, Әжік [12, 37б.]. Жәмилә, араб тілінде Жамил – 1) әдемі, тамаша, көркем, сұлу; 2) сүйкімді, ажарлы. [12, 170б.] . Жақып, ар. яғқуб – табанды, қарсылық білдіретін, үндемейтін. 2) айлакер, қу; 3) егіздің сыңары. Біріккен тұлғалы есімдер – Жақыпбай, Жақыпбек, Жақыпқан. Еркелете қысқартып айту тұлғасы – Жақай [12, 76б.]. Жүсіп, көне еврей тілінде Иосиф – 1) көбейсін, көп болсын. 2) әдемі, жақсы. Біріккен тұлғалы есімдер – Жүсіпбай, Жүсіпбек, Жүсіпжан, Жүсіпқан, Жүсіпқали, Жүсіпқожа, Жүсіпақын. Фонетикалық өзгеріске түскен түрлері – Түсіп, Нүсіп, Нұсып [12, 84б.]. Жаңғабыл, ир. Джон – ар. Қабыл, жан біткеннің қабілеттісі. Қабілетті адам [12, 78б.]. Садық // Сыдық, араб тілінде – 1) шын, адал , таза, ашық; 2) сенімді адал дос. [12, 124б.]. Кәмилә, Күлтай есімдері иран есімі, гүл – гүлге ұқсас, нәзік. Әнуар, арабтың нұр сөзінің көпше түрі. Мағынасы – нұрлы, ең жақсы, жарық, жарқыраған. Біріккен тұлғалы есімдер – Әнуарбек, Әнуархан [12, 39б.]. Айша, араб тілінде Гайшә – көне еврей тіліндегі Айше ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар. Түрлері – Ғайша, Қайша [12, 155б.]. Зықыш – әдеби поэтоним. Зылиха, араб тілінде Жасы кіші, туыс, қарындас. Дыбыстық өзгеру түрі – Зілиха, Зүлиха [12, 172б.]. Ырысты , бақытты, құтты. [12, 191б.]

«**Айтыс**» поэмасында негізінде топонимдер көп:

Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық,

Арасын қоныс қылдым ірге жайып

...Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,

*Бір кезде *Европаңды* тітіреткен.*

Кіргені есік, шыққаны тесік болып,

Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.

*Кешегі хан *Шыңғыстың* ұрпағына*

Талай царь, талай князь тәжім еткен [35, 203б.].

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,

Сарыарқа, Сарыдала туған жерім.

*Сол түтін өртенгені *Сар Даланың,**

Байлығың жақсы жерің қолдан келер [35, 232б.].

Мың «*Париж*», жүз «*Мәскеудің*» керегі жоқ,

Басымда тұрар болса осы қалып [35, 220б.].

Тауың бар ма *Оралдай* алтынға бай...

Кавказдай бұлақ болып нефть аққан [35, 231б.].

Антропонимдер: Мекапар – тілмаш орыс, Меке деп те кездеседі, Маркс, Абай, Бұқар, Жанак, Шөже, Орынбай, Ахмет, Міржақып, Мағжан.

Мекапардың сөзінен мені танып,

Билік айтар сотың да сот-ақ екен.

Өндірем деп *Мекеңе* жем болғанша,

Қазақ жесін: түбінде қазақ жақын [35, 207б.].

Төртінші, бесіншіде *Марксіңнен*,

Өмірді ұғынуда кеткен әрі [35, 215б.].

Кешегі Бұқар жырау, Жанак ақын,

Шөже, Орынбай халыққа жайған даңқын.

Ахмет пенен Міржақып әм Мағжан,

Алты алаштың баласы біледі атын [35, 216б.].

Теоним: Құдайым;

Ақынның көп айтыс, күдік тудырған өлеңінің бірі «Ғайса кім?». Ғайса сөзінің түп төркіні Иисус Христос бола тұра, мұсылмандардың бәрі мұны әділдік, шапағат иесі деп түсінеді. Оның ар жағын этимологиялық түбірден іздеп жатқан ешкім жоқ. Олай болса, Ғайса ақынның түсінігінде, бақыт, ізгілік. Басқа ештеме де емес. Сұлтанмахмұт мұрасын зерттеуші А. Еспембетов де «Халық ұғымына әбден сіңген әділдік пен адамгершілік хақындағы түсінік «пайғамбар Ғайса» атымен байланысты болған. Тыңдаушысын ескерген Торайғыров жаңалықты, жақсылықты жырлағанда, Ғайсаны әділдіктің символы етіп алған» дейді [40, 46б.].

С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңінде қаһарман Рүстем, Әли деп батыр есімдерін қолдануы оған қарсы қандай мықты күш болса да білім-ғылымға құштарлық күшін білдіреді. «Өмірімнің уәдесі» өлеңінде өзін:

Бұл бәйгеде *Махмұттың*

Азбаны келер арқырап [35, 236б.] – еркелетіп атайды.

«Қыз сүю» өлеңінде: Бар еді *Жарқын* атты бір бай кісі,

Мырзеке деген атқа қолы жеткен.

Бар еді *Жарқын* байда 3-4 бала,

Оларға байлық тұрса, шірку қайда?

Гүләйым ұлдан үлкен жалғыз қызы

Ұқсайды көркемдігі туған айға [35, 237б.].

Ақынның «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» өлеңінде:

Лепес қып түкірген соң молда *Мұқан*

Қаламды шын беріліп алдым берік...

Тортайдан екі жылдай сабақ алдым... [37, 46б.].

«Жан қайда әділетті іздейтұғын» деген өлеңінде:

Соның бірі *Халима* – молда қызы,

Бетке шықпай көмілген жүрек сызы.

Халиолладан Жақыпты артық көріп,

Сүйгені таң қаламын қандай пішін [37, 66б.].

«Оқуда мақсат не» өлеңінде: Оқуда мақсат не. Медреседе жату ма,

Бекі нұсқа бақастарды татуға;

Қанша жыл *Хашия* мен *Мантық* шайнап,

Керілдесіп шатуға.

Көп жатып, «хатымкер» атын алып,

Елге апарып сатуға [37, 106б.].

Жақсы тұқым шашуға,

Дария Нілдей тасуға [37, 116б.].

Ақын Ніл топонимін «Анау-мынау» өлеңінде де молшылық ұғымы ретінде қолданған:

Мені жақсы көрді деп,

Абы Нілдей тасарлар [37, 146.].

«Қ-ға сәлем», «...ға сәлем», «М-ға сәлем», «Ж...» өлеңдері ақынның өз жүрегіне дерт салып, ынтызар еткен аруларға арналады. Бұл өлеңдерде ақынның сұлулық сымбат, әсемдік әлем, әдемі көрік жайындағы түсінігі көрінеді.

Ұлттық ойын атаулары бүгінде ұмыт болған этнографизмдер қатарын құрайды. «Этноатаулар көркем шығармада тіл мен мәдениеттің ғана байланысын көрсетпей, оқырманға ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Ақын шығармаларында заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан, ұлттық болмысты көрсетіп лингвомәдени бірліктер болса, екінші жағынан белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрады.

Сұлтанмахмұттың «Сарыбас» өлеңінен Сарыбас деген кедейдің бейнесін киім-кешек атаулары кездеседі.

Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық *дамбал*,

Кір *көйлек*, қомыт *күпі*, *шидем шалбар*,

Киім-кешек, мата атаулары – ұлттық мәдениеттің ерекшелігін танытады.

Ж.Манкеева: «Киім - кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанатты жарасқан қазақтың киім ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі» [39, 222б.],-деп көрсетеді. Бірінші кезекте бұлар кейіпкерді даралау мақсатында жұмсалады. Шығармадағы қаһарманның киім киісі тұрмыс тіршілігінен хабардар етсе, кейде олардың өзіндік ерекшеліктерінің кейбір қырларын да ашады.

С.Торайғыров шығармаларының ономастикалық кеңістігі

№	Онимдер	Поэмалары				
		Қамап сұлу	Кедей	Таныстыру	Кім жазықты	Айтыс
1	Антропоним	12	8	25	12	10
2	Топоним	2	4	8	-	9
3	Теоним	4	-	1	-	1
4	Этноним	2	1	-	-	-
5	Ороним	-	-	-	-	-
6	Космоним	-	-	2	-	-
7	Гидроним	-	-	-	-	-
8	Библионим	-	-	-	-	-
9	Фитоним	-	-	-	-	-

10	Зооним	-		-	-	-
11	Катойконим	-	-	-	-	-
12	Хреватоним	-		-	-	-

Ақын шығармалары халқының, елінің өмірін, өзі өмір сүрген заман тынысын, шынайы суреттейді. Ақын антропонимдер мен топонимдерді поэмаларында кеңінен қолданады. Оның шығармаларындағы тірек антропонимдер: Қамар, Ахмет, Нұрым, Омар, Оспан, Тасболат, Әжібай, Жұқып, Сарыарқа, Семей.

Сұлтанмахмұт шығармаларында ономастикалық бірліктер өз қызметінде жұмсалып, оқиғалардың уақытын, кеңістігін айқындауда маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

С.Торайғыров, И.Байзақов, М.Әлімбаев шығармаларында қазақ халқының өткен ғасыр басындағы рухани өмірі мен күнделікті тұрмысы, этнографиялық ерекшеліктері суреттелген.

XX ғасырда лингвистика ғылымының дамуы тіл бірліктерін зерттеудің жаңа аспектілерінің пайда болуына ықпал етті. Олардың арасында көпшілігі тілді мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде, мәдени маркерленген тіл бірліктерін жете түсінуге арналған. Семиотикалық таңбалар ішінде антропонимикалық лексика өзгеше орынды алады. Антропонимикалық лексиканың мынадай ерекшеліктері бар:

1) жеке есімнің семантикалық әлеуеті жалпы сөздер семантикасынан айқын ерекшеленеді. Негізгі айырмашылық есімнің таңбаланушымен байланысу тәсілінен көрінеді. Антропоним, жалпы сөздер сияқты семантикалық құрылымның үш компонентінен тұрады, бірақ оларды пайымдауда өзіндік ерекшеліктері бар. Жеке есімнің денотаты – жеке субъект. Антропонимикалық лексиканың біршама ұғымдық мазмұны болады, жалпы сөздің сигнификаттық компонентінен айырмашылығы - есім туралы түсінікті көрсетуі. Семантикалық құрылымның коннотаттық компоненті антропонимдерді нормативті және нормативсіз қолдануымен көрініс тапқан. Егер бірінші жағдайда коннотация сөзтудырушылық аспектіде көрінсе, ал екіншісінде – есімнің коннотатты компоненті прецедентті есімдерде көрінеді;

2) тілде антропонимдердің қызмет ету аясы кең. Жанама референциядан тыс қолдану үрдісі кезінде антропонимдердің жалпы сөздерге тән қасиеттерге ие болу сипаты бар;

3) Антропонимдік лексика тілдің оқшау дамыған жүйесі болып табылады. Антропонимдік лексика қалыптасуының жалпы лексикадан

айырмашылығы - сөз тудырушы және грамматикалық құралдардың шектеулі қатарының қолданылуында. Сондай-ақ ат қою рәсімінің семантикасы мен уәжі ұлттық контексте талдау кезінде тілдің антропонимдік жүйесінің айырым ерекшеліктерін анық көрсете алатын дыбыстық бейнесі арқылы да сипатталады. Ерлер мен әйелдер есімдері қатарында жиі кездесетін негізгі лексикалық қордың буын құрылысына қарағанда антропонимдердегі таңдай үндесуінің рөлі, буын құрылысы, белгілі бір басты элементтердің өте белсене араласуы антропонимдік лексика сипатын тілдің жалпы лексикалық қорынан ерекше, спецификалық түрде анықтайды.

Қазақ тілінің антропонимикасы түркі-қазақ дамуының негізгі мәдени-тарихи кезеңдері ізін қалдырған аса күрделі құрылым болып табылады. Қазіргі қазақ антропонимиясы түркі-қазақ, шығыс, орыс және еуропалық лингвомәдени дәстүрлерін жинақтап, өзгере отырып олардың ықпалымен дамиды да.

Қазақ антропонимдік жүйесінің әрі қарай дамуы үшін қор болып табылатын түркі-қазақ ат қою рәсімі анимистік және тотемдік көзқарастар негізінде қалыптасады. Антропонимдер мен есім тудырушы компоненттердің бір бөлігі эволюция кезеңінде: антропоним дамуының кейінгі кезеңдерінде басыңқыдан (доминанттық) тура денотаттық мағынадан – метафоралық, ассоциативтік мағынаға ие болатыны түркі-қазақ антропонимиканың даму үрдісінде байқалады. Исламға дейінгі ат қою кезеңінде түркі-қазақ есімдерінің семантикасында байланыс орныққан: «денотаттық мағына – ассоциативтік мағына – семиотикалық мағына/таңба». Түркі есімдерінің өздеріне сәйкес апеллятивпен нақты семантикалық байланысы біртіндеп жоғалды. Есімдер бойынан көрінетін ойлаудың архаикалық формалары келмеске кеткен жоқ, олар қазіргі халықтың психикасында біршама өзгерген нұсқалармен кездеседі. Архаикалық түркі-қазақ есімдерінде бейнеленген мифологиялық наным-сенімдердің қазіргі ұлттық ономастикон дамуының кезеңдерінде де сипатталатынын есімдер талдауы көрсетті.

Көне түркі дәстүрінің жалғасы қазіргі қазақ антропонимиясының лингвистикалық құрылымында да байқалады. Көбінесе, есімдердің екі, үш буынды құрылымдық ұйқасы, есімтудырушы модельдер, азкомпоненттілік, туынды есімдердің тұтас құрылымы сияқты ерекшеліктер өз бастауларын көне түркі есім сөздерінен алады. Қазіргі өнімді антропонимдік модельдерді қарастыру қазіргі қазақ тіліндегі күрделі есімдердің көне түркі есім тудырушы дәстүрлері бойынша жасалған деген қорытындыға әкелді.

Шығыстық ат қою дәстүрі түркі-қазақ қоғамына ислам дінін қабылдаумен бірге ене бастады. Антропонимдік кеңістікте мұсылман есімдерінің таралуы бірнеше кезеңдерден өткендігі шығыстық дәстүрдің тамырын тереңге жайғанын айқындайды.

Қазақ есімнамасының лингвистикалық құрылымында шығыстық дәстүрдің ықпалынан түркі-қазақ антропонимиканың ертедегі кезеңдерінде орын алған фонетикалық нұсқалар дамыды. Қазақ тілінің антропонимиконда род категориясын айқындау грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы іске асырылады. Егер лексикалық құралдар

арқылы род категориясын айқындау түркі-қазақ антропонимиясы қалыптасуының ерте кездерінде орныққан болса, онда бұл үрдістерде грамматикалық құралдарды қолдану - шығыс дәстүрлері енуінің нәтижесі.

Жергілікті ақындар тілінің ономастикалық кеңістігі нақты тарихи оқиғаларға негізделген. Иса Байзақов поэмаларында негізінен топонимдер, ал С.Торайғыровта антропонимдер көп өрілген. Ақын Мұзафар Әлімбаевта прецедентті есімдер, өміршеңдігі бар есімдер қатарынан көрініс тапқан. С.Торайғыровта екі компонентті есімдер жиі кездеседі. Ал М.Әлімбаев шығармаларының ерекшелігі теонимдер өте аз, қазіргі заманғы есімдер көп, бұл ақынның өмір сүрген заманындағы ономастикалық кеңістік аясын көрсетеді.

Халқымыздың қазіргі антропонимиясының қалыптасуында экстралингвистикалық факторлардың маңызы зор. Зерттеу барысында антропонимдік кеңістікке жаңа лексикалық бірліктердің қатысуы бұдан көп ғасыр бұрын ат қою рәсімінің негізгі уәждері бойынша жүзеге асатындығы анықталды. Орыс және батыс мәдениетінің антропонимдік таңбаларының енуі әрқайсы лексикалық, фонетикалық және құрылымдық аспектілі ерекшеліктерге ие бірнеше кезеңдерден (есімнің құрамында дыбыстардың жаңа үндесімі пайда болды, орыс тілінің акцентологиялық ерекшеліктері мен есім тудырушы бөлшектері енгізілді) өтті. Орыс және батыс мәдениетінің ықпалымен ат қою жаңаша жүзеге асты.

Қазіргі қазақ антропонимиясы үш бағытта дамып келеді:

- біріншіден, антропонимдік жүйенің дамуына негізге алынатын түркі-қазақ дәстүрі жаңа семантикалық және функциональдық күшімен толығы отырып жалғасып келеді;
- екіншіден, ислам дінінің қабылдауына байланысты қазақ ұлттық кеңістігіне енген шығыс дәстүрі жаңа бағыттармен дамып келеді;
- үшіншіден, халқымыздың ат қою рәсімі ұлттық дәстүрмен қоса орыс және орыс тілі арқылы енген еуропалық дәстүрмен жинақталған түрде белсенді дамып келеді.

Халқымыздың әр түрлі лингвомәдениеттердің дұрыс жақтарын пайдалану және бейімдеу арқасында тарихи дамудың қиын кезеңдерінде халықтың тарихын есте сақтап, осының негізінде ұлттық дәстүрлер орнығып әрі қарай дамып келеді. Халық жадында сақталатын мәдени және тілдік кодтар ерте кездің дәстүрін қайта жаңғыртуда маңызды роль атқарады, бірақ әрбір тарихи кезеңде лингвомәдени дәстүрлер мен басқа да қосымша факторлардың әсері байқалады. Қазіргі қазақ антропонимиясында аталған мәдениеттер тығыз байланысты және әлемнің антропонимдік бейнесін қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ахметжанова З.К., Мусабекова У.А. Антропонимы русского и казахского языков: функциональная мотивация. - Алматы: КазУМОиМЯ, 2006. – 128 с.
- 2 Жанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Ғылым, 1982. – 176 с.
- 3 Жанузаков Т.Д. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореф. дис. ...канд.фил.наук. – Алма-Ата, 1961, с. 19
- 4 Жанузаков Т.Д. Обычаи и традиции в казахской антропонимии// этнография имен. – М.: Наука, 1971, с.230
- 5 Досжанов Б.Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер. фил. ғыл. канд. дисс. авторефераты.-Алматы, 2005. - 24 б.
- 6 Жанузаков Т.Д. Тюркская ономастика в СССР. Перспективы развития: Научно-аналитический обзор(отв.редактор Ш.Ш.Сарыбаев). - Алма-Ата: Ғылым, 1970. – с.243
- 7 Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис: монография/Под ред.З.Кабдулова.-Алматы: Қазақ университеті, 1999
- 8 Жаналина Л.К. Номинация и словообразовательные отношения. - Алма-Ата: Ғылым, 1990. – с.243
- 9 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. - Алматы: ХОЗУ СМ КазССР, 1965. – 145 б.
- 10 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965. -138 б.
- 11 Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары// Дисс. ...докт.филол.наук. – Алматы, 1976, 363 б.
- 12 Жанұзақов Т.Д. Ваше имя? Казахско-русский толковый словарь имен. – Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 192 с.
- 13 Жанұзақов Т., Есбаева К. Қазақ есімдері (Анықтама-сөздік).– Алматы: Ғылым, 1988. – 480 б.
- 14 Керимбаев Е. А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном, функциональных аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
- 15 Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен. Автореферат ...докт.филол.наук. Алма-Ата, 1992, с.61
- 16 Қазақ тілінің сөздігі. Ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- 17 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Ред.бас. А.Ы. Ысқақов). – Алматы: Ғылым, 1974. – 198 б. Т. 1, 3, 7.
- 18 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы: Рауан, 2000. – 282 б. Т. 27 Әдебиет және лингвистика.
- 19 Қазақ тілі: Энциклопедия/бас.ред. Ә.Т. Қайдар. – Алматы: «ІДК-ТІРО», 1998. - 508 б.

- 20 Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. Алматы, 2000. – 154 б.
- 21 Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997.- 1 т. – 590 б.
- 22 Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997.- 2 т. – 528 б.
- 23 Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1989.- 3 т. – 600 б.
- 24 Мадиева Г.М. Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. -152 с.
- 25 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі өлі түбілер туралы. - Қазақ тілі мен әдебиеті, 1974, - 4-ші рет шығуы.
- 26 Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 159с.
- 27 Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика (Источники формирования, особенности функционирования, структурные типы и смысловые модели). АДД. - Алматы, 1998.
- 28 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. 304 б.
- 29 Сыздықова Р.С. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. 191 б.
- 30 Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. Теория и методика ономастических исследований.- М.:Наука, 1986. – 256 с.
- 31 Тіл білімі сөздігі/ Словарь по языкознанию/Ред.бас. Э.Д. Сулейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 543 с.
- 32 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 280 б.
- 33 Байзақов Иса. Аспандағы аққуға ән қосайын: Таңдамалы. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 248б.
- 34 Әлімбаев М. Ақмандайлым: Таңдамалы. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 228б.
- 35 Торайғыров С. Романдар, поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Атамұра: 2002. – 240б.
- 36 С.Иманбердиева. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIVғ.ғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. -378б.
- 37 Торайғыров С. Таңдамалы: поэма. – Павлодар: ЭКО: 2011. – 192б.
- 38 Әлімбаев М. Екі тақтай – бір көпір: Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертекттер. – Алматы: Балауса, 1992. – 192б.
- 39 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356б.
- 40 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. - Алматы: Ғылым, 1992. – 200б.
- 41 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. -Алматы: Ана тілі, 1996. -340 бет.
- 42 С.Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Ғылым, 1993. – 200 бет.
- 43 И.Байзақов. Құралай сұлу. –Алматы: Атамұра, 2007. -192 бет.